

Қазақ спорт және туризм академиясы

ӘОЖ: 796:37.015.3

Қолжазба құқығында

КОЛДАСБАЕВА БАГИЛА ДЖУМАБАЕВНА

**Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық
әлеуетін дамыту**

6D010800 – Дене шынықтыру және спорт
«8D014 – Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды
даярлау»

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу
үшін дайындалған диссертация
ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚЕК
ескертулерін ескере отырып пысықталған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
PhD докт., қауымдаст. проф.
Дошыбеков А.Б.

Шетелдік ғылыми кеңесші
PhD докт., проф. Мехмет Гунай
(Анталия қ., Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
АНЫҚТАМАЛАР	5
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	6
КІРІСПЕ	7
1 БОЛАШАҚ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАНЫНЫҢ АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ – ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	20
1.1 Жоғары мектепте мамандарды даярлау үрдісінде акмеологиялық амалды дамыту.....	20
1.2 «Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуеті» ұғымының мәні мен құрылымы.....	33
1.3 Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың әдіснамалық тұғырлары мен қағидалары.....	43
1.4 Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың моделі.....	52
Бірінші тарау бойынша тұжырым.....	64
2 БОЛАШАҚ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАНЫНЫҢ АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТЕНДЕНЦИЯЛАР	66
2.1 Дене мәдениеті және спорт саласындағы цифрландыру	66
2.2 Дене мәдениеті және спорт саласындағы инновациялық даму.....	74
Екінші тарау бойынша тұжырым.....	83
3 БОЛАШАҚ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАНЫНЫҢ АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАРЫ	84
3.1 Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың диагностикасын ұйымдастыру.....	84
3.2 Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту әдістемесі.....	92
3.3 Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту әдістемесінің тиімділігін эксперименттік негіздеу.....	105
Үшінші тарау бойынша қорытынды.....	124
ҚОРЫТЫНДЫ	126
ПРАКТИКАЛЫҚ ҰСЫНЫСТАР	129
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	131
ҚОСЫМША А - Енгізу Акті.....	149
ҚОСЫМША Ә - Енгізу Акті.....	150
ҚОСЫМША Б - Енгізу туралы Куәлік	151
ҚОСЫМША В - Жауапкершіліктің экспресс-диагностикасы" тесті (ЖЭД).....	152
ҚОСЫМША Г - Шуберт тәуекеліне дайындық дәрежесін диагностикалау әдісі.....	153

ҚОСЫМША Ғ - Импульсивтілік деңгейін зерттеуге арналған сауалнама В. А. Лосенкова.....	155
ҚОСЫМША Д - Мансап зәкірлері" карьерасындағы құндылық бағдарларын диагностикалау әдістемесі (Э.Шейн, В.А.Чикердің, В.Э. Винокуровтың аудармасы және бейімделуі).....	159
ҚОСЫМША Е - Мақсатқа жету қажеттілігін бағалау шкаласы (Орлов Ю.М.).....	162
ҚОСЫМША Ж - Студенттердің зерттеу қызметіне теориялық-әдіснамалық дайындығын өзіндікбағалау әдістемесі (Рындина Ю.В.)..	164
ҚОСЫМША И - Дәрістер кешені.....	166
ҚОСЫМША К - Google Jamboard тақтасы	178
ҚОСЫМША Қ - «Google Jamboard» тақтасы	189
ҚОСЫМША Л - «Mindmeister» платформасы.....	180
ҚОСЫМША М - «Mindmeister» платформасы	181
ҚОСЫМША Н - «Mindmeister» ресурсы	182
ҚОСЫМША Ң -«Learning Apps» тақтасы	183
ҚОСЫМША О - «Learning Apps» платформасы... ..	184
ҚОСЫМША Ө - «Miro» платформасы.....	185
ҚОСЫМША П - «Miro» платформасы	186
ҚОСЫМША Р - «Learning Apps» платформасы.....	187

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертацияда қолданылған стандарттар:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 27 шілде 2007 жыл, №129-VII ЗРК (соңғы өзгерістер мен толықтырулар 27.06.2022 ж.)

Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт туралы Заңы (2021 жылғы 11 мамырдағы, № 65-VI өзгерістер мен толықтырулармен).

Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №251 қаулысы.

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI «Мұғалім мәртебесі туралы» Заңы

«Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасы ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №725 қаулысы.

ГОСТ 7.32 – 2001. Ғылыми-зерттеу жұмыс туралы есеп. Құрылымы және рәсімдеу ережесі.

ГОСТ 7.1 – 2003. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастыру ережелеріне қойылатын жалпы талаптар мен талаптар.

МЖБС Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білімі министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығына 1-қосымша.

«Педагогтің кәсіби стандарты» «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, 2017 жылғы 8 маусымдағы №133 бұйрығы.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы.

«Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік іргетасы» атты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2021 жыл 1 қыркүйек.

«Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2022 жыл 1 қыркүйек.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертацияда өзіндік анықтамаларына ие келесі терминдер қолданылады:

Акме – тұлғаның шарықтау шыңына жетудегі ең жоғары нүктесі, оның барысында тұлғаның ересектік деңгейі, ең жоғары жетістіктері, мүмкіндіктері мен әлеуетінің жоғары дамуы өз ересек шағымен толық сәйкес келу құбылысы [1].

Акмеолог – адамның кәсіби және тұлғалық дамуын акмеологиялық негізде қамтамасыз ететін, өзіндік іс – әрекетті қамтамасыз ететін, психологиялық даярлық бағыты бар маман [2].

Педагогикалық шеберлік – оқу мен тәрбие өнері ретінде, тұлғаның мүмкіндіктерін, негзгі сапаларын, дүниетанымын жан – жақты дамытатын оқу – тәрбие жұмысының барлық түрлерін бағдарлайтын кәсіби дағдылар [3]

Профессионал – кең мағынада бұл қызметтің кәсіби деңгейінің жоғары көрсеткіштеріне, жоғары кәсіби және әлеуметтік мәртебесіне, қарқынды дамып келе жатқан тұлғалық және қызметті нормативтік реттеу жүйесіне ие кәсіби қызмет субъектісі; ол өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге, әлеуметтік оң мәнге ие жеке және кәсіби жетістіктерге үнемі назар аударады [4].

Кәсіби құзыреттілік – маманның негізгі құзыреттілігі ретінде кәсіби іс-әрекет көптеген түрлерін (кәсіпке деген тұтас қатынас, тұлғалық қатынас, тұжырымдамалық қатынас, өз әрекетін бағалау, қызметтер мен міндеттерді орындау кезіндегі технологиялық, кәсіби этика, өзіндік даму, өзіндік түзету, өзін – өзі ұйымдастыру амалдарын игеру) іске асыруға мүмкіндік беретін құрылым [5].

Акмеологиялық әлеует – құндылық, мотивациялық, рефлексиялық, бағалаушылық, когнитивті, операциялық құрамдас бөліктерді өз бойына топтастырған динамикалық жүйе. Акмеологиялық әлеует тұлғаның ерекше қасиеттері, қабілеттері, алғышарттары, мүмкіндіктері болуын қамтамасыз етеді [6].

Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуеті – саналы түрде кәсіби және тұлғалық өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі тәрбиелеудің жоғары деңгейіне жетуге даярлығы, үздіксіз өзін-өзі дамытуға ұмтылысы, рефлексиялық құзыреттілігі, әрбір білімалушының табысы мен денсаулығын қамтамасыз ету үшін гуманистік көзқарасқа негізделген өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі реттеу стратегиясын, құралдарын, тетіктерін меңгеруі [7].

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚазСТА	-	Қазақ спорт және туризм академиясы
АӨМУ	-	Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
БТ	-	Бақылау тобы
ЭТ	-	Эксперименттік топ
ДШЖС	-	Дене шынықтыру және спорт
СӨЖ	-	Студенттің өзіндік жұмысы
СОӨЖ	-	Студенттің оқытушымен өзіндік жұмысы
H_0	-	Нөлдік жорамал
H_1	-	Балама жорамал
P	-	Айырмашылықтар сенімділігінің деңгейі
χ'	-	Жиынтықтың орташа арифметикалық шамасы
s^2 немесе	-	арифметикалық мәннен ауытқу дәрежесін анықтау
SD	-	белгісі
s немесе SE	-	іріктеудің таралуын сипаттайтын мән, өлшемді іріктеуден есептелетін таңдаманың орташа стандартты ауытқуы
t	-	Студенттің критерийі
f	-	Еркіндік дәрежесінің саны $f=n-1$ ретінде есептеледі.
z	-	Уилкоксонның t – критерийінің стандартталған мәні
НҚА	-	Нормативті құқықтық актілер
ҒЗЖ	-	Ғылыми зерттеу жұмыстары

КІРІСПЕ

Зерттеу өзектілігі. Жаңа тұрпатты мамандарды даярлау мәселесі әр сала бойынша үздіксіз жаңаруды қажет ететін мәселелердің бірі, маман бойындағы жаңа міндеттемелер мен сапалы кәсіби білім оның негізгі көрсеткіштері бола алады. Ізгілік ортасына негізделген жеке тұлғаға бағдарланған білім құндылығы аса өзектілігімен ерекшеленеді. Кәсіби орта мен өмірдегі жеке мүмкіндіктері арқылы бәсекеге қабілеттілік, кәсіби құзыреттіліктің жоғары деңгейі, интеграциялық және сабақтастық негізінде бағдарланған кәсіби іс - әрекет, кәсіби іс - әрекет үдерісінде үнемі кәсібиліктің жоғары шыңына ұмтылыстың болуы, әлеуметтік белсенділік, кәсіби ұтқырлық сынды өзекті талаптар заманауи мамандарға қойылған міндеттемелердің бастылары. Берілген талаптар сапалы негізде тұлға бойында қалыптасуы үшін, арнайы білім беру ортасы тұлғаның өзіндік даму, өзіндік тәрбие, өзіндік жетілдіру, өзіндік білім алу, өзіндік орнын анықтау сапаларын қамтамасыз етуі қажет. Аталған талаптар мен арнайы ортаның болуы тұлғаның акмеологиялық бағдарын, акмеологиялық әлеуетінің дамуы, акме деңгейінің шыңына жету мүмкіндігін арттырады. Осы орайда, болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының дайындық ортасын акмеологиялық бағдарда құру өзектілігі айқын екенін көреміз.

Сонымен қатар, мемлекетіміздің стратегиялық - заңнамалық құжаттарында маманның, соның ішінде болашақ маман - педагогтардың кәсібилігін дамыту мәселесі қарастырылған. Мәселен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында кәсібилік, біліктілік, шығармашылық заманауи маманның кілттік сапалары болуын алға тартады. Атап айтсақ, 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында «Білікті мамандар даярлауымыз қажет...Қазіргі заманда азаматтардың шығармашылық әлеуетіне және зияткерлік капиталына арқа сүйейтін «креативті өндіріс» дамыту қажет» - деп стратегиялық міндет жүктесе [8], 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында: «Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы қажет...Жастар нақты бір мамандықтың қыр - сырын жетік білуге ұмтылғаны жөн. Өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болады» - деп басымдық бағыт анықтаған [9], ал 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік іргетасы» атты Жолдауында: «Білім беру жүйесіне ынталы және білікті мұғалімдер қажет. Өйткені, олар жаңа білімнің тасымалдаушысы, нағыз ағартушы болуы керек. Министрліктің міндеті – жоғары білім беру сапасын арттыру. Университеттер кадрларды дұрыс дайындау үшін жауапкершілікте болуға міндетті» - деп айқындаған [10].

Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2017 жылғы 8 маусымдағы №133 «Педагог» кәсіби стандартында заманауи мұғалімге жаңа талаптар қойылған: «Мұғалім жұмысының күрделілігі оның «адам-адам» кәсіп түріне жатуымен байланысты. Педагогикалық іс-әрекет – бір адамның екінші адамға тікелей әсері емес, олардың өзара әрекеті. Сондықтан,

мұғалім іс-әрекетінің объектісі педагогикалық процесс, ал оқушы әсер ету объектісінен іс-әрекет субъектісі позициясына көшеді.

Осының негізінде мұғалім мамандығының құндылықтары анықталады:

- оқушының жеке басын, оның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу;
- басқа наным-сенімдерге, дүниеге көзқарастарға, әдет-ғұрыптарға төзімділік;
- мәдени әртүрлілікке ашықтық;
- икемділік, бейімділік, эмпатияға қабілеттілік;
- тұлға, тіл және қарым-қатынас құндылықтарын түсіну;
- өздігінен білім алу, аналитикалық және сыни тұрғыдан ойлау дағдылары;
- коммуникация және тілдік дағдылар;
- ынтымақтастық дағдылары, қақтығыстарды шеше білу» [11].

«Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасының төртінші бағыты бойынша «...Саламатты өмір салтын ұстанатын халықтың үлесін арттыру және бұқаралық спортты дамыту...» деп көрсетілген, әрбір жеке тұлғаның өмір әрекетінде, кәсіби іс – әрекетінде толық негізде қалыптасып, өзіндік дамудың ең жоғары шыңына жетуі үшін, ең басты күш – қуат, ішкі тұтқа денсаулықтың мықты болуы маңызды. Осы орайда еліміздің әлеуметтік – экономикалық деңгейде нығаюының басты көрсеткіші интеллектуалды дамыған тұлға мен салауатты өмір салтын ұстанушы тұлға десек қателеспейміз, себебі қоғамның ең басты ресурсы, ең негізгі құндылығы ол – адам өмірі. Ал сол құндылық ретінде танылған адамның өзіндік дамуына жағымды әлеуметтік және экономикалық негізде қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету мемлекеттік басқару мекемелерінің құзырындағы басты міндеттемелердің бірі болады [12].

Диссертациялық зерттеу жұмысы ҚР НҚА және ҒЗЖ өзекті міндеттемелеріне сәйкес орындалған:

- «Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 251 қаулысында - ұлттық дене шынықтыру және спорт саласын жан – жақты дамытуда ең алдымен құзыретті педагог – жаттықтырушы – тәлімгер даярлығы қажеттілігі көрсетілген, себебі спорттағы сауықтыру үдерісі және жетістіктер тікелей дене шынықтыру және спорт даярлық мекемесі құзыреттілігіне байланысты орын алады [13].

- Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысында айқын әлем нарығында бәсекелестікке ықпал ететін өзіндік даму қажеттілігі берік, біліктілігі жоғары маман даярлығының қажеттілігі көрсетілген [14].

- 2018-2021 оқу жылында ҚазСТА «Дене мәдениеті және спорт теориялық негіздері» кафедрасының ҒЗЖ жоспарына сай дене шынықтыру және спорт саласында кәсіби оқыту үдерісін жаңғырту қажеттілігі көрсетілген [15].

Сонымен қатар, қазіргі заманғы техника мен технологияның жоғары деңгейі, өндіріс қарқындылығының үнемі артуы және қазіргі өмірдің қарқыны жоғары оқу орны студенттерін болашақ кәсіби іс-әрекетке дайындаудың тиісті деңгейін талап етеді. Студенттер тек іргелі білім мен кәсіби құзыреттіліктерге ғана емес, сонымен қатар кәсіптік қызметке жарамдылығын анықтайтын, жұмыс берушілердің сапалы жаңа талаптарына жауап беретін және болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін тұрақты тұлғалық, субъективті, жеке және дене қасиеттерінің жиынтығына ие болуы керек.

Әлемдік экономика деңгейіне сай еліміздің әлеуметтік – экономикалық дағдарысының айқын көрінісі, білім беру жүйесін экономикалық дамудың бір көрсеткіші ретінде сапалы негізде ұйымдастырылуын қамтамасыз ету маңызы зор. Мемлекет тапсырысын сапалы негізде орындау мақсатында, бүгінгі күні кәсіби даярлық сапасына аса мән берілуді, оның себебі білім беру жүйесі еліміздің зияткерлік әлеуетін дамытып, әлеуметтік және экономикалық деңгейін анықтаушы басты фактор бола алады.

Жаһанданудың жаңа деңгейі, технократтық қозғалыстың ілгері дамуы, ақпараттың өсу қарқынының жоғары болуы, жаңа мамандық, жаңа моделді мамандардың, әмбебап дағдыларды игерген сапалы маман дайындауды, сондай ақ әр сала бойынша өз кәсіби құзыреттілігін шыңдауға бейім мамандарды дайындау үдерісін тиімді ұйымдастыруды қажет етеді. Осы орайда болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының акмеологиялық әлеуетін дамыту, оның негізгі сапалары ретінде шығармашылық, кәсіби ұтқырлық, үздіксіз даму мүмкіндігін, үздіксіз өзін жетілдіру мүмкіндігін қалыптастырып және жетілдіруді өзектендіреді. Яғни, білім беру үдерісінің негізгі формалары, әдістері, тәсілдері болашақ маман тұлғалық және кәсіби өсімін қамтамасыз етуге бағдарланып, үнемі кәсіби шыңдалуға бағдарлауы қажет.

Акмеология ғылым ретінде үздіксіз білім алудың негізгі тұжырымдамаларымен ұштасады, акмеологияның негізгі пәні тұлғаның жеке және кәсіби даму деңгейі деп қарайтын болса, тұлғаны үздіксіз білім алуға ынталандырушы, ерік - жігерін, мақсаттылығын, өзіндік бағдарын, өз субъективті даму шарттарын реттей алу мүмкіндігінің айқын көрінісін береді. Бүгінгі күнде әлем аренасында ең басты өзекті мәселелердің бірі - білім алу мен тұлғалық даму үдерісінің үздіксіздігі. Білім үздіксіздігінің бастамасы халықаралық деңгейде ересектерге білім беру үдерісінен бастау алады (1949 ж. Эльсинор, Дания). Білім алудың үздіксіздігі «перманентті білім алу», игерген білімді одан ары дамыту ұғымдарымен байланысты, осы негізде соңғы жылдары үздіксіз білім алудың даму деңгейі «өмір бойы білім алу» тұжырымдамалық негізіне алып келді. Өмір бойы білім алудың басты құралдарының бірі ретінде біз өз зерттеуіміздің басты мәселесі болашақ маманның акмеологиялық әлеуетін дамыту үдерісін қарастыруға толық негіз бар, ол өз кезегінде зерттеу мәселесінің өзектілігін айқындай түседі.

Жоғарыда аталғандар акмеологиялық білім негіздерін құру, болашақ маманның акмеологиялық әлеуетін дамыту, кәсіби жетілдіру үдерісін бағдарлау, инновациялық құралдарды тиімді қолдану болып табылады.

Болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының кәсіби даярлық үдерісі

негізгі пәндермен қоса кіріктірілген пәндерді оқытуды, өзіндік білім алуға бейіндеу арқылы өз реттілігін, жауапкершілігін, шешім қабылдау дұрыстығын қалыптастыруда талап етеді.

Болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының акмеологиялық әлеуетін дамыту мәселесінің теориялық негіздерін анықтау үшін, негізгі теориялық зерттеу бағыттарын айқындау маңызды.

Тұлғаның дене және психологиялық негізде қалыпты дамуына дене мәдениетінің әсері, оның жалпы білім беру үдерісінің барлық деңгейіне қатысты маңызы, сондай ақ оқыту үдерісінің мазмұны спорттық бағдармен толықтырудың өзекті мәселелері көптеген ғалымдардың еңбегінде көрініс тапқан В.У. Агеев [16], Н.Н. Волков [17], В.М. Выдрин [18].

Кәсіби білім беру мазмұнын қайта қарау, жаңашыл дағдыларды қалыптастыру, дене мәдениеті және спорт кәсіби даярлаудың басты мақсаты ретінде, шынайы сұранысқа жауап беретін сапалы маман дайындау мәселесі, кәсіби және тұлғалық даму стратегиясына сай дене мәдениеті және спорт саласы бойынша білім беру үдерісін құру мәселесі А.С. Запесоцкий [19], дене мәдениеті және спорт саласы бойынша кәсіби даярлық үдерісін модернизациялау Л.И. Лубышева [20], дене мәдениеті және спорт саласы бойынша мамандарды даярлаудың әлеуметтік – экономикалық талаптарға сай болу мәселесі, білім беру үдерісінің өзектілігін, интеграциясын, тиімділігін, ғылымилығын қамту арқылы сипаттамаларын дамыту мәселесі, дене мәдениеті білім беру мамандарының акмеологиялық негіздерін дамыту мәселесі Л.Е. Варфоломеева [21] еңбегінде көрініс тапқан. Осы зерттеу мәселелері болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарын дайындау үдерісін түбегейлі өзгертіп, маман тек педагог емес, экономикалық – әлеуметтік орта талаптарына сай сауықтыру орталықтары, емдеу орталықтары, мүмкіндігі шектеулі білім алушылармен жұмыс жасау орталықтары, арнайы клубтар, кәсіби спорт саласы бойынша сапалы маман болу өзектілігін айқындады.

Дене мәдениеті және спорт мамандарының акмеологиялық мәдениетін дамыту мәселесін қарастырып, шығармашылық негіздерін дамыту, рухани және материалдық құндылықтарын қалыптастыру маңызын айқындаған, акме терминін ұсынған Н.А. Рыбников [22], ересектерге білім беру қажеттілігі мен маңыздылығы ғылыми негізде мәселе ретінде қарастырған кезең, әдіснамалық бағыттары мен ұйымдастыру ерекшеліктерін зерттеген А.А. Деркач [23], әдіснамалық ұстанымдары, акме ұғымының категория ретінде анықталып өзектілігінің артуы, адам дамуына интеграциялық үдеріс ретінде білім беру жүйесінде қолдану мәселелері К.А. Абульханова [24], дене мәдениеті және спорт маманының қажетті біліктілігін анықтаған М.Мавер [25], дене мәдениетін өмір қажеттілігі ретінде жеке тұлғаның басты құндылығы ретінде қарастыру мәселесі В.М. Выдрин, Ю.М. Николаев [26], өмір бойына білім алу үшін тиімді фактор ретінде, кеңес беру мен алуды қарастырған Law D [27], әр педагог үшін өзінің күнделікті өміріне маңызы бар пән мазмұнын таңдау өзектілігін көрсеткен Варгров Н.Н [28], креативті акмеологияның тәжірибедегі ерекшеліктері Б.А. Оспанова., К.Д [29], А.А.Бейсенбаева [30], ересектерге білім беру негіздері Б.А. Тұрғынбаева [31] ғылыми зерттеу әдістері

мен әдістемесі Ш.Т. Таубаева [32] дене мәдениеті және спорт саласының негізгі қызметтерін көрсетіп, оны арнайы, мәдени және жалпы деп бөліп көрсеткен ғалымдардың зерттеулері В.М. Выдрин [33].

Нақты акмеологиялық қағидаларға негізделген ғылыми – теориялық тұжырымдарға сәйкес субъектінің кәсіби және жеке тұлғалық деңгейінде даму мәселесі К.А. Абульханова [34], А.А. Бодалев [35], В.Г. Деркач [36]. Е.А. Зазыкин [37], В.Н. Кузьмина [38], А.К. Маркова [39], В.Д. Шадриков [40] және т.б.);

Акмеологиялық әлеуеттінің және тұлғаны кәсіби негізде белсенді етудің, соған сәйкес қолайлы орта құру мәселелері С.Л. Рубинштейн [41], А.А. Деркач [42], В.Г. Асеев [43], В.Г. Афанасьев [44];

Акмеологиялық даму әдістерін білім беру үдерісіне тиімді түрде, кіріктірудің мүмкіндіктерін пайдаланып ендіру мәселесі О.Е. Анисимов [45], А.С. Гусева (Карпенко) [46], А.А. Деркач [47], В.Г. Зазыкин [48], А.К. Маркова [49];

Тұлғаның өмірлік жолын таңдаудағы мотивациялық бағдарлары, даму жолындағы үздіксіз даму мәселелері К.А. Абульханова - Славская [50], Б.Г. Ананьев [51], Л.И. Анцыферова [52], А.А. Бодалёв [53], А.Н. Леонтьев [54], В.Н. Мясищев [55];

Акмеологиялық даму моделін құру мәселелері О.С. Анисимов [56], А.А. Деркач [57], Г.С. Михайлов [58];

Кәсіби іс - әрекетке даярлық теориялары, білім берудің акмеологиялық теориялары, белсенді әлеуметтік-психологиялық, акмеологиялық оқыту теориялары, акмеология кәсіби ортада тұлғаның барлық салаларын дамыту және жетілдіру туралы ғылым ретінде В.Г. Асеев [59], А.А. Деркач, В.Г. Зазыкин [60], Н.В. Кузьмина [61], Э.А. Максимова [62], М.А. Манойлова [63], Н.М. Полетаева [64], И.А. Баева, Ю.Н. Емельянова [65], А. Либина [66], Г.И. Марасанов [67], Е.В. Сидоренко [68], Л.В. Петровская, Н.Т. Оганесян [69], П.А. Ситников [70], А.А. Бодалев [71], Т.А. Вострикова, А.А. Деркач [72], В.Г. Зазыкин [73], Н.В. Кузьмина [74], А.С. Огнев [75], Н.П. Фетискин [76];

Кәсіби іс – әрекет үдерісіндегі кәсіби құзыреттілік компоненттері, ерекшеліктері, мазмұны, мәні, ұстанымдары В.И. Байденко [77], В.П. Бездухов [78], В.А. Болотов [79], Т.Г. Браже [80], А.А. Вербицкий Э.Ф., Зеер [81], И.А. Зимняя [82], В.А. Козырев [83], Н.В. Кузьмина [84], Э.А. Максимова [85], Н.Ф. Радионова [86], Дж. Равен [87], В.В. Сериков [88], В.Н. Софьина [89], А.И. Субетто [90], Ю.Г. Татур, А.В. Хуторской [91], Н.В. Кузьмина [92], А.К. Маркова [93].

Білім беру қызметі саласындағы инновациялық қайта құрулар жағдайында жұмыс істеуге арналған маманның үлгілері В.В. Давыдов, М.В. Каминская [94], В.Т. Кудрявцев [95], Н.Ф. Талызина, Д.Б. Эльконин [96], И.С. Якиманская [97]; Тұлғаның өзіндік даму үдерісін жүйелі түрде ұйымдастырудың өзекті мәселелері мен ерекшеліктері К.А. Абульханова-Славская [98], Б.Г. Ананьев [99], С.И. Архангельский [100], Н.И. Бондаренко [101], Ю.М. Забродин [102], А.Г. Ковалев [103], Н.В. Кузьмина [104], А.Н. Леонтьев [105], Б.Ф. Ломов [106], А.Л. Свенцицкий [107], В.Н. Софьина [108], Г.В. Суходольский [109], В.А.

Ядов [110], В.А. Якунин [111].

Дене мәдениеті және спорт саласының болашақ мамандарын дайындаудағы бітіруші түлектердің бойындағы негізгі құзыреттіліктердің қалыптасуы мен болашақ кәсібін жетілдіру арқылы үздіксіз дамытуға деген ұмтылысын дамыту тұлға бойындағы мотивация, шығармашылық, синергетикалық тұғырға негізделген өзіндік сапалар әлеуеті жоғары болуы маңызды. Субъект – субъектілі қарым – қатынас негізінде құрылған білім беру ортасында болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының бойында шығармашылық және креативтілік сапаларын арттыру мәселелерінің толық негізде зерттелмеуі, тұлғаның мотивациялық мүмкіндіктері төмен болуынан акмеологиялық үздіксіз даму жолының тежелуі орын алуы мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген еңбектерді талдау кезінде болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының акмеологиялық әлеуетін дамыту мәселесінің зерттелмегені анықталды. Проблеманың өзектілігін талдау жоғары оқу орындарында болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының акмеологиялық әлеуетін дамытуды іске асырудағы мемлекет тапсырысы мен педагогика ғылымы мен спорт саласында, теориялық және практикалық негізделуі арасында, атап айтқанда:

- болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының акмеологиялық әлеуетін дамытуға деген экономикалық - әлеуметтік сұраныстың болуы мен бұл мәселенің еліміздің маман даярлау тәжірибесінде толық негізде іске аспауы арасында;

- болашақ дене мәдениеті мен спорт мамандарының акмеологиялық әлеуетін дамытудың қажеттілігі болуы мен отандық педагогика ғылымында теориялық, әдіснамалық негіздерін жетілдіру қажеттілігі арасында;

- болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының акмеологиялық әлеуетін дамытуды жоғары оқу орны пәндерінің мазмұнына жаңарту ретіндегі ендіру қажеттігі мен оны жүзеге асырудың тиімді әдістемесінің құрылмағаны арасында **қарама-қайшылықтар** бар екендігі айқындалды.

Анықталған қарама-қайшылықтар ғылыми - зерттеу жұмысымыздың өзектілігін айқындады, ол болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының акмеологиялық әлеуетін дамытудың ғылыми - теориялық негіздерін айқындау және оның тиімді әдістемесін ұсынып, тәжірибеге ендіру қажеттілігімен көрінеді.

Аталмыш мәселенің шешімін іздеу осы зерттеудің **тақырыбын** анықтады **«Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту»**.

Зерттеудің мақсаты: болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытуды теориялық тұрғыдан негіздеп, әдістемесін жасау және оның тиімділігін эксперименттік жолмен тексеру.

Зерттеудің нысаны: ЖОО-дағы дене мәдениеті және спорт маманын даярлаудағы біртұтас педагогикалық үдеріс.

Зерттеу пәні: болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуеті.

Зерттеу міндеттері:

1. Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытуды теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу.

2. «Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуеті» түсінігінің мәнін нақтылау, құрылымын анықтау.

3. Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың моделін құрастыру.

4. Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың әдістемесін дайындап, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеру, ғылыми негізделген ұсыныстар дайындау.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың мәні мен құрылымы нақтыланып, әдіснамалық негіздері айқындалса, дамыту моделі әзірленіп, болашақ маманның акмеологиялық әлеуетін дамытудың әдістемесі дайындалып, шығармашылық тұрғыда тәжірибеде жүзеге асырылса, онда болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың жоғары деңгейіне қол жеткізу мүмкін болады, өйткені жоғары оқу орындарында болашақ акмеологиялық әлеуетті дамытуға арналған кәсіби даярлық орта мүмкіндіктері құрылады.

Зерттеудің жетекші идеясы: кәсіби даярлық үдерісінде болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту әдістемесінің мүмкіндіктерін тиімді пайдалану түлек бойындағы қоғам қажеттілігін қанағаттандыратын кәсіби сапаларды жоғарылатуға жағдай жасайды.

Зерттеу көздері: зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік ғылыми еңбектер; ресми материалдар мен құжаттар Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 27 шілде 2007 жыл, № 319-III ЗРК (соңғы өзгерістер мен толықтырулар 10.09.2023 ж.); «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 251 қаулысы, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Заңы № 293-VI «Мұғалім мәртебесі туралы» МЖБС Қазақстан (2022), «Педагог» кәсіби стандарты (2022) пайдаланылды.

Зерттеу әдістері:

- теориялық: (педагогикалық-психологиялық, дене мәдениеті және спорт саласы бойынша арнайы әдебиеттерге) салыстырмалы талдау-жинақтау, контент-талдау, сипаттамалық талдау, сыни талдау, тұжырымдамалық негіз жасау, саралау, дереккөздермен жұмыс;

- эмпирикалық: педагогикалық эксперимент, сауалнамалар, педагогикалық бақылау, тест, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізу, модельдеу, диагностика жасау;

- статистикалық: зерттеу бойынша алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық талдау жасау.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері: гуманистік педагогика мен философияның жеке тұлғаның шығармашылық дамуының негіздері, тұлға дамуына әсер етуші акмеологиялық теориялар, тұлғаның жүйелі дамуының детерменизм ұстанымы, философияның, психологияның, педагогиканың «тұлға», «субъект», «даму», «белсенділік», «бастама» ұғымдарының мәнін көрсету ережелері. Зерттеудің әдіснамалық негіздері ретінде тұғырлар мен қағидалар: жүйелік, мәдени танымдық, синергетикалық, аксиологиялық, акмеологиялық, құзыреттілік.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

Зерттеу пәні нәтижесінде Қазақстанда ең алғашқы болып:

1. Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негізделді.

2. «Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуеті» түсінігінің мәні нақтыланды және маман дайындау үшін негіз болатын құрылымы анықталды.

3. Болашақ дене мәдениеті және спорт мамандығы бойынша мамандар дайындау үдерісіне алғашқылардың бірі болып «Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту» моделі құрастырылды және ендірілді.

4. Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың әдістемесі дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексерілді, ғылыми негізделген ұсыныстар дайындалды.

Теориялық маңыздылығы:

1. Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негізделді.

2. «Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуеті» түсінігінің мәні нақтыланып, құрылымы анықталды.

3. Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту моделі құрастырылды және білім беру үдерісіне енгізілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың әдістемесі дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексерілді, ғылыми негізделген ұсыныстар дайындалды:

- «Болашақ дене мәдениеті маманының кәсіби АКМЕ негіздері» элективті курсы жасалынды және тәжірибеге енгізілді;

- «Кәсіби жетістік акмеологиясы» семинар практикумы әзірленді және ұйымдастырылды.

- «Болашақ дене мәдениеті маманының акмеологиялық әлеуеті: мазмұны, дамыту механизмдері» атты оқу – әдістемелік құрал әзірленіп, оқу үрдісіне ендірілді.

- «Болашақ дене мәдениеті маманының акмеологиялық әлеуеті: мазмұны, дамыту механизмдері» атты оқу – әдістемелік құралына авторлық құқық объектісін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік алынды (№ 270617, 04.06.2022ж.).

- болашақ мамандарды даярлауда цифрлық ресурстар енгізілді.

Зерттеу кезеңдері. Зерттеу 2018-2023 жж. аралығында орындалды және шартты түрде келесі кезеңдерге бөлінді.

Бірінші кезең (2018-2019 жж.) - зерттеу мақсатын, міндеттерін, әдістерін анықтау, зерттеудің негізгі ғылыми болжамын тұжырымдау, зерттеу мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік еңбектерге теориялық талдау жасау, мәселені шешудің теориялық және әдістемелік тәсілдерін анықтау, эксперименттік жұмысты жоспарлау.

Екінші кезең (2019-2020 жж.) - тұлғаның акмеологиялық әлеуетінің қалыптасу деңгейін бағалау критерийлерін анықтау және диагностикалық әдістемені әзірлеу, акмеологиялық тәсілді жүзеге асыру үдерісінде болашақ маманның акмеологиялық әлеуетін дамытудың теориялық моделін жасау, модельдің ұйымдастыру кезеңін жүзеге асыру және тұжырымды эксперимент жүргізу.

Үшінші кезең (2020-2023 жж.) - модельдің негізгі және диагностикалық кезеңдерін жүзеге асыру (қалыптастырушы педагогикалық экспериментті ұйымдастыру және өткізу), алынған мәліметтерді өңдеу және талдау, нәтижелерді жүйелеу және жалпылау, қорытындыларды тұжырымдау және диссертация мәтінін ресімдеу.

Алынған нәтижелер статистикалық өңдеуден өтті, кестелер, модель сипаттамалары жасалынды, графикалық сызбалар құрастырылды.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың теориялық – әдіснамалық негіздерін анықтау акмеологиялық әлеуетті арттыру қажеттілік мәселесін анықтайды, «акмеологиялық әлеует» ұғымының құрылымы мен мазмұнын нақтылау болашақ маман акмеологиялық әлеуетін дамыту жолдарын негіздейді және көрсетеді.

2. Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуеті – саналы түрде кәсіби және тұлғалық өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі тәрбиелеудің жоғары деңгейіне жетуге даярлығы, үздіксіз өзін-өзі дамытуға ұмтылысы, рефлексиялық құзыреттілігі, әрбір білімалушының табысы мен денсаулығын қамтамасыз ету үшін гуманистік көзқарасқа негізделген өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі реттеу стратегиясын, құралдарын, тетіктерін меңгеруі.

3. Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың моделі, оның құрамдас бөліктері ретінде мақсаты, міндеттері, әдіснамалық негізі болған жүйелік тұғыр, мәдени танымдық тұғыр, синергетикалық тұғыр, аксиологиялық тұғыр, құзыреттілік тұғыр мен негізгі қағидалары, мазмұны, компоненттері (мотивациялық, танымдық, іс - әрекеттік), әдістемелік жүйесі, болашақ педагогтардың заманауи талапқа сай, бәсекеге қабілетті негіздегі дайындығының айқындылығы мен ұтымды жолдарын көрсетеді.

4. Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту әдістемесі: тәжірибеге енгізілген «Болашақ дене мәдениеті

маманының кәсіби АКМЕ негіздері» атты элективті курс пен ұйымдастырылған «Кәсіби жетістік акмеологиясы» семинар-практикум арқылы қамтамасыз ету, болашақ маманның акмеологиялық әлеуетін дамытуды оқыту үдерісінде жүйелі және ұтымды негізде пайдалануға мүмкіндік береді. Ал жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс тиімділігі, ғылыми нәтиженің валидтілігін қамтамасыз етеді.

Апробация және ендіру: Эксперименттік жұмыстар Қазақ спорт және туризм академиясы мен К.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде жүргізілді. Анықтау экспериментіне 240 студент, бақылау экспериментіне 120 студент қатысты.

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі талапқа сай әдіснамалық және теориялық қағидалармен, зерттеу пәнімен сәйкес әдіс-тәсілдерді қолданумен, эксперимент бағдарламасының мақсатқа сәйкестілігімен, бастапқы және соңғы көрсеткіш нәтижелерінің қорытындыларымен қамтамасыз етілді.

Автордың жеке үлесі келесі әрекеттерден тұрады: диссертациялық, эксперименттік жұмыстардың барлық нәтижелері автордың қатысуымен орындалды. Жұмыстың авторы зерттеудің мақсатын анықтауға, міндеттерін қоюға, қағидаларын ұсынуға, дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытуды жүзеге асыру бойынша ғылыми әдебиеттерді талдауға, педагогикалық экспериментті ұйымдастыруға және жүзеге асыруға өз үлесін қосты. Қазақ спорт және туризм академиясы мен К. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде 5В010800 - Дене шынықтыру және спорт мамандығының 3 курс білім алушыларына «Болашақ дене мәдениеті маманының кәсіби АКМЕ негіздері» элективті пәні 2019-2020 оқу жылынан бастап элективті курс ретінде енгізілді (енгізу Хаттамасынан көшірме А қосымшасы мен Ә қосымшада орналастырылды), сонымен қатар дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда акмеологиялық әлеуетін дамыту бағытында «Болашақ дене мәдениеті маманының акмеологиялық әлеуеті: мазмұны, дамыту механизмдері» оқу-әдістемелік құралы жарық көрді (авторлық құқық куәлігінің көшірмесі Б қосымшасында орналастырылды).

Зерттеу нәтижелерінің мақұлдануы: зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық және республикалық конференцияларда талқыланды:

- Междунар. науч.-практич. конф. «Профессионализм педагога: компетентностный подход в образовании». - Шымкент, 2019.

- Респ. науч.-практич. конф. ученых и учителей. «Инновации в образовании, физической культуре и спорта» посвященной 75-летию Казахской академии спорта и туризма и году молодежи. - Алматы, 2019.

- Междунар. науч. - практич. конф. «Жамбыл Жабаев и проблемы национального воспитания в эпоху новых вызовов». - Алматы. - 2021.

- XXI Междунар. научн.-практич. конф. «Актуальные вопросы современной науки и образования». – Пенза, 2022.

Жарияланымдар: Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша барлығы

10 ғылыми жұмыс жарық көрген, оның 3-уі ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала Scopus базасына енген шет елдік басылымында, 5 мақала халықаралық, республикалық конференция материалдары жинақтарында, 1 авторлық құқық объектісін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік.

Докторанттың жарияланған мақалаларды дайындауға қосқан үлесі:

Диссертациялық жұмыстың мәтінінде келесі ғылыми мақалалардың материалдары пайдаланылды:

Scopus деректер базасына кіретін журналда - Cypriot Journal of Educational Science:

1. Koldasbayeva Bagila, D, Aidyn Doshybekov.B, Marina Bobyreva, C, Zura Khakimova, D, Yerlan Satbayev, E Quantitative Study of the Level of Acmeological Potential of Rising Physical Education Specialists Journal of Physical Education and Sport ® (JPES), - Vol. 21, Iss. 5. - P. 2492 - 2500. ISSN 2247- 806X;

Авторлар үлесі: зерттеу жүргізуге көмектесу – Aidyn Doshybekov.B; жұмыс идеясы, деректерді жинау және өңдеу, мақала жазу – Koldasbayeva Bagila, D; мақаланы редакциялау - Marina Bobyreva, C. Zura Khakimova, D. Yerlan Satbayev, E.

ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған журналдарда:

2. Колдасбаева Б.Д., Дошыбеков А.Б., Жетимеков Е.Т. Болашақ дене шынықтыру және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың педагогикалық аспектілері. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы журналы. - Алматы . - 2019. - №3 (79). - С. 259-263.

Авторлар үлесі: ғылыми кеңес беру, бағыт бағдар көрсету, рецензиялау - Дошыбеков А.Б., деректерді жинақтау және жазу, материалдарды өңдеу - Колдасбаева Б.Д., деректер жинақтап және өңдеуге көмек беру Жетимеков Е.Т.

3. Колдасбаева Б.Д., Дошыбеков А.Б., Ниязакынов Е.Б., Сериков. С.С. Болашақ дене мәдениеті маманының кәсіби даярлығындағы акмеологиялық амал// Научно-теорический журнал. Теория и методика физической культуры. - Алматы. 2020. - №3 (61). - С.34-38.

Авторлар үлесі: ғылыми кеңес беру, бағыт бағдар көрсету, рецензиялау - Дошыбеков А.Б., деректерді жинақтау және жазу, материалдарды өңдеу - Колдасбаева Б.Д., деректер жинақтап және өңдеуге көмек беру - Ниязакынов Е.Б., Сериков. С.С.

4. Абдрахманова Р.Б., Колдасбаева Б.Д. Ғылыми зерттеулердегі «акмеологиялық әлеует» ұғымының сипаттамасы. ҚазҰПУ Хабаршысы «Психология» сериясы. - 2020. - №3 (64). - С. 51-57.

Авторлар үлесі: ғылыми кеңес беру, бағыт бағдар көрсету, рецензиялау - Абдрахманова Р.Б., деректерді жинақтау және жазу, материалдарды өңдеу, деректер жинақтап және өңдеуге көмек беру - Колдасбаева Б.Д.

Халықаралық конференция материалдарында:

5. Дошыбеков.А.Б., Колдасбаева Б.Д. Болашақ дене мәдениеті мұғалімінің акмеологиялық әлеуетін қалыптастырудың теориялық негізі /«Педагог кәсібилігі: Білім берудегі күзіреттілік тәсілі» атты Халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференциясы, I том, Шымкент 2019. – Б.166-170.

Авторлар үлесі: жұмыс идеясы, материалды жинақтау, экспериментті жоспарлау, талдау, өңдеу – Колдасбаева Б.Д., кеңес беру - Дошыбеков А.Б.

6. Колдасбаева Б.Д. Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының аемелогиялық әлеуетін дамыту бойынша эксперименттік жұмыстар/ *Международ. науч. - практич. конф. «Жамбыл Жабаев и проблемы национального воспитания в эпоху новых вызовов»*- Алматы. - 2021. - С.353-356.

Авторлар үлесі: жұмыс идеясы, материалды жинақтау, экспериментті жоспарлау, талдау, өңдеу – Колдасбаева Б.Д.

7. Колдасбаева Б.Д. Технологии развития акмеологического потенциала будущего специалиста физической культуры и спорт/ *XXI Международ. научн. - практич. конф. «Актуальные вопросы современной науки и образования»*. - Пенза. - 2022. - С. 30-33.

Авторлар үлесі: жұмыс идеясы, материалды жинақтау, экспериментті жоспарлау, талдау, өңдеу – Колдасбаева Б.Д.

Республикалық конференция материалдарында:

8. Дошыбеков.А.Б., Колдасбаева Б.Д. Болашақ дене мәдениеті маманының акмеологиялық әлеуетін қалыптастырудағы халық педагогикасының маңызы /«Білім беру, дене мәдениеті және спорттағы инновациялар» Республикалық ғылыми - тәжірибелік конференция. - Алматы, 2019. - Б. 212 -216.

Авторлар үлесі: жұмыс идеясы, материалды жинақтау, экспериментті жоспарлау, талдау, өңдеу – Колдасбаева Б.Д., кеңес беру - Дошыбеков А.Б.

Халықаралық ғылыми -практикалық журнал:

9. Колдасбаева Б.Д., Дошыбеков А.Б., Молдагазина Н.А., Естлеуов С.А. Дене тәрбиесі мұғалімінің инновациялық іс - әрекетінде акмеологиялық әлеуетін дамыту/ *VII Глобальная наука и инновации 2019: Центральная Азия. Нур - Султан, Казахстан. 25 - 28 сентябрь 2019. - №2 (3). - Б. 277-281.*

Авторлар үлесі: жұмыс идеясы, материалды жинақтау, экспериментті жоспарлау, талдау, өңдеу – Колдасбаева Б.Д., кеңес беру - Дошыбеков А.Б., редакциялау- Молдагазина Н.А., Естлеуов С.А.

Авторлық құқық объектісін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік:

10. Колдасбаева Б.Д., Дошыбеков А.Б. Болашақ дене мәдениеті маманының акмеологиялық әлеуеті: мазмұны, дамыту механизмдері. 10.06.2022. - № 27061.

Диссертацияның көлемі мен құрылымы – кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Жұмыс 148 беттен және 41 суреттен, 48 кестеден тұрады. Жұмыста 274 ғылыми және арнайы әдебиет қолданылды.

Кіріспеде зерттеудің ғылыми аппараты, тақырыптың көкейкестілігі, зерттеу жұмысының мақсаты, пәні, нысаны, болжамы мен міндеттері, әдіснамалық негіздері, жетекші идеясы, зерттеу әдістері мен кезеңдері, зерттеу базасы, зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы, практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалары, зерттеу нәтижесінің дәлелділігі, оның мақұлданыуы, тәжірибеге енгізілуі баяндалады.

«Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың теориялық – әдіснамалық негіздері» атты бірінші

тарауда зерттеу мәселесі бойынша философиялық, педагогикалық, психологиялық, арнайы еңбектерге теориялық талдау жасалынып, болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың теориялық негіздері анықталып, контент-талдау әдісі негізінде «акмеологиялық әлеует, акмеологиялық көзқарас» ұғымдарының мәні мен мазмұны анықталып, «болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуеті» ұғымы нақтыланды. Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың моделі құрастырылып, компоненттері, критерийлері, көрсеткіштері мен даму деңгейлері анықталды.

«Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудағы заманауи тенденциялар» атты екінші тарауда дене мәдениеті және спорт саласындағы цифрландыру мәселесі ашылып, дене мәдениеті және спорт саласындағы инновациялық дамудың сипаты қарастырылады.

«Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың тәжірибелік-эксперименттік жұмыстары» атты үшінші тарауда болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту әдістемесі сипатталған, оның ішіне элективті курс және семинар-практикум кіреді. Сонымен қатар, эксперименттік жұмыстардың мазмұны мен нәтижелері де ашылады.

Қорытындыда зерттеу барысында тұжырымдалған қорытындылар мен практикалық ұсыныстар берілген.

Қосымшада зерттеу аясында жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыста пайдаланған материалдар берілген.

1 БОЛАШАҚ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАНЫНЫҢ АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ – ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Жоғары мектепте мамандарды даярлау үрдісінде акмеологиялық амалды дамыту

Ғылыми педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді талдау «акмеология» (ежелгі грек тілінен аударғанда «акме» (төбе, ұшы, гүлдену, жетілу, ең жақсы уақыт, бір нәрсенің ең жоғарғы дәрежесі) және «логос» - адам туралы ғылым) тұлғаның кәсіби өзіндік санасын, өзін-өзі жетілдіруін және өзін-өзі реттеуін қоса алғанда, адамның кемелдену сатысындағы даму фактілері мен заңдылықтарын, механизмдері мен жолдарын зерттейді. Акме – бұл адам қол жеткізген өмірлік шыңдар жүйесі (әлеуметтік, рухани, кәсіби) және ол өзіндік бірегейлік ретінде қабылдайтын мағыналы «өмір сезімі», «өзін-өзі жүзеге асыру».

Тұлғаның өмір бойына өзіндік денсаулығын сақтау, мінез-құлқын тәрбиелеудегі әлеуметтік қоғамға маңызы бар әрекеттерді бойына жинақтаудың жоғары деңгейлі болуы, субъект ретінде өзіндік кәсіби деңгейінде рухани және материалдық құндылықтардың үйлесімділігіне жету мүмкіндігін акме деңгейдің тар мағынасы ретінде қарастыруға болады, ал кең мағынада: акме – адамның дене, тұлғалық және субъективтік жетілуімен сипатталатын ересек өмірінің бүкіл кезеңі. Адамның жетілу кезеңі және осы жетілудің шыңы деп аталатын акме – адамның даму кезеңін қамтитын және оның азамат, белгілі бір кәсіптік қызметтің маманы ретінде қаншалықты жетістікке жеткенін көрсететін көп өлшемді күйі. Әр адамның өзіне тән жоғары деңгейі бар, ол келесі салаларда көрініс берудің нақты жағдайларын ескере отырып көрінеді және бағаланады: мазмұндық сипаттамаларды анықтау; қол жеткізілген акменің көлемі; акменің қол жеткізу уақыты мен ұзақтығы сияқты сипаттамаларымен ерекшеленеді.

Психологиялық-педагогикалық ғылымдарда «акме» ұғымы жалпы қызмет субъектісінің және жекелей алғанда кәсіби қызмет субъектісінің даму механизмдерін сипаттау үшін қолданылатынын атап өткен жөн [112]. Көп жағдайда «акме» жетілу сатысындағы қызмет субъектісін сипаттайтын күй ретінде түсініледі. Бұл күй адамда белгілі бір білім, білік, дағды, тұлғалық қасиеттердің, құндылық бағдарлардың, ойлау тәсілінің және т.б. дамуы есебінен қол жеткізіледі.

Акмені екі бағытта сипаттаған болсақ, оның бірі өзін – өзі тұлғалық дамыту нәтижесінің көрінісі болса, екінші бағытта бір мезеттегі белгілі бір әрекеттік даму нәтижесі ретінде де көрініс табады [113].

Акмеологияның заңдылықтары көп жағдайда тұлғаның кәсіби негізде дамуының кезеңдері мен шығармашылық әлеуетінің артуын зерттейді, оның басты міндеттемесінің бірі, әр тұлғаның даму деңгейіне сай жасерекшелік ерекшелігін және жеке мүмкіндіктерін ескеру арқылы тиімді түрде ұйымдастыру, яғни дамыту мен қалыптастыру үдерістерінің мазмұнын анықтау.

Акмеология макро-, микро-, мезофакторлардың адамға әсер ету механизмдері мен нәтижелерін ашады және өзінің алдына адамның есеу кезеңдерінде өмірінің барлық саласында өзін барынша көрсетуге мүмкіндік беретін стратегияны әзірлеу міндетін қояды [114].

Адамның өзінің «акме» деп аталатын даму шыңына жетуінің негізгі шарттары макро-, микро-, мезофакторлардың әсерінің нәтижесі ғана емес, ең алдымен, белсенді креативті-шығармашылық қызмет, белсенді өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі үйретуге және өзін-өзі жүзеге асыруға деген қажеттілік және осы қажеттіліктерді белсенді қанағаттандыру болып табылады. Тұлғаның өзін-өзі жетілдіруінің негізгі критерийі – оның қоғамда өзін-өзі таныту және өзін-өзі бекіту жетістігі [115].

Орыс ғалымы Н.В. Кузьмина, өзін-өзі жетілдіру, рефлексия және адам даналығы туралы гуманистік, философиялық және антропологиялық идеяларды алғашқылардың бірі педагогикадағы акмеология идеяларының тарихи даму ерекшеліктерін талдаған.

Тұлғаның ішкі және дербес мәндік әлемін қалыптастыруда өзіндік диалог мүмкіндіктерінің маңызы зор. Рефлексиялық негізде өзіңмен өзің диалог құру, өзіндік қабылдау, өзіңмен қарым-қатынасқа түсу дербестік таныту, яғни өзіндік даму, өзіндік тану, өзін - өзі түсіну, өзін - өзі іске асыру, өзіндік санасын дамытуға ұмтылу. Мен даму үстіндемін, дамуға ұмтыламын деген ұстаным, белгілі деңгейде өзіндік дамудың жоғары деңгейіне ұмтылысының айқын көрінісі [116].

И.Н. Семенов акмеология мәселесінің ғылым ретінде дамуының бірқатар кезеңдерін атап көрсеткен: бірінші кезең, түрлі ғылымдар саласына сай тұлғаның өзіндік дамып жетілуіне сай негізгі тұжырымдар. Екінші кезең, жалпы акмеологияның дербес ғылым саласы ретінде дамуынан көрініс тапқан, оның пәні, объектісі, негізгі мақсаты мен міндеттемелері, негізгі әдіснамалық тұжырымдарының қалыптасу деңгейінен көрініс тапқан. Үшінші кезең, акмеологияның адам таным жүйесіндегі алатын орны, акмеологиялық білімнің даму болашағы, акмеологияның дифференциациясы мен интеграциялану тенденциялары контекстіндегі акмеологиялық зерттеу нәтижелерін түсінумен байланысты.

Акмеологияның даму кезеңдерін анықтаудың басқа да тәсілдері бар:

- ғылыми танымдағы акмеологиялық мәселелерді бөліп көрсетуге қажетті ғылыми және мәдени алғышарттар қалыптасқан жасырын кезең;
- акмеологиялық білімнің қажеттілігі танылған және «акмеология» терминінің өзі пайда болған кезеңі;
- акмеология ғылымының теориялық негіздерінің және арнайы іргелі, қолданбалы зерттеулердің жүргізілген кезеңі;
- акмеология ғылымының толық негізде практикаға ену ерекшеліктерімен сипатталынады, түрлі ғылыми институттарда, оқу орындарында арнайы акмеология мәселелерін зерттеу орындары құрылу кезеңі [117].

Б.А. Оспанова өз зерттеуінде акмеологияның дамуының төрт негізгі сатысын анықтаған:

- латентті - тұлғаның акмеологиялық даму деңгейінің ғылым салалары (тарих, мәдениеттану, әлеуметтану, философия, педагогика) негізінде қарастыру мүмкіндіктері;

- номинациялық - осындай тектегі білімде әлеуметтік қажеттілікті саналы ұғыну;

- инкубациялық - акмеологиялық мәселенаманы зерттеудің қажеттілігі туралы тұжырымдамалы ой-пікірдің туындауы және акмеологияның ерекше пән ретінде кеңейту бағдарламасын ұсыну;

- институционалды - әлеуметтік құрылымдарды құру: жоғары оқу орындарында және акмеологиялық ғылымдардың Халықаралық академиясында акмеологиялық кафедралар мен факультеттерді, зертханаларды құру [118, б. 18-19].

Акмеология ғылым ретінде үш негізгі бағытқа бөлінеді: классикалық, іргелі және қолданбалы.

Бірінші бағыты бойынша, ерексектер психологиясының бір бөлімшесі ретінде қарастырылған. Классикалық акмеологияның негізгі зерттеу объекті ересек адамдардың психологиялық ерекшеліктері;

Екінші бағыты бойынша, акмеология ғылымы тұлғаны толық бір жүйе ретінде қарастырады. Ол ересек тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту факторларын, заңдылықтары мен шарттарын қарастырады, соның негізінде кәсіби шыңға шығу жолында саналы іс-әрекет ету, өмір бойына өзіндік жетілу мотивациясын қамтамасыз ету.

Үшінші бағыты, арнайы білім беру саласына акмеология ғылыми мүмкіндіктерін тәжірибелі түрде қолданумен ерекшеленеді. Бұл орайда, қолданбалы түрде педагогикалық, кәсіби, түзету [119].


Ғылыми әдебиетті талдау акмеологиялық амалдың теориялық – әдіснамалық негіздерін А.А. Деркач [72, б. 17-19], Н.В. Кузьмина [74, б. 33-34], Б.Г. Ананьев [51, б. 40-45] және т.б. ғалымдар қалағанын көрсетті. Бұл амал акмеологиялық міндеттер мен мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік беретін қағидалар, әдістер мен тәсілдер жүйесін білдіреді.

Талдау көрсеткендей, кәсіби іс-әрекеттегі "акме" дегеніміз - белгілі бір саладағы маман іс-әрекетінің мазмұнын құрайтын мәселелерді шешудің нәтижелері бойынша тұрақты сәтті жоғары деңгей. "Акме" жетістігі - адам өміріндегі көптеген объективті және субъективті шарттар мен жағдайлардың өзара әрекеттесуінің нәтижесі. Талант, қабілет, дене және психикалық денсаулықты субъективті факторлар ретінде қарастыруға болады, ал тәрбие, оқыту шарттары, білім сапасы және т.б. осы үрдістің объективті факторлары ретінде анықталады. Сонымен қатар, "акме" ұғымы, оған қол жеткізу үрдісі сияқты, нақты кәсіби іс-әрекетке байланысты. Акмеология өзінің дамуының басынан бастап адам қызметінің әртүрлі салаларында жоғары дәрежелі мамандарды қалыптастырудың стратегиялары мен технологияларын әзірлейді.

Акмеология ұғымын анықтауда оның психология ғылымының бір саласы ретінде тұлға әлеуетінің жоғары деңгейдегі өзіндік өмірдегі орнын, ең жоғары деңгейдегі белесін табудағы жетістіктерін ескереді деп пайымдап көрсеткен [120].

Педагогтың кәсіби іс-әрекеті мен тұлға қалыптастырудың заңдылықтарын зерттеуде аса үлкен үлес қосқан Н.В. Кузьминаның еңбектері. Ол өз зерттеулерінде мұғалім тұлғасын қалыптастыру, оның педагогикалық қабілеттері мен шеберліктерін дамыту үрдісін егжей-тегжейлі ашып көрсетеді, сонымен бірге шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалім өзін-өзі тәрбиелеумен, өзін-өзі оқытумен үйлесетін ізденіспен ерекшеленеді, «шығармашыл мұғалім - өзін дамытатын және өзін жетілдірілетін адам» деп нақтылайды [92, б. 8].

Н.В. Кузьмина іс-әрекеттің функционалды элементтерін «жүйенің бастапқы күйі мен түпкілікті нәтиже арасындағы негізгі байланыс» ретінде анықтай отырып, мұғалімнің іс-әрекетінде келесі функционалды блоктарды анықтайды: гностикалық, жобалық, конструктивті, коммуникативті, ұйымдастырушылық (сурет 1).



Сурет 1 - Педагогтың кәсіби іс-әрекетіндегі функционалды блоктар

Болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде акмеологиялық амалды жүзеге асыру шығармашылыққа негізделеді. Әдебиеттерге сүйенсек, педагогикалық шығармашылық келесі идеяларға негізделеді: оқыту мен тәрбиенің жоғары адамгершілік қағидаттарын қалыптастыруға, баланың тұлғасын жан-жақты және үйлесімді дамуына, оқытудың кешенді тәсілін жүзеге асыруға, яғни бірлікке және сонымен бірге тәрбиелік, білім беру және дамытушылық міндеттерді шешуге бағдарлану; білім алушыларды мазмұны мен сипаты жағынан дағдылар мен қабілеттердің қалыптасуын қамтамасыз ететін танымдық және практикалық іс-әрекетке қосу; жеке көзқарас пен оқу іс-әрекетінің жеке нысандарының ұжымдық қатынастардың әртүрлі нысандарымен үйлесуі; оқытуды оңтайландыру.


С.Н. Бегидова жоғары оқу орны мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде акмеологиялық амалды іске асыруда оқу үрдісінде келесідей заңдылықтар мен факторларға сүйенеді: кемел адамның өзін-өзі дамытуына, жоғары жетістіктерге жету жолындағы жасампаздық іс-әрекет үрдісінде оның ішкі әлеуетінің өзін-өзі жүзеге асыруына; кәсіби шындыққа жетуге жәрдемдесетін және кедергі келтіретін объективті және субъективті факторларға сүйенуді көздейді; өзін – өзі білімдендеру, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі жетілдіру, кәсіп пен қоғамнан тыс және өз мүдделері, қажеттіліктері мен көзқарастарынан туындайтын жаңа талаптардың әсерінен іс-әрекетті өзін-өзі

реттеу және өзін-өзі ұйымдастыру [121].

Аталмыш мәселе төңірегінде спорт саласында психологиялық зерттеулер жүргізген ғалым Л.Е. Варфоломеева басты акмеологиялық категорияларға: шығармашылық әлеует және кәсіби іс-әрекетке шығармашылық даярлықты жатқызады.

А.А. Деркач пайымдауынша, тұлға өз өмірлік жолында, акме деңгейге ұмтылысы өзіндік жеке ерекшеліктеріне сай көрінеді, тұлғалық қасиеттер туылғанынан белгілі бір бейімділік ерекшеліктерінен көрінеді, осы орайда тұлғаның даму бағытын төрт негізгі әдістемелік қағидат аясында сипаттауға болады:

- 1) тұлғаның ілгері даму жолының шыңы;
- 2) өз өмірлік жолында тұлғалық дамуының жоғары деңгейлі жетістіктері;
- 3) кәсіби іс-әрекетіндегі жетістікке жеткен нәтижелер; (сурет 2)
- 4) жеке тұлға ретінде даму жолында жоғары шыңдарға жету [72, б.47].




Сурет 2 - Жоғары оқу орнының білім беру үрдісінде акмеологиялық амалды жүзеге асырудың заңдылықтары мен факторлары

А.Н. Леонтьев өз зерттеулерінде тұлға бойындағы акмеологиялық бағыттылықтың болуын сапалық сипаттама ретінде таныған, яғни тұлға өз кәсіби іс-әрекетінде және жеке өмірінде шығармашылық тұрғыда өзіндік орнын тауып, үнемі даму үстінде болу үдерісі [122, б. 18-19].

Акмеологиялық бағыттылық құрылымы негізгі компоненттерден тұрады:

- аксиология (өзіндік кәсібінде даму құндылығының болуы, әлеуметтік ортада өзіндік орнының болуы, өмірлік маңызды құндылықтардың болуы);
- мақсаттылық (әр өзіндік кәсібіне маңызы бар мақсат қоя алу, өмірлік мәселелерді шешу жолындағы мақсаттылық);
- мотивация (өз кәсіби іс-әрекетіне қызығушылық болуы, ілгері даму жолында қызығушылық болуы) (сурет 3).




1) шынайы педагогикалық; 2) формальды-педагогикалық; 3) жалған педагогикалық

Сурет 3 - Тұлғаның акмеологиялық бағыттылығының құрылымы, А.Н.Леонтьев

Н.М. Костихина акмеологиядағы бағыттылықтың келесі түрлерін анықтайды [123].

Осы түрлерінің сипаттамаларын ашуға тырысайық (сурет 4):




Сурет 4 – Акмеологиядағы бағыттылық түрлері Зерттеуші

Е.В. Житкова «акменің» екі түрін ажыратады:

1) Жеке, субъективті мәнді кәсіби «акме». Бұл жағдайда біз белгілі бір адамның кәсіби жетістіктерінің жеткілікті жоғары деңгейі туралы айтып отырмыз, ол бұрын қол жеткізген нәтижелерден айтарлықтай асып түседі. Бұл жетістіктер кейде кәсіби қоғамдастыққа көрінбейді және олармен мойындалмайды, бірақ адамның өзі үшін осы бір уақыт кезеңінде ол үшін мүмкін болатын кәсібиліктің ең жоғары деңгейі ретінде танылады және бағаланады.

2) Индивидуальды субъективті мәнді кәсіби «акме» деп адамның күш-жігерін жұмылдыруы, өзін-өзі жеңуі, адамның бұрынғы кәсіби нәтижелерінен асып түсуі, өзі үшін кәсібиліктің жаңа деңгейіне жетуі деп түсініледі [124].



Сурет 5 - «Акме» түрлері, Е.В. Житкова

Зерттеуші Т.В. Зобнина болашақ педагогтердің психологиялық дайындығына акмеологиялық көзқарас инновациялық кәсіби білім беру жүйесінің феномені ретінде айқындайды, ол принциптер жүйесіне негізделген олардың психологиялық дайындық процесін тұтас ұйымдастыру болып табылады деп ойлады. Оны қолдану студенттердің кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруының психологиялық алғышарттарын бастайды [125].

Бұл жүйе субъектінің және субъективтіліктің, белсенділіктің, модельдеудің, рефлексивтіліктің, оқушылардың даму әлеуетін өзектендірудің, оңтайлылықтың, тұлғаның өзіндік Мен концепциясын қалыптастырудың, жүйеліліктің, сананың аксиологиялық құрылымын қалыптастырудың, компенсацияның және сәтсіздіктердің сындарлы рөлінің қағидаларын қамтиды. Оларды жүзеге асыру студенттердің психология саласындағы теориялық және қолданбалы білімді меңгеруімен, оларды практикалық мәселелерді шешуде пайдалана білуімен қатар, өмірде өз мүмкіндіктерін іске асыруға тұрақты және саналы ұмтылысты, өзіндік сананы қалыптастыруға, өзін-өзі өзгерту және өзін-өзі дамыту іс-әрекетін, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін психологиялық білімдерін қолдана білуге ықпал етеді.

Өз зерттеулеріне сай студент жастардың академиялық негіздегі дамуы мен психологиялық және әлеуметтік негіздегі қалыптасуына тұлға ретінде, педагог тұлғасының маңызы зор деп есептейді [126, 127].

Н.М. Полетаева мұғалімнің акмеологиялық ұстанымын әрбір оқушының жетістігі мен денсаулығын қамтамасыз етуге, жоғары нәтижелер мен табысқа, оның ішінде өзіндік педагогикалық жұмысына, шығармашылық кәсіби іс-әрекетін дамытуға бағытталған гуманистік бағыттылық деп анықтайды. Бұл ұстаным жаңа дамып келе жатқан оқыту технологияларын үнемі ізденуге, жаңа әдіс-тәсілдерді игеруге, кәсіби іс-әрекеттегі стереотиптерден бас тартуға, объективті өзін-өзі бағалау мен рефлексияға ынталандырады [128].

Айта кету керек, акмеологиялық позиция субъектінің келесі

сипаттамалары арқылы көрініс таба алады [129]:

1. іс-әрекеттегі мақсаттылық (оқушыны өз бетінше әрекет жасауға, мақсатқа жетуге бағыттайтын, өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін жүзеге асырудағы мотивтер мен қажеттіліктер);

2. рефлексияға қабілеттілік (өз мүмкіндіктеріне, өзін-өзі бағалауға және басқаларды өзінің сенімдерінің призмасы арқылы бағалауға қатысты сыншылдықтың көрінісі);

3. қоршаған социуммен конструктивті өзара әрекеттесу (оң эмоционалдық қатынас, жанжалды жағдайларды бірлесіп шешу, диалог);

4. мінез-құлық дербестігі (әрекеттің мәнін сыртқы әдістермен, сыртқы әсерлермен өзгертуден ішкі әдістерге көшу кезінде әртүрлі жағдайларда ерікті күш-жігердің көрінуі; мінез-құлықтың өзін-өзі реттеуі);

5. қызметтегі креативтілік (қызметтің шығармашылық сипаты; түпнұсқалық, қайталанбаушылық, пайымдаудағы тәуелсіздік);

6. өз әрекеттері мен істері үшін жауапкершілік (қоршағандармен қарым-қатынастағы, оларға жасалған іс-әрекеттерде парыз, ар-ождан және адалдық сезімінің көрінісі).

Акмеологиялық бағыттылықтың негізгі компонентінің бірі шығармашылық ахуалдың жоғарылауы, ол шығармашылық міндеттерді шешуден бастау алып, саналы іс-әрекеттен көрініс табады.

Шығармашылық әлеуетті көтеру үдерісі тұлға өзіндік өмірлік маңызды сапаларын дамыту барысында жүреді. Әрбір бастамада мақсат, іс-әрекет, нәтиже үштігі арқылы орындалады.

Маманның шығармашылық әлеуетін дамыту келесі маңызды сапалар арқылы іске асады:

- тұлғаның жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктері;
- шығармашылық міндеттемелерді шешудегі жасалған іс-әрекет нәтижесінің деңгейі;
- шығармашылық міндеттемелерді шешу барысында кері байланыс талдамасының болуы;
- шығармашылық міндеттемелерді шешудегі ішкі мүмкіндіктердің болуы, мотивация жоғары болуы, бағыттылық пен негізгі құндылықтардың болуы;
- құзыреттіліктер, субъектінің қасиеттері мен сапалары, біліктері;
- тұлғаға қоршаған ортаның әсері;
- тұлғаның еркіндігі, белгілі бір шектеулерден еркін болуы, бастамашылдығы, психологиялық дайындығы [130].

Акмеологиялық амалдың өзіндік ерекшеліктері айқын көптеген дереккөздерде көрініс табады (А.А. Бодалев, А.А. Деркач, Н.А. Коваль, Н.В. Кузьмина, Е.В. Селезнева және т.б.). Бұл зерттеулерге сәйкес, негізгі идеялар ретінде тұлғаның даму жолы мен дамуға деген бағыттылығы, өз кәсіби деңгейін көтеру кезінде үнемі әсер етуші акмеологиялық әсерлер мен орта жағдайларын ескеру, әр тұлғаның іс-әрекетінің ізгілік сипатта орын алуы, өзіндік даму бағытын және бағдарын жоспарлы түрде ұйымдастыру [131].

Өз зерттеулерінде Н.В. Кузьмина және А.А. Реан акмеологиялық факторларды үш бағытта қарастырады [132]:

- объективті, жүйелі және реттелген жоғары нәтижеге ие іс-әрекет бағытынан көрінеді;
- субъективті, тұлғалық негізгі қасиеттердің кәсіби іс – әрекеттер нәтижесіне ықпалынан көрініс табады;
- объективті - субъективті, бұл орайда қоршаған ортаның, әріптестер мен басшылық, материалдық және техникалық қамтамасыз етудің әсерінен көрініс табады.

Дереккөздерге сүйенсек, негізгі акмеологиялық әсер етуші факторларға: тұрақты жоғары деңгейлі мотивация, әр іс-әрекетте нәтижелі жетістікке жетуге деген ұмтылыс, мекеме тарапынан қамтамасыз ету негізіндегі стандарттардың болуы, шығармашылық негіздердің қалыптасуы, синергетикалық бағдардың болуы. Сонымен қатар, кәсіби негіздегі ойлау жүйесінің қалыптасуы, кәсіби шеберлік деңгейінің болуы да әсер етеді. Дәл осы негізде, белгілі негіздегі кері әсер етуші факторларда бар: қоршаған ортаның жағымсыз әсері, тұрақты негіздегі мотивацияның болмауы, өзіндік мақсаттылықтың айқын еместігі [133].

Сонымен қатар акмеологиялық әлеуеттің өзі де белгілі деңгейде фактор ретінде қарастырылады. Ғалымдар ұжымының зерттеулеріне сәйкес мамандық ерекшеліктеріне сай кәсіби негіздегі шаршау деңгейі әр түрлі болады, бұл зерттеу медициналық мекемедегі медбикелер арасында жүргізілген, зерттеу нәтижесіне сәйкес эмоционалды шаршау, тұлғасыздандыру бір жылдық еңбек өтілімі бар мамандарда да кездескен. Осыған сәйкес ғалымдар, күйзеліске бейінділігі бар мамандықтарда көп жағдайда кәсіби шаршау деңгейі басым болатынын көрсеткен. Дене мәдениеті және спорт мамандығы белгілі деңгейдегі күйзелісті көп туындатушы мамандықтар қатарынан көре аламыз, осы орайда болашақ мамандардың акмеологиялық әлеуетін арттыру мәселесі аса өзектілігімен ерекшеленеді деуге болады [134].

Ү.В. Vas'kov өз зерттеуінде мектеп оқушыларының зияткерлік, техникалық, дене дайындығының тиімді жетістіктеріне қол жеткізудегі акмеологиялық тұғырды басты шарт ретінде қарастырған, негізгі тұжырымдамасының басты идеясы дене тәрбиесі үдеріс ретінде баланың тұлғалық мүмкіндіктерін ескеру керек, білім беру үдерісінде толық негізде тұлғаның өзіндік дамуына жағдай жасау керек, осы негізде акмеологиялық тұғыр оқу үдерісін ізгілендіру мен дербес негізде құруға теориялық және технологиялық негізде толық қамтамасыз ететінін көрсеткен [135].

Маманның тұлғасын кәсіби дамыту-үздіксіз үрдіс, ол өзіне, өзінің кәсіби қалыптасуына, жетілуіне, кәсіби және әлеуметтік тәжірибені, шығармашылық әлеуетті және т. б. жинақтау мен дамытуға үнемі жұмыс істеуді талап етеді, бұл оған барлық кәсіби өзгерістердің орталығында болуға, бүкіл кәсіби қызмет барысында сұранысқа ие болуға, яғни бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді.

С.А. Хазова өз зерттеулерінде маманның бәсекеге қабілеттілігі тек қоғамдық ғана емес, сонымен қатар жеке мәнге ие, өйткені ол оған жоғары кәсіби мәртебені, еңбек нарығындағы жоғары рейтингтік позицияны және оның қызметтеріне тұрақты жоғары сұранысты қамтамасыз етіп, толыққанды кәсіби

қызмет пен кәсіби ұзақ өмір сүру үшін жағдай жасайды деп көрсеткен [136].

Қоғам талап ететін, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру үрдісі кәсіби оқу орнынан басталады және өмір бойы жалғасады. Маман даярлаудың сапасы, оның әлеуметтік және кәсіби міндеттерін орындауға дайындығы бірқатар нақты критерийлер мен көрсеткіштермен бағаланады. Маманның кәсіби қалыптасуының жетекші критерийлері - бұл үрдісті анықтайтын акмеологиялық детерминанттар.

Дене мәдениеті және спорт маманының кәсіби негіздегі іс-әрекет сипаттамасы төмендегідей мүмкіндіктер кешенінен жинақталған (кесте 1) [137]:

Кесте 1 - Кәсіби іс-әрекетке қажетті негізгі мүмкіндік кешендері

Мүмкіндік кешендері	Мазмұны
Дидактикалық Мүмкіндіктер	оқу материалын қажетті жас ерекшелігі мен аудитория мүмкіндігіне сай өңдей алу қабілеті
Академиялық мүмкіндіктер	өз саласына сай қажетті біліктілік деңгейінің болуы
Перцептивті мүмкіндіктер	өз кәсіби іс-әрекетінде білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескеру, тұлғаға бағдарланған амалды ұстану, дұрыс психологиялық ахуал құра алу
Сөйлеу мүмкіндіктері	оқу материалын барынша дұрыс жеткізе алу, қажетті деңгейде ым ишара, сезім мен эмоционалды тұрғыда беру
Ұйымдастырушылық Мүмкіндіктері	оқу міндеттемелерін бірлесіп шешуге ынталандыру, оқу ынтасын арттыру
Дербес мүмкіндіктері	педагог ретіндегі өзіндік стиль, бағыт бағдары, тұрпатының болуы
Коммуникативті мүмкіндіктер	білім алушылармен дұрыс қарым-қатынас құру, тиімді түрде педагогикалық мақсатты іс-әрекетті мақсатты түрде іске асыруда қажетті әдістемелік амалдар мен мүмкіндіктерді қолдану
Педагогикалық Мүмкіндіктер	педагогикалық іс-әрекет нәтижесін болжай алу қабілеті
Аттестациялық Мүмкіндіктер	негізгі кәсібімен қатар өзге де іс-әрекеттерді қатар ұйымдастыра алу қабілеті

Американдық психолог Б.Дж. Керрти өз зерттеуінде дене мәдениеті және спорт саласы маманының жеке сипаттамасын келтіреді [138]: зерттеуші ойынша маманға ашықтық, ұстамдылық, эмоционалды тұрақтылық аса қажет. Сонымен қатар өз - өзіне сенімділік, кәсіби іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарау, тәжірибе бағдар мен жаңашылдыққа төзімділік пен бейінділік. Кәсіби біліммен қатар, білім алушы жағдайын дұрыс түсіну мен жағымды қарым-қатынас құру.

Дене мәдениеті және спорт саласы бойынша болашақ маманның кәсіби іс-әрекеті негізінен білім алушының дене, психикалық, қызметтік мүмкіндігін жетілдіру, бала бойына рухани құндылықтарды, дене күтімі мен салауатты өмір салты тәртібін тәрбиелеу болып табылады. Сондай ақ, педагогикалық тұрғыда, білім алушының дене, дене қызметінің бағамын беру, баланың жеке мүмкіндіктерін ескеріп тапсырма беру, жүктемесін айқындау, оқыту мен жаттықтыруға қажетті құралдарды жеке ерекшеліктерін ескеріп қолдану. Өз

саласы бойынша ғылыми танымның болуы, жаңашыл технологиялық мүмкіндіктерді игеру мен мейлінше кең негізде қолдану. Білім алушылардың бос уақыттарын, өмірлік құндылықтарын бағдарлау. Осы орайда педагог бойында аталған сапалардың барлық негіздері қалыптасқан болуы маңызды.

Жарысу іс-әрекетінде жоғары өнімділік деңгейіндегі спортшылардың бәсекеге қабілеттілікке шығармашылық дайындығын дамыту заңдылықтары б суретте берілген [139, б. 19].



Сурет 6 - Спортшылардың шығармашылық даярлығын дамытудың заңдылықтары

Өз тәрбиеленушілерінің бойында шығармашылық пен бәсекеге қабілеттілік қасиеттерін қалыптастыру үшін, болашақ маман бойында аталған сапалар бар болуы шартты. Спортшылардың шығармашылық негіздегі дайындық үдерісі белгілі деңгейде заңдылықтарға бағынышты: спортқа қызығушылықтың болуы, үнемі нәтижеге жетуге тұрақты мақсаттылық, күнделікті жаттығу маңыздылығы, жаттықтырушы мен ұжымдағы өз сыныптастарымен қарым-қатынас құру, әр жаттығу сабағынан соң өз денсаулығын қалпына келтіру, сауықтыру шараларын ұстану.

А.М. Леонтьев пікірінше, акмеологияның өзекті мәселесін, негізгі міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін әдістер, тәсілдер мен қағидалар жүйесі акмеологиялық тұғыр сипаттамасын көрсетеді [122, б. 28].

Ғылыми әдебиеттер талдауы көрсеткендей, акмеологиялық тұғырды жүзеге асыру келесідей дидактикалық қағидаларды сақтауды талап етеді: студенттердің - болашақ мұғалімдердің уәждемелік білімі мен іскерлігін кезең-кезеңмен қалыптастыру; кезеңдерге сәйкес реттілік; жоғары оқу орны

оқытушыларының іс-әрекетіндегі жүйелілік; студенттердің тапсырмалары мен іс-әрекет түрлерін біртіндеп күрделендіру.

К.А. Абульханова-Славская өз зерттеулерінде акмеологиялық тұғыр жас маманға студенттердің әртүрлі санаттарымен іс-әрекеттерді жоспарлау кезінде стратегияларды түсінуге және кәсіби іс-әрекет пен мінез-құлықты рефлексия және өзін-өзі түзету арқылы өзінің кәсіби қалыптасуындағы мәселелерді жеңуді, сондай-ақ білім беру өнері мен өзін-өзі тәрбиелеудің кейбір әдістерін игеруге мүмкіндік береді деп тұжырымдайды [34, б. 17-18].

Акмеологиялық технологиялар өзін-өзі білімдендіруге және дамытуға неғұрлым жетілген мотивациясы бар ересек адамға бағытталған және дамуды қамтамасыз ететін жағдайларды жасауды білдіреді: тәуелсіз шығармашылық ойлау мен қиял; зияткерлік және шығармашылық бастама; эмпатия, күту; тәуелсіз шешімдер қабылдау, өз жобаларын құру, оларды іс жүзінде тексеруге және жетілдіруге байланысты ерікті әрекеттерді қалыптастыруға.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды жүйелей келе, акмеологиялық амалдың маңызы болашақ дене мәдениеті маманының шығармашылық іс-әрекетке дайындығын жетілдіруді әдіснамалық реттеуде жатыр, ол кәсіби мотивацияны күшейтуді, шығармашылық әлеуетті ынталандыруды, жеке ресурстарды тиімді пайдалануды, шығармашылық үдерісті өзін-өзі ұйымдастыру қабілетін, кәсіби іс-әрекетте жетістікке жету үшін өзінің білім беру жүйесін дамытуда мұғалімдерді оқыту мен сүйемелдеуді қамтамасыз етуден тұрады.

Кәсіби дайындық үдерісінде акмеологиялық тұғырды қолдану болашақ маман акмеологиялық бағыттылығын қалыптастыруға әсер етеді, бұл орайда акмеологиялық тұғыр мәні мен мазмұнын айқындау, тұлғаның акмеологиялық бағыттылығының мәні мен мазмұны, акмеологиялық бағыттылық негіз болатын үлгі құрастыру арқылы болашақ маманның кәсіби даярлығын ұйымдастыру мәселелері өзекті. Акмеологиялық тұғырдың жоғары оқу орнына ендірудегі мәні, білім алушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыруға, іс-әрекетте жетістікке жету мотивациясын арттыру, өзіндік дамыту әдістері мен тәсілдемелерін қолдану. Акмеологиялық тұғыр өзекті мәселелерді шешуге бағытталған ұстанымдар, амалдар мен әдістер жүйесін құрайтын, арнайы теориялық бағдарлы білім мазмұнынан тұратын тәсілдеме. Акмеологиялық тұғырға негізделген тұлғалық бағыттылық, жалпы өмірлік және кәсіби салада үнемі дамуға, шығармашылық әлеует шыңына шығуға деген тұрақты ұмтылыстың болуы. Тұлғаның акмеологиялық бағыттылығының негізгі құрамдас бөліктері, кәсіби іс-әрекетке құндылықты бағдардың болуы, кәсіби іс-әрекетке мақсаттылықтың болуы, кәсіби іс-әрекетте жетістікке жетуге деген мотивацияның болуы [140].

Рухани негізде кемелдену педагогтың өмірлік тәжірибесімен тікелей байланысты, өз кәсіби іс-әрекетінде рухани негіздер мен ізгілікке бейінделген тәрбие беру, ол педагогтың рухани негізде өзін дамытуға мүмкіндік береді. Педагогтың кәсіби, тұлғалық және рухани құрылуының нәтижесінде акмеологиялық бағыттылығы қалыптасады. Осы арқылы оқу үдерісінде әр білім алушыға эмпатия, төзімділік, субъект-субъектілі қарым-қатынас барысында

қажетті дамыту ортасын құрады. Бұл орта үнемі шығармашылық әлеуетті, жаңа технологияларды игеруге, үнемі рефлексиялық қатынасқа жүгініп, шынайы өзіндік бағалау көріністерін тудырады. Акмеологиялық бағдар болашақ маманның өз кәсіби іс-әрекетінде үздіксіз білім алу нәтижесінде дамуға ұмтылысының көрсеткіші бола алады [141].

Акмеологиялық тұғырдың негізгі бөліктерінің бірі мақсаттылық, осы негізде тұлғаға бағдарланған мазмұнның негізгі қызметі, әр білім алушының жеке қызығушылықтарын ескеріп білім беру үдерісін ұйымдастыру. Жалпы қоғам құндылығы, мәдени бастауы негіздерінің басты идеясын, оқу үдерісінде пән мазмұнына ендіру, жалпы теориялық білімін өмірге маңызы бар тәжірибеге айналдыру [142].

Педагогикалық кәсіби іс-әрекетте тар ауқымдағы құзыреттіктермен шектелмейді, тұлға бойындағы құзыреттіктердің жиынтығының үйлесімді қарым-қатынас негізінде ұйымдастырылуы арқылы жүреді. Дене мәдениеті және спорт мамандарының дайындау барысында педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік, сауықтыру құзыреттіктері қалыптастырылады. Әр педагог маманның үнемі кәсіби даму үшін қозғаушы күш өсін өзі жетілдіру сапасы бола алады. Акмеологиялық жетістікке жету үшін әсер етуші субъективті фактор мотивация бола алады, сондай ақ коммуникативті құзыреттіліктің негізгі элементтері вербалды және вербалды емес құралдар ерекше мәні бар. Дене мәдениеті және спорт педагогтерін дайындауда, оқу-жаттықтыру іс-әрекетінің арнайы жағдайларын ескеру қажеттігі бар [143].

Кәсіби тұлғалық әлеует білім, білік, дағды, мүмкіндіктердің, жеке тұлғалық сапаларының сәйкес қажеттіліктерін қалыптастыру болып табылады. Тұлға өзіндік орнын іздестіру, өзіндік әрекеттерін талдау кезінде көптеген әлеуеттердің түрлері айқындалады. Акмеологиялық әлеует танымдық, рухани-адамгершілік, шығармашылық, коммуникативті компоненттердің маңызды құрамдас бөліктерінен тұратын, яғни кәсіби әлеуетпен теңестіруге болады деп есептеген [144].

Ізгілік қатынасқа бағдар, дене мәдениеті және спорт саласы маманының жүйелі сапасының бірі, ол кәсіби іс-әрекет жұмысына, өзге тұлғаларға, өзіне деген қатынасынан, ізгілік құндылықтарынан көрініс тауып, қарым-қатынас мотивтерінен тұрады. Ізгілік бағдары тұлғаның кіріккен сапасы ретінде маманның кәсіби іс-әрекетінде акме деңгейге жетуге ұмтылысына жағдай жасайды [145].

Қазіргі білім беру жағдайында инновациялық технологияларды қолдану дене мәдениеті және спорт мамандарының қажетті кәсіби құзыреттіктерін акмеологиялық тұғыр негізінде ұйымдастыруға және жетілдіруге мүмкіндік береді. Акме технология, компьютерлік технология, оқыту технологияларының тұлға дамуына қажетті негізде қолдану, болашақ маманды дайындау үдерісінде тиімділігін арттырушы аспект ретінде аталған технологиялардың маңызы зор [146].

1.2 «Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуеті» ұғымының мәні мен құрылымы

Бұл бөлімде «Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуеті» ұғымының мәні мен мазмұнын ашуға тырысамыз.

«Әлеует (потенциал)» термині ежелгі грек философтары мен ойшылдары жұмысында кездеседі. Аристотель өзінің ғылыми еңбектерінің бірінде «потенциал» ұғымына адамның іс-әрекеті арқылы шындыққа айнала алатын ішкі күш деп анықтама берді [147].

Зерттеу кезінде психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде, тұлғаның әлеуеті ұғымы, жалпы тұлғаның өмірлік даму жолындағы негізгі шарттар мен әсер етуші факторларға сипаттама береді. Осы орайда тұлғаның әлеуеті келесі мазмұннан тұрады:


- тұлға мүмкіндіктері, бейінділігі, тұлғаның ішкі сапалары, даму стратегиялары, өзіндік жоспарлары, өмірлік құндылықтары [148];
- тұлғаның кәсіби іс-әрекетіне маңызы бар даму қабілеттерінің сипаттамасынан тұрады [149];
- тұлғаның ішкі әлеуеті, ішкі қорлары, белгілі бір құбылыс пен үдерістерді құрамдас бөліктерінен тұрады [150].

Ғалымдар А.Г. Кузнецов және С.М. Селезнева «Тұлғаның әлеуетін белгілі бір жағдайларда белсендіруге, түрлендіруге және кез келген мақсатқа жету үшін пайдалануға болатын жасырын және айқын адам ресурстарының жиынтығы ретінде анықтайды» [112, б. 10].

Әрі қарай, біз тұлғаға тән мүмкіндіктерді анықтауға тырыстық.

Ғылыми әдебиеттерді талдау көрсеткендей, тұлға әлеует құрылымын қарастыра отырып, В.В. Соколов тұлға әлеуетінің келесі құрылымын және оның элементтерін анықтайды:

- кәсіби әлеует (адамның кәсіпқойлығын сипаттайтын білім, білік және дағды);
- жұмысқа қабілеттік әлеуеті (жеке адамның өндірістік-еңбек әрекетіне қабілеті);
- білім алу әлеуеті (жек адамның интеллектуальды қабілеті);
- шығармашылық әлеуеті (жеке тұлғаның шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру қабілеті);
- рухани әлеует (адамгершілік қасиеттері) (сурет 7) [151, б. 78–81].



Сурет 7 – В.В. Соколов бойынша тұлғалық әлеуеттің құрылымы

М.С. Каганның [152] пікірінше, тұлға құрылымында бес әлеуетті бөлуге болады:

1. *Адамның гносеологиялық әлеуеті.* Ол санмен сипатталады, адамда болған ақпараттың сапасымен сипатталады. Онда сыртқы әлем, табиғи, әлеуметтік, өзін-өзі тану туралы білім бар және табиғи ақылға, білімге, жеке тәжірибеге байланысты.

2. *Тұлғаның аксиологиялық әлеуеті.* Ол әлеуметтену үдерісінде алған құндылық бағдарларының жүйесімен анықталады – оның идеалдары, өмірлік мақсаттары, нанымдары мен ұмтылыстары, жеке сана мен оның өзін-өзі тануының бірлігі ретінде.

3. *Жеке тұлғаның шығармашылық әлеуеті.* Ол алған және өздігінен дамыған дағдыларымен, іс-әрекетке, еңбекке, жасампаздық және (немесе) бүлдіргіш, өнімді және репродуктивті қабілеттерімен, сондай-ақ оларды қандай да бір қызмет саласында жүзеге асыру шарасымен сипатталады.

4. *Тұлғаның коммуникативтік әлеуеті.* Ол оның қарым-қатынасының өлшемімен, формаларымен, басқа адамдармен қарым-қатынастың сипаты мен беріктігімен, тұлғааралық қарым-қатынастың мазмұнымен анықталады, әлеуметтік рөлдерде көрінеді.

5. *Тұлғаның көркемдік әлеуеті.* Оның мазмұны, көркемдік қажеттіліктерінің қарқындылығы және оларды қалай қанағаттандыратыны анықталады.

М.А. Нугаев әлеуметтік әлеует, бір жағынан, адамның ішкі күші және оның жеке қасиеттері, оның көмегімен ол өзінің мүмкіндіктерін жүзеге асырады, екінші жағынан, қоғамның өз мүшелерінің мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін белгілі бір жағдайлар жасау қабілеті туралы қорытынды жасады [153]. Осылайша, жеке тұлға да, қоғам да әлеуметтік әлеуетке ие.

Л.А. Даринская «шығармашылық әлеуетті» табиғи-генетикалық, әлеуметтік-жеке және логикалық компоненттерді қамтитын күрделі интегралды ұғым ретінде анықтайды, ол адамның адамгершіліктің жалпыадамзаттық нормалары шеңберіндегі әртүрлі қызмет салаларында білім, дағдылар, қабілеттер мен өзгерістерге деген ұмтылысын білдіреді [154].

Тұлға бойында кездесетін әлеуеттің түрлерін анықтау мақсатында біршама зерттеулерге талдау жүргіздік.

Ғылыми әдебиеттер талдауы көрсеткендей, әлеуеттің келесідей түрлерін ғалымдар анықтап талдаған: сурет 8.

Суреттегі аталған әлеует түрлеріне жеке тоқталсақ:

А.Н. Леонтьевтің пікірінше, инновациялық әлеует шығармашылық әлеуеттің өнімді эволюциясы болып табылады және жеке тұлға инновация жасаған кезде анықталады. Бұл өзін-өзі актуализациялау шығармашылық әлеуетті дамытуға жұмылдырады, ал шығармашылықты инновациялық-өнертапқыштыққа айналдыруға болады дегенді білдіреді. Осылайша, белгілі бір қызметті қарастырған кезде өзін - өзі тану тұлғаның интрапсихикалық компонентіне айналады, ал шындықпен өзара әрекеттесудің интерпсихикалық механизмі инновациялық әлеуетке айналады [155].

В.Н. Марков кәсіби әлеует деп адамның өмір жолында жеке дамудың мүмкін бағдарының алуан түрлілігін қамтамасыз ететін, сондай-ақ маманның басқарушылық қызметте әлеуметтік маңызды нәтижелерге қол жеткізуіне әсер ететін адамның ерекше ұйымдастырылған ішкі жаңартылатын ресурстарының жеке жүйесін түсінеді. Іске асырылған кәсіби әлеует маманның кәсіби тәжірибесімен айқындалады. Іске асырылмаған кәсіби әлеует жеке тұлғаның құндылық-мотивациялық құрылымымен анықталады және кәсіби әлеуеттің өзгеру бағыттарын анықтайды (сурет 8) [156].



Сурет 8 - Ғылыми зерттеулердегі «әлеует» түрлері

Зерттеуші И.В. Брестер студенттердің кәсіби өзін-өзі тануының психологиялық-акмеологиялық әлеуетін жеке ресурстарды (мінез-құлық үлгілері, білім, көзқарас, қарым-қатынас, адам тәжірибесін тарату формаларын қалыптастыру) біріктіретін және оқу-кәсіби және квази-кәсіби қызмет үдерісінде алынған тәжірибені жеткізуге жағдай жасайтын динамикалық функционалды жүйе ретінде анықтайды [157].

Акмеология өзіндік іске асырудың көптеген сипаттамаларына әсер етеді, ол рухани даму, қоғамдық өз орнын табу, эмоционалды зияттылықтың жоғары деңгейі, дене дамуы, психикалық белсенділік пен денсаулық сақтауды өмір бойына ұстану (Bengtson & Settersten, 2016; Demetriou et al., 2016; Entezari et al., 2018; Gibbs, 2019; Gelfo, 2019), жетістіктер мен тұлғалық даму жасерекшелік пен өмір бойына дамуға тікелей қатысты. Тәжірибенің жинақталуы мен өмір бағдарын өзгерту, осы кішігірім өзгерістер тұлғаның жоғары даму деңгейіне жету нүктесі болып табылады (Fletcher & NíChróinín, 2021; Sparks et al., 2017) [158-164].

Акмеологиялық тәсіл - заманауи жоғары білім берудің ең прогрессивті және перспективалық бағыттарының бірі ретінде, болашақ маман жеке басын дамытудың басым факторларының бірі ретінде жоғары оқу орындарында акмеологиялық әдісті енгізу адамның акмеологиялық мәдениетін қалыптастыруға жағдай тудырады.

«Психологиялық және акмеологиялық потенциал» түсінігін оның көрсеткіштері тұрғысынан қарастырған жөн, олардың арасында мыналарды бөліп көрсетуге болады:

– жеке дербестік – нақты субъективті тәжірибеде көрінетін ішкі еркіндікке қол жеткізу нәтижесінде;

– дүниетану мен көзқарастың іске асырылатын қажеттілігін білдіретін өмірдің мәнділігі;

– төзімділік – стресстік орта факторларының әрекетіне жауап, күш, төзімділік, шыдамдылық ұғымдарымен жақын ұғым. Өміршендік пен жеке дербестік – адамның өз өмірін жасауының іргелі негіздері;

– өзгеруге дайын болу және өзгерісті үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік жағдайлар міндетті түрде талап ететін құндылық ретінде қабылдауға дайын болу;

– өзінің өмірлік тәжірибесіне, қобалжуларына, қарым-қатынастарына негізделген жаңа белгісіз ақпаратты қабылдау және соған сәйкес әрекет ету қабілеті;

– конструктивті (іс-әрекетті жүзеге асыруды жеңілдететін) және деструктивті (оны жүзеге асыруға кедергі келтіретін) факторларды ескере отырып, іс-әрекетті уақыттық алғышарттарды ескеріп жоспарлау мүмкіндігі [165].

Төменде біз шетелдік және қазақстандық ғалымдардың еңбектеріндегі «Акмеологиялық потенциал, акмеологиялық құзыреттілік, акмеологиялық тәсіл» ұғымдарының мазмұндық талдауын кестеде беруге тырыстық (2001-2017 жж.) (кесте 2).

Кесте 2 - Шетелдік және қазақстандық ғалымдардың еңбектеріндегі «Акмеология, акмеологиялық әлеует, акмеологиялық құзыреттілік, акмеологиялық көзқарас» ұғымдарының мазмұндық талдауы (2001-2017жж.)

Автор	Тұжырымдаманың мәні
1	2
Д.Н.Мотыгуллин [165, б.58]	Кәсіби іс-әрекеттегі маманның акмеологиялық әлеуеті, екі негіздегі құрылыммен анықтайды: болашақ педагог біліктілігін арттыруға бағытталған кәсіби шеберлігі, акмеологиялық әлеуетті қалыптастырушы белгілердің сипаттамасы
В.Н.Марков [166]	Субъектінің өмір және кәсіби тәжірибесі акмеологиялық әлеует құрамдас бөліктері болып табылады. Осы орайда өмірлік тәжірибеге аса назар бөлу маңызы бар, себебі жинақталған тәжірибе кәсіби іс-әрекет пен тұлғаның жеке әлеуеті арасындағы негізгі байланыс әрекеті ретінде сипатталады.
А.Н.Леонтьев [122, б.16]	Негізгі ұстанымдар және тәсілдемелер жүйелі түрде акмеологиялық амал негізіндегі туындаған міндеттерді шешуге бағдарланса, акмеологиялық тұғыр сипаттамасын береді. Педагогикалық үдерісте акмеологиялық тұғыр негізіндегі құрылған білім беру ортасы, болашақ маман бойында шығармашылық әлеует, кәсіби мотивация, үнемі жетістікке жетуге ұмтылыс, өзіндік даму мен өзіндік жетілдіруге ынтаны арттырады.

2 – кестенің жалғасы

1	2
И.А.Беспалов [167]	Ғалым пікірінше акмеологиялық әлеует, тұлғаның өзіндік реттеуші тетіктер мен құндылық бағдарына сай тұлғаның ішкі және сыртқы сапаларының өзгерістерін құрайды.
В.П.Медведев [168]	Мамандарды даярлауда акмеологиялық бағытты жүзеге асыру студенттің оқу үдерісінде белгілі бір пәндер саласындағы білімді ғана меңгеріп қана қоймай, оның болжау қабілеті, жоғары деңгейі сияқты кәсіби шеберліктің акмеологиялық инварианттарын қалыптастыруды талап етеді. өзін-өзі реттеу, жауапкершілікті өз мойнына алу және дұрыс шешім қабылдау қабілеті.
А.А.Жигулин [169]	Ғалым жалпылама түрде акмеологиялық әлеуетті тұлғаның өзіндік даму үдерісін арттыру, тұлғаның алғаш жеткен нәтижеде тоқтамай, ілгері ұмтылысының болуы, өмірлік тәжірибеде үнемі өзіндік жетілу үдерісін өзектендіру.
А.Г.Кузнецов, С.М.Селезнева [112, с. 33]	Акмеологиялық әлеует дамытушы ортада құндылық, мотивациялық, рефлексиялық, бағалаушы, когнитивтік және операциялық элементтерді қамтамасыз ететін маңызды сапа.
Н.Н.Пачина [170]	Ғалым пікірінше акмеологиялық құзыреттілік құрамдас бөліктері: - мамандықтар аясында өзін-өзі дамытудың, өзін-өзі жетілдірудің, өзін-өзі сақтаудың әдістерін, жолдарын, тәсілдерін білу дағдысы; - кәсіби іс-әрекет үдерісінде тұлғаның және кәсіби өзін-өзі дамытудың, өзін-өзі жетілдірудің және өзін-өзі сақтаудың әдістерін, әдістерін, тәсілдерін қолдана білу дағдысы; - кәсіби мотивацияның стратегиялық бағдарлары; - жеке бейнелерді құруда өзін-өзі дамытудың, өзін-өзі жетілдірудің және өзін-өзі сақтаудың рефлексиялық стратегиясын меңгеру.
Б.Ж.Бекжанова [171]	Акмеология адамды тұлға, іс-әрекет субъектісі, индивид ретінде зерттеп, жалпы алғанда ақыл-ой әлеуеті қалыптасқан көпқырлы біртұтас адам ретінде оның жеке ерекшеліктерін анықтайды, адамның қол жеткізген нәтижелерін зерттеу негізінде оның әлеуетінің заңдылықтарын және жолдарын қарастырады. Осы педагогикалық акмеология білім сапасын арттыруда өте үлкен маңызға ие, болашақ педагогтардың кәсіптік даярлығын жаңа моделін құруға жол ашады және адам капиталын дамыту мәселерін шешуге бағытталады.
Б.А.Тургунбаева [172]	Оқушылардың бойында қалыптасуы қажет негізгі дағды – білім алу, үздіксіз және нәтижелі білім алу. Бұл болашаққа алғышарт ретінде өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру өмір тиімділігін арттыру, жеке тұлғаны неғұрлым толық іске асыру факторлары ретінде қарастырылатын болады.
Г.В.Беспалов [167, б. 25]	Шығармашылық мүмкіндіктерді өзектендіру психологиялық және акмеологиялық жағдайлармен қамтамасыз етіледі, олардың жетілдірілуі жастардың шығармашылық өзін-өзі дамытуының, табысқа жетуінің, қызметтің кез келген түрін және әлеуметтік рөлдерді орындауға шығармашылық көзқарасын қамтамасыз етеді.

2– кестенің жалғасы

1	2
Д.М.Кошман [173]	Акмеологиялық тәсілді жүзеге асыру студенттердің шығармашылық әлеуетін өзектендіруге, олардың кәсіби мотивациясын және өз іс-әрекетінде табысқа жетуге деген ынтасын арттыруға, өзін-өзі жетілдіруге және табысты болуға деген ұмтылысты қалыптастыруға бағытталған педагогикалық өзара әрекеттесуді (қарым-қатынасты) бағдарлаудан тұрады. Кәсіпте өзін-өзі жүзеге асыру, кәсіби білім мен дағдыларды үнемі жаңартып отыру қабілеттері мен қажеттіліктерін, шығармашылық өзін-өзі дамытуда, кәсіби шыңдарға жетуге бағытталған өнімді тұлғалық және кәсіби дамуға дайындығы мен қабілетін қалыптастыру
И.Е.Балыкова [174]	Оқыту үдерісі барысында жинақталған танымдық өнімді өзіндік тәжірибеде мейлінше кең қолдану, тұлғаның өзіндік мүмкіндіктерін дұрыс бағалай алуға, кәсіби іс-әрекетінде өзіндік деңгейі, білім, білік, дағдыларын, негізгі құзыреттілігін арттыруға бағыттылығын, өзге тәжірибені, өзінің тиімді тәжірибесін жүйелі негізде қолдануды анықтайды.
М.М.Кашапов [175]	Тұлғаның жеке, индивидуалдық, мубъектілік әрекеттердің белгілі бір деңгейінен кейінгі акмеологиялық тәсілдеменің мәні, тұлғаның тұтастығын, өзге тұлғалармен негізгі қарым-қатынастар кұруда жүзеге асырумен сипатталады.

Сонымен, кестедегі мәліметтерді қорытындылай келе, «акмеологиялық әлеует» ұғымының зерттеушілер тарапынан жеткілікті түрде зерттелмегенін атап өтуге болады, сондықтан біз осы категорияға жақын ғалымдардың ойларын «акмеологиялық көзқарас», «акмеологиялық құзыреттілік» деп көрсетуге тырыстық.

Сонымен бірге, ғалымдар акмеологиялық потенциал келесі түрде ұсынылатынын атап көрсетеді:

- динамикалық жүйе
- жеке тәрбие
- қос құрылым
- жұмыс тәжірибесі
- өзгеру механизмі.

Д.Н. Мотыгуллин кәсіби тұлғаның акмеологиялық әлеуетін дуальді құрылым ретінде қарастыруды ұсынады: кәсіби шеберлік болашақ мұғалімнің кәсіби деңгейін көтеруге дайындығы мен қабілетінің көрсеткіші, сонымен қатар акмеологиялық потенциалды қалыптастыру критерийі болып табылады [165, б. 10].

Ғалым өзінің ғылыми зерттеулерінде мұғалімнің акмеологиялық әлеуетін болашақ мұғалімнің кәсіби деңгейін көтеруге дайындығы мен қабілеті деп түсінеді, ол екі құрамдас – кәсіби потенциал (кәсіби құзіреттілік) және бейімделу потенциалы (өзгермелі еңбек жүйесіне бейімделу) қамтиды [165, б. 45].

Көптеген ғалымдардың пікірінше, тұлғаның акмеологиялық әлеуетін екі негізгі деңгейлі құрылыммен сипаттауға болады, бірі кәсібилік, психологиялық

кәсіби маңызы бар сапалар, кәсіби іс-әрекеттен тұрса, екінші бөлігі, тұлғаның шығармашылық әлеуеті мен болашақ кәсіби өсу жолын анықтаушы нәтижелердің қажеттілігі. Аталған деңгейлі құрылымдардың қалыптасуы үшін, орта факторларының орындалу шарты бар, кәсіби білікті мамандардың болуы, тәжірибе мен кәсіби дағдылар, тұлғалық маңызы бар, іскерлік маңызы бар сапалар, ортаның іс-әрекетке итермелеуші мотивациясының болуы. Бұл тұста тұлғаның психологиялық сапасы ретінде, тәжірибеге анықтама беру жөн, аталған сапа тәжірибелі іс-әрекетке үйрену арқылы қалыптасқан сапа. Бұл ретте сапа құрамын, кәсіби білім, білік, дағды, басқарушылық қасиеттер құрайды деп сипаттаған тиімді [176].

Дене мәдениеті және спорт саласында зерттеу жүргізетін көптеген ғалымдар оқу үдерісі кезіндегі өмірлік дағдыларды тәрбие арқылы беру мәселесіне басты назар бөледі (Bean et al., 2018; Lerche et al., 2018; Pesce et al., 2016). Бұл үдеріс заманауи қоғамдағы тұлғаның қалыпты дамуы деңгейін қамтамасыз ету формасы ретінде қарастырылады, біздің зерттеуімізде жоғары жетістіктерге ұмтылудың басты аспектіні қарастырамыз (Prnjak et al., 2019) [177-180].

Кәсіби жетістіктер немесе шынайы академиялық үлгерім арасындағы әлеуеттің жоғарылауы арасындағы нақты байланыс болмауы өзге зерттеулермен дәлелденген. Мотивация арнайы орта мен арнайы әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталмаса пайдасы төмендейді, ол үшін көздеген мақсатқа жету әлеуеті керек (Шенцова, 2018; Slater & Quinn, 2020). Көп жағдайда өзіндік орнын іздеуге байланысты құндылықтар мен ұмтылыстары бар, нақты саналы мақсат қоя білген индивидтер жетістікке жетеді (Kelly & Updegraff, 2017) [181-183].

Мотивацияның жоғары деңгейі мен шынайы нәтижелердің статистикалық орнығуы арасындағы өзгерістер көптеген зерттеулерде көрініс тапқан, бұл құбылыс мотивацияның өзгеруімен, ерікті мақсаттылық, іс – әрекетке даярлығымен байланысты (Hill & Curran, 2016; Jowett et al., 2016; Rudolph, 2016). Тек мақсатты ұйымдастырылған дене жаттығулары кезінде даму деңгейінің шынайы нәтижесі арасындағы идея мен арман арасындағы айырмашылықты көреді, әр жаттығу тек жоспар мен уақытты талап етеді (Sato, Naegele, 2018) [184-187].

Тұлғаның өмір тәжірибесінде және кәсіби даму бағдарында акмеология ғылымының алатын орнының маңызы зор, К.К Платонов. кәсіби іс-әрекетті мына сипаттамалар арқылы көрсеткен: іс-әрекет тиімділігі, қарқындылығы, ұйымдасу ерекшеліктері, нақты және берік шешімнің болуы, біліктіліктің жоғары деңгейі, жауапкершілік, шешім қабылдай алу қабілеті, негізгі кәсіби құзыреттіліктер [188].

Акмеологиялық орта гуманитарлы, табиғи, әлеуметтік, техникалық, экономикалық, ғылыми негіздегі кешенді акмеологиялық білімнен тұрады. Тұлға қалыптасуына әсер етуші басты фактор орта деген көптеген ғалымдардың пікірі бар. Ортада қарым-қатынас кезінде тұлға әлеуметтік тәжірибеге жиі жүгінеді. Ортаға сәйкес тұлға бойынан екі түрлі өзгерісті байқауға болады, жүйелі және бейімделу. Жүйелі ортаның көптеген

талаптарына сай тысқары шығу болса, келесі негізде ортаның талаптарына сай бейімделу [189].

Қоғам талап ететін бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру үрдісі кәсіби оқу орны екені белгілі, ол ары қарай үлкен кәсіби өмірде өз жалғасын табады. Маманның жоғары сапалы түрде кәсіби негізде қалыптасуының басты көрсеткіштері акмеологиялық қозғаушы күштер болып табылады [190].

Халық педагогикасының негізгі қағидаларын зерделей келе болашақ мұғалімнің акмеологиялық даярлығын қалыптастыруда пайдалану мүмкіндіктерін осы негізде көрсетуге мүмкіндік бар екенін көрсеткен: оқушының жас ерекшелігін ескеріп тәрбиелеу, тәрбиеленушінің жеке тұлғалық ерекшеліктерін есепке алу, ұстаз бен оқушы арасындағы сыйластықты сақтау, оқушының жаны мен тәніне келер қауіптен сақтау, мұғалім мейірімділігі, шәкіртті тәрбиелеу, оқыту барысында ақыл – ойын дамыту, тәрбиенің үздіксіз жүргізілуін, біртұтастығын сақтау [191].

Білім алушылардың дене дамуын қалыптастыру әдістемесіне түзетулер енгізу мақсатында мұғалімнің оқу – әдістемелік, ғылыми әдебиетпен жұмыс жасай білуі, өзіндік зерттеулер жүргізу және оларды талдай алу [192].

Дене тәрбиесі мұғалімінің шығармашылығы оқыту мен жаттығу сабақтарын ұйымдастырудың озық технологияларын таңдау ғана емес, сонымен қатар қозғалыс эрудициясына, тәрбиесіне тікелей қатысты. [193].

Білім беру жүйесін ұйымдастыруда сабақтастықтың маңызы зор, негізінен білімнің бірте – бірте жинақталу эффектісі аса тиімділік көрсеткіші деуге болады, оған дәлел авторлардың көзқарасы, білім беру үдерісі білім, тәжірибе мен дағдыларды ұрпақтан ұрпаққа тасымалдау, қазіргі жаңа технологиялардың ең бір маңызды жеткен жетістігі деген сөздері дәлел. Яғни, сабақтастық негізіндегі ұйымдастырылған үдеріс, болашақ ұрпаққа да өзіндік бір базалық негіз бола алады [194].

Өз зерттеуінде көрсеткен үлгіні іске асыру кезінде автор кәсіби іс-әрекетте даму бағдарының негізгі акмеологиялық жағдайларын көрсеткен, ішкі және сыртқы. Сыртқы: мамандардың бәсекеге қабілеттілігі, тұлғаның кәсіби бағдары, дамытушы білім беру ортасын құру, ғылыми әдіснамалық негізін құру, негізгі акмеологиялық және психологиялық ехнологияларды қолдану мүмкіндігі, оқу үдерісін ұйымдастыру ерекшелігі, инновациялық тәсілдерді қолданып оқу үдерісін ұйымдастыру; ішкі: тұлғаның өзіндік танымға деген даярлық деңгейі, өзіндік жетілу мен өзіндік даму, кәсіби іс-әрекеттегі ынта мен қызығушылықтың болуы [195].

Дене мәдениеті және спорт мұғалімінің инновациялық іс – әрекетінде акмеологиялық әлеуетін дамыту кезінде келесі қызметтерге ие: адаптациялық, жалпы білім беру, дамытушы, тәрбиелік, диагностикалық, яғни шығармашылық даярлығы бар мұғалім – тәрбиешінің тұлғасын қалыптастыру оның өзіндік жұмыс жасау стилі бар, ойлауы ерекше мұғалім – новатор дайындау [196].

Авторлар жүргізілген зерттеулеріне сай акмеологиялық әлеует құрылымын ұсынған [96, б. 45]:

- Д.Н. Мотыгуллин бойынша, кәсіби әлеует (кәсіби даярлық құрамына енген сезімталдық пен негізгі дағдылардың сипаттамасынан тұрады) және

бейімделу әлеуеті (өзгермелі ортаға бейімделе алу қабілеті);

- И.А. Беспалов бойынша, тұлғаның акмеологиялық мәдениеті (қоғам мәдениетіне сай қажетті міндеттерді шешу үшін субъектінің өзіндік даму мүмкіндігі), акмеологиялық бағдар (акме шыңына жету үшін тұлғаның ішкі мотивациясы), акмеологиялық тәжірибе (өзімен және қоғаммен қарым-қатынас негізінде туындаған және жинақтаған тәжірибе үдерісінде алған білім, білік, дағдылары), акмеологиялық мүмкіндіктер (негізгі психикалық қызметтерді тиімді іске асыру үшін қажетті психикалық мүмкіндіктердің болуы), тұлғаның акмеологиялық маңызды сапалары (тұлғаның жеке даму деңгейі, тұлғаның қалыпты дамуы және үнемі өзіндік жетілуге ұмтылысының болуы), акмеологиялық құзыреттілік (мотивациялық, когнитивті, операциялық негізгі компоненттер), акмеологиялық лидерлік (басқарушы ретінде әр қызметкер мен әріптесі бойынан қажетті мүмкіндіктерді көре алу қабілеті), акмеологиялық әсер (өз басқару ортасына қызметтік, кәсіби және тұлғалық негізде дамыту әсерін тигізу, құндылықты бағдардың болуы, ынталандыру қабілетін игеру);

- А.А. Леонтьева бойынша, құндылықты – мотивациялық, когнитивті, операциялық. Педагогтың акмеологиялық әлеуетінің құрылымы үш компоненттен тұрады, олар тұлғаның үш негізгі сапасымен сәйкес келеді, олар: мотивация, білім, мүмкіндіктер. Бұл компоненттер тұлғаға өмірлік және кәсіби негізде өзіндік орнын табуға мүмкіндік беретін сапаларды және психологиялық ерекшеліктерді біріктіреді [155, б. 44].

Үздіксіз білім беру үдерісінде тұлғаның кәсіби іс-әрекеттің биік шыңына ұмтылу, оған қол жеткізу, тәжірибе жинақтау, бағалау үдерісінде өзіндік дамуды қамтамасыз ете алу. Құндылық, мотивациялық, танымдық, рефлексиялық, бағалаушылық, операциялық компоненттер арқылы өзіндік даму жағдайын туындататын жүйе (А.Г. Кузнецов, С.М. Селезнев) [112, б. 17].

Кәсіби өзін өзі жетілдіру мен тәрбиелеуге дайындық қабілетін көрсететін, маңызды қасиеттерін түсінуге, өз мүмкіндіктерін кәсіби негізде жетілдіруге ұмтылуға бағытталған педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігін қамтуға арналған педагогтың акмеологиялық әлеуеті (И.Е. Балықов) [174, б. 40].

И.А. Беспалов, Д.Н. Мотыгуллин, А.А. Леонтьева, А.А. Жигулин, С.М. Селезнева өз зерттеулерінде акмеологиялық әлеуеттің мәні туралы мәселені қарастырған кезде, акмеологиялық әлеуеттің құрылымын анықтау тәсілдерінің бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленетінін анықтаған.

А.А. Леонтьева өз диссертациялық зерттеуінде болашақ мұғалімнің акмеологиялық әлеуетінің үш негізгі блогының бірі акмеологиялық амал екенін көрсетеді, ол акмеологиялық сауаттылық ретінде сипатталады. Бұл педагогика, психология, акмеология және әдістеме негіздерін білудің интегративті жүйесі, білім берудің тұжырымдамалық негіздерін құру мен жүзеге асыруға қатысуға бағдарлау, мұғалімнің тұлғалық қасиеттерін кешенді диагностикалаудан хабардар болу, оның танымдық және шығармашылық қабілеттер мен танымдық құндылықтар, «акме», «адам өмірінің мәні», «өзін-өзі таныту» сияқты ұғымдарды білу, бастамашылық пен қызығушылық ретінде көрініс табады [155, б. 41].

Акме - бұл дамудың нәтижесі және жеке тұлғаның өзін – өзі дамыту

нәтижесі. Білім сапасы осы ортада жұмыс істейтін мамандардың сапасына тікелей тәуелді. Мұғалімнің мәртебесін арттыру саласындағы мемлекеттік басымдық қазіргі заманғы қоғамдық элита ретінде мұғалімдердің жаңа буынын қалыптастыру жөніндегі саясатты әзірлеу. Мұғалімнің кәсіби дамуы және өзін – өзі анықтауы акмеологиялық әлеуетті ашу негізінде ғана дамуына мүмкіндігі бар үдеріс [197].

Болашақ дене мәдениеті маманының акмеологиялық әлеуеті жаңа талаптардың әсерінен пайда болатын өз – өзін жетілдіру, өз – өзін түзету мен өз-өзін ұйымдастыру құралдары мен механизмдерінің біртұтас жүйесі, оның нәтижесі ретінде кәсібиліктің шыңына жетуге шығармашылық даярлық сипатта болады.

Акмеологиялық әлеуеттің когнитивтік компоненті астында ол тұлғаның (білімнің) белгілі бір ішкі құрылымына сәйкес келетін акмеологиялық сауаттылықты көрсетеді.

Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің акмеологиялық әлеуетінің құрамдас бөліктеріне жүргізілген зерттеу келесі нәтижелерді берді:

- ресейлік және қазақстандық зерттеуші-ғалымдардың еңбектеріндегі «акмеологиялық әлеует, акмеологиялық ұстаным» ұғымдарына талдау жасалды;

- әртүрлі салалардағы акмеологиялық әлеуетті дамыту бойынша кандидаттық және докторлық диссертацияларға шолу жасалды.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетінің келесідей құрылымын ұсынамыз, сурет-9



Сурет 9 - Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетінің құрылымы

Сонымен, біздің түсінігімізде болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуеті - саналы түрде кәсіби және тұлғалық өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі тәрбиелеудің жоғары деңгейіне жетуге даярлығы,

үздіксіз өзін-өзі дамытуға ұмтылысы, рефлексиялық құзыреттілігі, әрбір білімалушының табысы мен денсаулығын қамтамасыз ету үшін гуманистік көзқарасқа негізделген өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі реттеу стратегиясын, құралдарын, тетіктерін меңгеруі [7, б.26].

1.3 Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың әдіснамалық тұғырлары мен қағидалары

Ғылыми зерттеу кезінде қоршаған шынайылықты тану үдерісі үшін таным құралдары қажет. Әрбір ғылыми зерттеу аясында осы орайда әдіснамалық әдістер қолданылады. Әдіснама деп әдістер теориясын, әдістер туралы ілім ретінде көптеген бағытта анықталады. Үлкен бір ілім ретінде ол әр ғылыми танымның ғылыми бастамасы ретінде сипатталса, белгілі бір мәселе немесе салаға сәйкес, әдіснама нақты бір пән аясындағы ғылыми танымның теориясы ретінде анықталады.

Біздің зерттеуімізге сәйкес, дене мәдениеті және спорт маманының кәсіби дайындығының аясындағы акмеологиялық әлеуетінің даму деңгейіне қатысты, яғни ол осы мәселе бойынша, әдіснаманың құрылу ұстанымдарынан, формаларынан, негізгі даму заңдылықтарынан, ғылыми таным әдістерінен тұрады, осы бөлімде талданады.

Э.Г. Юдин пікірінше, әдіснама бұл заманауи философиялық зерттеулерде іс-әрекеттік сипатқа ие, сонымен қатар әр зерттеу мәселесін шешуде бірізділіктің болуымен анықталады [198].

Әдіснаманың зерттеу аясы белгілі бір мәселеге қатысты шарттарға бағынады, оның бірі, шынайы жағдай мен қажетті жағдай арасындағы қарама-қайшылық, оның болуы әр іс-әрекеттің сандық және сапалық сипаттамасын анықтайды, екіншісі, әрбір мәселенің мән жайын анықтау үшін, шынайы себебін табу үшін диагностика өткізу қажеттілігі бар, үшіншіден, осы қарама-қайшылықтарды шешу үшін үнемі ізденістің болуы маңызды [199].

Әдіснаманың негізгі міндеттемелері зерттеудің негізгі бағыттары мен бағдарламасын анықтау, мәселенің бағдарламалық дұрыстығын қамтамасыз ету, зерттеу мәселесінің негізгі әдістері мен тәсілдерін анықтау, таным үдерісімен қамтамасыз ету, зерттеу мәселесінің пәніне сай негізгі тұғырларды анықтау, ғылыми іздесінтердің стратегиялық бағдарларын анықтау, алынған нәтижелерге сай зерттеу деңгейлерін түзету, негізгі құрылымды анықтау, зерттеу нәтижелерінің өзара байланысын анықтау, әрбір алынған нәтиженің негізділігін, дұрыс негіздегі құрылымын қамтамасыз ету [200].

Спорт саласының тұлғаның негізгі іс-әрекеттеріне, жалпы қоғамның даму әрекеттеріне өзіндік әсері бар. Жүйелік амал дене мәдениеті және спорт саласында үздіксіз, сабақтастық пен тәжірибеге байланыстылығы ретінде анықтауға болады. Сабақтастықтың бастапқы кезеңі мектеп қабырғасынан, оқушыларды болашақ кәсібіне бағдарлаудан, болашақ кәсібіне сай бейімдеуден басталады. Жоғары оқу орнына түскен соң болашақ маман бойында кәсіби негіздегі арнайы біліктерді қалыптастыруға бағытталады. Осы кәсіби даярлық негізінде үздіксіз білім алуға деген мотивациясын қалыптастыруға, нәтижесінде

болашақ кәсібінде шығармашылық әрекет етудегі әлеуетін көтеруге, болашақ өзінің даму бағытын, мүмкіндіктерін айқындауға, акме деңгейіне жетудегі тұрақты өзіндік білім алуға бейімдеу [201].

Болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарына жүйелі түрде білім беру бағдарламалары жүргізілсе, белгілі жүйемен рухани адамгершілік, сауықтыру, ғылыми зерттеушілік жұмыстар негізінде жоспарлы түрде даму орын алады.

Сонымен қатар кәсіби білім беру арқылы арнайы білім негізінде мамандыққа бейімдеу, маман ретінде қалыптасушы тұлғаның бойына өмірлік маңызы зор сапаларды игерту. Белгілі бір арнайы білім, кәсіби маңызды сапаларды игерген соң жас маман, теориялық білім игеріп, қажетті деңгейде спорттық біліктілік игерген соң, әлеуметтік – экономикалық жағдайға сай өзгермелі қоғамға, маңызды өмірлік жағдайларға бейімдеу қажеттілігі пайда болады. Үлкен қоғамға сай туындаған жағдайларға орай жауапкершілік сезіну, шешім қабылдау қажеттілігі бар. Келесі даму деңгейіне өткенде, жас маманға еңбек жолының бастапқы кезеңінде тьюторлық, демеушілік көмек қажет. Сондай ақ, келесі деңгей ғылыми танымдық мүмкіндігін көтеруге де демеу көрсету керектігі бар.

Осы берілген деңгейлер жүйелі түрде ұйымдастырылуы үшін, төмендегідей шарттар орындалуы маңызды:

- дене мәдениеті және спорт бойынша, маңызды әдістерді мақсатты түрде жетілдіруге бағыттап ендіру;

- дене мәдениеті және спорт саласына бейімділігі бар талапкерлерді іріктеу негізінде қабылдауды қамтамасыз ету;

- дене мәдениеті және спорт саласы бойынша, оқу үдерісінде жүйелілік тұғырдың толық орындалуын қадағалау;

- дене мәдениеті және спорт мамандығы бойынша кәсіби даярлауда жүйелілік тұғырдың басты ұстанымы педагогикалық біліктілік пен шеберлікті қамтудағы сабақтастық үдерісі болып табылады [202].

Мәдени танымдық тұғыр негізіндегі құрылған білім беру үдерісі, білім алушылар бойында мәдени құндылықты, мәдениеттің негізгі тұжырымдамалық негізін, әлеуметтік, экономикалық, мәдени ортада педагогикалық жүйелердің даму бағытын айқындап, мамандыққа сай ғылыми білім мен зерттеулер бағыты мен жүйелерін анықтайды.

Мәдени танымдық тұғыр негізі құндылық болып табылады, бұл тұғыр негізінде кәсіби даярлық аясындағы білім алушылар әлеуметтік бейімділігін басты қасиет ретінде анықтайды, сондай ақ, өзіндік сана, өзіндік қабылдау, кәсіби іс әрекеттегі шығармашылық көзқарасты қалыптастыруға көмектеседі.

Берілген білім мазмұны, мәні, құндылықтары, құнды бағдарлары, кәсіби маңызды сапалары арқылы көрініс табатын кәсіби мәдениетті түсіну деңгейі, түрлі әдістер, формалар, тәсілдер арқылы сипатталып, өзге мәдени құндылықтарға толеранттылық дамытып, өзінің жеке мәдени бейнесін қалыптастыру, жинақталған негізгі мәдени құндылықтарды белсенді ету арқылы көрінеді.

Мәдени танымдық тұғырға негізделген тұжырым зерттеуші құбылыстың сипаттамаларын айқындап, жоғары білім беру жүйесін әлеуметтік институт

ретінде анықтайды. Кәсіби мәдениеттің негізгі мазмұндық компоненттері үнемі жаңару үстінде, дене мәдениеті мен спорт саласы бойынша білімі жетілдіріледі. Мәдени танымдық тұғыр дене мәдениеті және спорт саласы бойынша кәсіби даярлық мазмұнын қайта қарауға мүмкіндік береді. Педагогикалық үдерістің негізгі мәдени шығармашылық қызметтерін күшейтіп, тәжірибеге бағдарланған білімді жетілдіреді [203].

Көптеген ғалымдардың еңбектерін саралай келе, мәдени танымдық тұғырдың негізгі ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік алдық:

- мәдени танымдық тұғыр негізінде ұйымдастырылған кәсіби дайындық еліміздің мәдени дамуына, болашақ маман тұлғасының құндылықты бағдары мен іс-әрекеттік бірлігін қамтамасыз етеді.

- дене мәдениеті және спорт мамандарының тұлғалық сапаларын кәсіби қалыптастырудағы мәдени танымдық тұғыр, кәсіби білім, білік, ішкі ізденістердің мүмкіндіктерін, кәсіби маңызды сапаларын, кәсіби міндеттерді шешу қабілетін дамытады.

- болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының кәсіби мәдениетін қалыптастыруда құндылықты бағдар мен құндылық қажеттілігін тудырады, педагогикалық негізгі технологиялар, әдістер, құралдар мен оқыту формалары, кәсіби мәдениеттің негізгі компоненттерін дамытады.

Мәдени танымдық тұғыр дене мәдениеті және спорт мамандарын дайындау кәсіби жүйесіндегі мәдени қызметтерді, тұлғаның әлеуметтік және биологиялық мазмұнын айқындайды. Сонымен қатар дене мәдениетінің аксиологиялық қызметін, құндылықты бағдарын, үнемі өзгермелі қоғамға бейімделу мүмкіндігін, жеке өзіндік орнын анықтау мүмкіндігін сипаттайды.

Мәдени танымдық тұғырды өз зерттеу мәселемізге сай қолдану кәсіби дайындықты мәдени феномен ретінде, болашақ маман тұлғасын қалыптастыруда кәсіби мәдениетті дамыту факторы ретінде қарастыруға болады. Сондай ақ, тұлғаның мәдени өзіндік дамуына, кәсіби мәдениет компоненттерін қалыптастырудың педагогикалық жағдайларын айқындайды.

Дене мәдениетінің өзін болашақ маман әлеуметтік құндылығының дамыту, өз денсаулығы, дене құрылымы жөніндегі құзыреттілігін анықтайды.

Синергетика бұл дене мәдениеті және спорт аясында жоғары жетістіктерге жету үшін, тұлғаның өзіндік дамуына қолайды білім беру ортасын құруда аса тиімді бағыт. Педагогикалық үдерісте синергетикалық тұғырды қолдану білім беру жүйесінің өзіндік ұйымдасу ерекшелігін нығайтады. Дене мәдениеті және спорт саласында синергетикалық тұғыр пәнаралық, тұжырымдамалық негізде қолданылады. Әлеуметтік салада синергетикалық тұғырды қолдану А.В. Кокина, Е.Н. Князева, Н.М. Таланчук еңбектерінде, әдіснамалық тұрғыдағы зерттеулер бағыты Л.В. Балаусова, Э. Ласло зерттеулерінде көрініс тапқан.

Дене мәдениеті және спорт саласы педагогика, психология, медицина, биология, әлеуметтік ғылымдармен тікелей қарым-қатынас негізінде құрылады. Синергетикалық тұғыр белгілі бір ұстанымдарға бағыну негізінде іске асады, оның бірі мақсатты іс-әрекетті іске асыру үшін белгілі бір шектеулі орта аясында әрекет ету. Бұл ұстаным негізінде іске асқан үдеріс ынталандырушы әсерге ие.

Әрбір үдеріс белгілі бір құрылымға бағынады, әр үдеріс сипатына сай ол күрделі немесе қарапайым болуы мүмкін. Синергетикалық тұғыр ұстанымына сәйкес бұл құрылымда ең маңыздысы уақыт болып табылады, әр кезде төменгі деңгейден, жоғары деңгейге дейінгі аралықтың ұзақтығын, сипаттамаларын нақты анықтау мүмкін еместігін ескеру керек.

Синергетикалық тұғырдың сызықтық ұстанымының ерекшелігі білім беру жүйесінің теңгерімділігінде. Тұлғаның сезімдері, эмоциялары, қарым-қатынас ерекшеліктеріне сай шекараның бұзылуы арқылы көрініс табады. Яғни белгілі бір мәселені шешу кезінде шешімнің бірнеше бағытының болуы, жаңаша бір әдістерді ойлап табу, шешімге деген жаңаша көзқарастың болуы. Көптеген күрделі шешімдерді шешу жолын іздестіруде тек сызықтық емес әдістерді қолдану тиімді.

Қоршаған орта мен оның субъектілерінің қарым-қатынасы арасындағы ашықтық, ол екі жағдай арқылы сипатталады, бірі ортаның жаңашыл идея мен әдістерді ендіруге ашық болуы, білім беру үдерісінің тұлғаның өзіндік дамуына жағдай жасауы, екіншісі тұлғаның жаңалыққа бейімділігі, ортаның біртекті емес ерекшеліктеріне сай бейімделуі.

Динамикалық жүйе заманауи талаптарға сай иерархиялық емес ұжымдық сипатқа ие, ол дегеніміз әр ұжым мүшесіне белгілі бір іс-әрекетті жауапкершілікпен игеруге мүмкіндік беру, өзіндік жауапкершілікке дағдыландыру, әр жағдаятты, оның шешу жолын, даму ортасын сырттай бақылауға мүмкіндік беру [204].

Дене мәдениеті және спорт саласында сауықтыру бағыттарының маңызы зор, бұл сала дамуы тұлғаның әлеуетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Үздіксіз дене мәдениеті жаттығуларымен шұғылданушылардың денсаулық деңгейі салыстырмалы түрде жоғары екені белгілі. Дене мәдениетімен білім алушылар саналы түрде шұғылданған болса, олар зияткерлік деңгейде жоғары дамуға бейім. Дене мәдениеті адам денесін мәдениеті арқылы стресске төзімді етеді, сондай ақ ерік жігерін жаттықтырады, өмірлік қиындықтар мен қажетті мақсатқа қол жеткізуге жаттықтырады.

Дене мәдениеті және спорт мамандарының дене мәдениетін қалыптастыру бұл білім беру құндылығынан тұлғаға құндылық қатынасына көшуге мүмкіндік береді. Тұлғаның құндылық бағдарының болуы білім беру үдерісіндегі аксиологиялық тұғырды іске асыруға мүмкіндік береді.

Аксиологиялық тұғыр білім беру үдерісін қоғамдық, әлеуметтік ортаның тұлғаға құнды тәжірибесін беру ретінде сипаттауынан тұрады. Білім беру негізгі құндылық ретінде болашақ маманның әлеуметтік және кәсіби тиімділігін арттырып, өзіне деген, өзіндік жетілуіне, өзге қоршаған субъектілер мен объектілерге, кәсіби іс-әрекетке, мәдениет пен қоршаған ортасына құндылықты бағдарды арттырады. Білім берудегі аксиологиялық тұғыр тұлғаның сана құндылығын қалыптастырып, жеке және қоғамдық құндылықтар, еркін таңдау жасау құндылығы арақатынасын анықтайды [205].

Дене мәдениеті және спорт бойынша білім беру үдерісіне құндылықты бағдар құндылық мәні бар, тұлғаның мотивациялық аясын белсенді етеді, осы сала бойынша құндылық бағдар қалыптасуы мен дамуын қамтиды. Қоғамдық

ортаның әсері өңделген, қабылданған, игерілген түрде, өз дербестігінің сапалы өзгерістерінің белсенділігін қамтуда көмектеседі. Білім беру ортасында өз білім алушыларының жеке мүмкіндіктерін, қызығушылықтарын, құндылық бағдарларын білу арқылы қалыптасу мен даму үдерісіне әсер етеді.

Әр білім алушы өз жеке құндылық бағдарлары, қызығушылықтары, ұстанымдары, өз жеке тәжірибесінің нәтижелері, өзіндік даму деңгейлері мен кезеңдерін бақылау, өз жеке ерік сапаларын дамыту деңгейіне сай қалыптасады. Ю.М. Николаев өз зерттеулерінде дене мәдениеті және спорт саласы бойынша, білім, білік, дағдылары, рухани және дене бастамаларын қайта қалпына келтіру, тұлғасын қалыптастыруға (этикалық, эстетикалық, интеллектуалдық) мүмкіндік береді деп пайымдаған [206].

А.В. Волков өз зерттеуінде жалпы жаттығу үдерісіне басты назар бөлген, диагностикалық зерттеу жүргізу арқылы жаттықтырушы материалдық және рухани құндылық негіздерін анықтаған, дене мәдениеті және спорт мамандарының кәсіби іс-әрекетінде негізгі құндылық тұрақты мотивация екенін көрсеткен, сондай ақ нәтижелі іс-әрекетке қол жеткізу үшін мақсаттылық, яғни дұрыс негіздегі мақсат қою қажеттігінің маңызын айқын көрсеткен. Сондай ақ, дене мәдениеті және спорт саласы бойынша маман дайындаудың тұжырымдамалық негізінің болуы маңызды екенін көрсетті, кәсіби даярлық деңгейінде әрбір білім алушыға дербес ерекшеліктерін ескеріп оқу үдерісін ұйымдастырудың маңыздылығын көрсетті [207].

Ізгілік теориясына сай аксиологиялық тұғыр негізінде ұйымдастырылған оқу үдерісі болашақ дене мәдениеті және спорт саласы маманының бойында, өз білім алушыларының денсаулығын сақтау арқылы, дербес ерекшеліктерін тану арқылы қалыптастыруды жүргізуге үйрету іске асады. Автор пайымдауынша, аксиологиялық тұғыр бұл философиялық – педагогикалық стратегия, ол кәсіби мәдениет даму жолын, педагогиканың негізгі қорларын тұлға дамуына тиімді пайдалану жолын, білім беру жүйесінің болашақ даму алғышарттарын көрсету жолын көрсетеді деп анықтаған.

Сондай ақ автор аксиологиялық тұғыр кәсіби даярлық үдерісінде екі негізгі міндетті шешуге бағытталған деп тұжырымдаған, оның бірі, ізгілік негізінде болашақ маман құндылық бағдарын балыптастыру, ол оқушылардың жеке денсаулық деңгейіне құндылық бағдар болуынан көрінеді. Екіншіден, өзіндік болашақ кәсібіне деген құндылықты бағдарды қалыптастырады, ол маманның кәсіби құндылықтарды, педагогикалық құндылықтарды, дене тәрбиесі құндылықтарын түсінуден көрінеді [208].

Заманауи білім беру ұйымы болашақ маман бойында кәсіби даярлық кезінде негізгі маңызды сапаларды игеруге бейімдеу керек, шығармашылық әлеуетін арттыру, кәсіпкерлік дағдыларын қалыптастыру, жауапкершілік, өмірге деген көзқарасын, дербестігін, өмірлік қиындықтар кезіндегі жауапкершілік сезіну, өзіндік даму мүмкіндігі, коммуникативті дағдыларын дамыту. Білім беру мен алу құндылығын арттыру тұлға денсаулығымен, еңбек ету деңгейімен, дене дене мүмкіндігінің дамуымен, денсаулық мәдениетін сақтаумен байланысты.

Тұлғалық кәсіби негізде даму әр субъектінің іс – әрекет мәні мен өзара

әрекеттестік рөлін көрсетеді. Әр тұлға психологиялық қасиеттерден, қордан, мінез – құлық пен мотивациялық ерекшеліктерден тұрады. Кез келген кәсіби әрекетте шығармашылық пен мақсаттылық маңызды, сондай ақ кәсіби өзіндік сана, бағыт бағдар, кәсіби әрекеттегі негізгі стильдерді де ескеру керек [209].

Кәсіби құзыреттілік кәсіби білім беру нәтижесі болып табылады. Кәсіби құзыреттілік негізінде құрылған білім беру үдерісі, тұлғаның бойынан кәсіби маңызды сапаларды құруға мүмкіндік береді. Кәсіби қызығушылықтар, кәсіби бейінділік, кәсіби маңызы бар педагогикалық орта шарттарын қамтамасыз етеді: оқу жоспары, сабақ кестесі, кәсіби құзыреттілікті бағалау құралдары, сабақ мазмұны, кіріктірілген сабақтардың мазмұны, бағалау ережелері, білім беру үдерісін ұйымдастыру ұстанымдары, инновациялық жаңашыл технологияларды тиімді қолдануды, кәсіби мақсаттылық қалыптастыру, студенттердің даму деңгейін анықтау, кәсіби даму мотивациясын арттыру. Осы көрсетілген жағдайлар құзыреттілік тұғыр негізінде жүйелі түрде іске асады [210].

Кәсіби құзыреттілік негізінде ұйымдастырылған кәсіби даярлық үдерісі әдістемелік және педагогикалық амал негізінде ұйымдастырылады. Кәсіби даярлық үдерісі тиімді ұйымдастырылуы үшін келесі шарттар болуы керек, білім беруші педагогтардың өз білім алушыларының тұлғалық ерекшеліктерін ескеру, инновациялық технологияларды әрекетке ендіру, жеке ерекшеліктерін ескеріп кәсіби маңызды сапаларды дамытушы әдістерді қолдану, үздіксіз өзгеретін кәсіби және өмірлік жағдаяттарды кәсіби даярлық барысында қамтамасыз ету, және оған дұрыс бейімдеу, тиімді кәсіби деңгейді бағалаушы құралдарды ендіру [211].

Құзыреттілік тұғыр білім беру стандарттарында көрсетілген білім беру жүйесінің нәтижесінен көрініс табады. Құзыреттілік тұғыр бұл білім беру жүйесінің тұжырымдамасы, жоғары білім беру жүйесінің білім алушыларға бағдарымен, білім беру мақсатының өзгерістерін реттеу, білім беру мазмұнын таңдау, білім беру үдерісін ұйымдастыру, білім беру үдерісінде инновациялық технологияларды қолдану. Құзыреттілік тұғырдың тұжырымдамалық негізі оқу үшін қажетті құралдарды жаңартудан, пәнаралық байланыстан, жаңа бағалау құралдарынан, педагог мамандардың рөлі мен негізгі қызметтері, білім алушыларды өзіндік білім алу жауапкершілігін дамыту, оқу үдерісін ұйымдастыру формаларын жетілдіру, болашақ түлектерді жұмысқа орналастыру мен даярлық кезінде сұраныс талаптарын игеру, білімнің студентке бағдарлы болуы [212].

Дене мәдениеті және спорт саласындағы құзыреттілік тұғыр кіріктіру негізінде қарастырады, кәсіби білім, білік және оның практикада қолданылуы, дене мәдениеті іс-әрекетіне даяр болуының сипаттамалары, бағалау, шығармашылық, талдамалық дағдылар, алған білімдердің болашақ еңбегіне пайдалы болуы [213].

Дене мәдениеті және спорт бойынша мамандардың кәсіби дайындығы арнайы кәсіби ортада іске асады, сондай ақ арнайы кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастырушы негізгі құрамдас компоненттерден тұрады, пәндік және кәсіби, коммуникативті, нарықтық, рефлексиялық, имидждік, жеке сапалық

[214].

3-кестеде Болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының акмеологиялық әлеуетін дамытудың әдіснамалық тұғырлары мен негізгі қызметтері көрсетілген.

Кесте 3 – Болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының акмеологиялық әлеуетін дамытудың әдіснамалық тұғырлары

Әдіснамалық тұғырлар	Негізгі қызметтері
Жүйелілік тұғыр	Жүйелік тұғыр әдіснамалық ғылымның бір бағыты ретінде, зерттеу әдістерін құрастырып, күрделі құрылымдарды жүйелі түрде байланыстырады. Негізгі қызметтері жүйе ретінде зерттеушілік және құрылымдық объектілердің көрсетілу құралдарын өңдеу. Жүйенің үлгілерін құру, арнайы қасиеттер мен түрлі деңгей үлгілерін жүйелі түрде құру.
Мәдени танымдық тұғыр	Білім беру үдерісінде мәдени танымдық тұғыр мәдени сабақтастықты, білім алушылардың зияткерлік мүмкіндіктерін дамуына, қоғамдық өмірге бейімдеуге әсер етеді. Білім беру жүйесінің кіріктірілген тетігі ретінде, мәдени құндылықтарды ескеріп әлеуметтендіру үдерісін жүргізуде қызметі зор. Мәдени танымдық тұғыр нақты ғылыми әдіснама ретінде, педагогикалық шнайылықтың өзгеруіне әсер етіп, мәдениет ұғымы тұрғысынан білім беруді көреді, мәдениетке негізделген мазмұн білім беру барысында тұлғаның бойында қалыптастырылады.
Синергетикалық тұғыр	Синергетика ұғымы «ынтымақтастық», «бірлестік» мәнінде қолданыс тауып, білім беру үдерісінің әр субъектісін бір жүйеге жинақтайды. Синергетикалық тұғыр өзіндік ұйымдастыру, өмірдің өзіндік тұрғыдан тану, күрделі түсініксіз үдерістің, құрамдас бөліктер яғни субъектілердің түсінікті әрекеті арқылы сипатталуы. Тұлғаның қоғамдық ортада, өзіндік орнын табу арқылы, өзіндік даму бағытын, өзіндік әлем бейнесін, өзіндік кәсіби деңгейін, өзіндік шешім нәтижесін көре алу мүмкіндігі.
Аксиологиялық тұғыр	Білім беру жүйесінің ізгілікке бағытталған әдіснамалық негізіне аксиологиялық тұғыр құрылған, бұл тұғыр болашақ мамандардың бойында ізгі кәсіби құндылық бағдарын қалыптастырады. Педагогикалық үдерісте аксиологиялық тұғыр мәдени құндылықтарды тұлғаның негізгі әлеміне айналдыру тетіктерін қарастырады, қоғамдық құндылықтар аясында тұлғаның негізгі дамуын сипаттайды. Негізгі қызметтері ізгілік құндылықтарының іргелі және жан жақты болуын қамтиды, білім бері құралдары мен мақсаттарының бірлігін қамтиды, тұлға еркіндік идеяларын басты негізге алады.
Құзыреттілік тұғыр	Құзыреттілік тұғыры дене мәдениеті және спорт саласындағы мамандардың негізгі саласы бойынша кәсіби білімін, тұлғаның даму деңгейіне сай, жеке тұлға қажеттіліктерін ескеріп, нақты сала бойынша инновациялық технологиялардың даму деңгейін ескеріп кәсіби негізгі сапаларын қалыптастырушы ортаны ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Заманауи талаптарға сай болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарын акмеологиялық тұғыр негізінде даярлаудың өзіндік ерекшеліктері бар, сондай ақ мамандар бойында акмеологиялық сапалар мен жоғары деңгейлі біліктіліктерді, әлеуетін қалыптастыру маңызы зор. Сонымен қатар болашақ педагог мамандар бала тәрбиесі мен оқыту үдерісіне тікелей қатысады. Кәсіби даярлық деңгейінде жинақталған кәсіби білім, білік, дағды әсерінен, білім беру сапасы тікелей байланысты.

Болашақ маманның тұлғалық даму деңгейі, оның болашақ даму жолын, өз білім алушыларына тұлға ретіндегі әсер ету мүмкіндіктерін айқындайды. Әрбір кәсіби дайындық іс-әрекеті белгілі бір нәтижеге мақсатты әрекет ету, білім беру жүйесін кіріктірілген сипатта құру аса өзектілігі бар. Білім беру жүйесіндегі акмеологиялық тұғыр, жаңа пән ретінде көрініс табады. Акме деңгей шығармашылық іс-әрекеттің ең жоғары шыңы.

Болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының акмеологиялық әлеуетін дамытудың қағидаларын топтастырып көрсетеміз (сурет 10).



Сурет 10 - Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың қағидалары

Дене мәдениеті және спорт мамандарының акмеологиялық әлеуетін дамытудың *жүйелік - іс-әрекеттік қағидасы*, оқу үдерісін білім алушылардың танымдық іс-әрекетіне, жаңа білімді игеруге, оқу үдерісін ұйымдастыруға, білім алушының дербес және өзіндік іс-әрекетіне бағытталған түрде құруға мүмкіндік береді. Бұл қағиданың негізгі ұстанымдары: субъектілік, іс-әрекет басты түрлері мен өзгеріс заңдылықтарын есепке алу, дамудың сезімтал аймақтарын ескеру, жақын даму аймағын анықтау, даму тереңдігі мен кеңдігі, әр іс-әрекет түрінің міндетті нәтижесі, әр іс-әрекет түрінің міндетті рефлексиясы. Осы ұстанымдар негізінде болашақ мамандарды дайындау сабақтарын ұйымдастыру тиімді. Бұл қағида жұмыс жасаған кезде, тұлға

өзіндік білім алады, білім беру үздіксіздігі негізінде сабақтастық сақталады, пәнаралық кіріктіру іске асады, психологиялық дұрыс ахуал құрылады, шығармашылық іс-әрекетке жағдай жасалады.

Дене мәдениеті және спорт мамандарының акмеологиялық әлеуетін дамытудың *белсенділік және дербестік қағидасы*, білім алушыларға білімді саналы түрде игеруге мүмкіндік береді, саналылық білім алушының мотивациясы мен жағымды қатынасын қалыптастырады, сондай ақ тұлға бойында маңызды сапалар мен рухани - психологиялық қасиеттердің қалыптасуына әсер етеді. Оқудың белсенді болуы бұл білім алушылардың ой қарқындылығы мен тәжірибеге бағытталған іс - әрекеті, ол алған білімнің жағымды нәтижесі арқылы көрінеді. Бұл қағида жұмыс жасаған кезде, білім беру үдерісінде керекті іс - әрекеттің мақсаты мен міндеттерін анық түсіну, оқытудың белсенді әдістерін қолдану, техникалық құралдар мен көрнекі құралдар қолдану, білім алушылардың сыни ойлауын дамытады, оқу үдерісінде дербес білім алу әдістерін үйретеді, жеке жұмыс дағдыларын қалыптастырады, әрбір белгісіз мәселенің өзіндік шешімін іздестіруге ынталандырады, білім алу кезінде алынған тәжірибені өмірге бейімдеуге дағдыландырады.

Дене мәдениеті және спорт мамандарының акмеологиялық әлеуетін дамытудың *әлеуметтік сәйкестік және ғылымилық қағидасы*, бұл тұста әлеуметтік сәйкестік спорт саласының қоғамға маңызды әрекет ретінде танылуымен тікелей байланысты, білім беру үдерісі ретінде де спорт саласы саяси әлеуметтік құндылықтарды мемлекет деңгейінде дәріптеуге бағытталған. Осы ұстаным арқылы пән мазмұнына еліміздің спорт саласы дамуымен ұштасып, патриоттық, азаматтық сезімдерді қалыптастыруға, спорт саласын бренд ретінде қарауға үйретеді, бұл шарттар өзара тығыз байланыста іске асып, тәрбиелік сипатта орын алады. Қағиданың ғылымилық ұстанымы сала бойынша жаңалықтар мен ғылым, техника дамуына сай келуін қадағалайды, ол оқу құралдары, оқу бағдарламалары, оқулықтар мазмұнын қарауда негізгі бола алады. Объективті ғылыми білім, тұжырымдамалар, теориялар, ілім, заңдар мен заңдылықтар, спорт саласы бойынша ашылған жаңалықтар мен ғылыми ізденістер. Оқу үдерісін ұйымдастыруда оқу материалының мазмұны ғылыми болуы керек. Бұл қағида жұмыс жасау кезінде, соңғы ғылыми жаңалықтар мен техникалық жетістіктер негізіндегі оқу материалының мазмұнын құру және оның тәжірибеге негізделуі. Барлық ізденіс нәтижелері толық негізде жан жақты қаралуы. Алынған нәтижелерді тәжірибеге тиімді ендіру ғылымилық көрсеткіші ретінде қарастырылады.

Дене мәдениеті және спорт мамандарының акмеологиялық әлеуетін дамытудың *ұжымдық және дербестік қағидасы*, тұлғаның жеке дамуына назар бөлу арқылы, ұжымдық әсердің тиімділігін пайдалану. Спорт саласы ұжымдық сипатта, дегенмен жеке тұлға жетістігіне бағдарланған. Ұжымдық спортшылар үшін ерік жігер, әрекет, жауапкершілік көрсеткіші. Топтық, ұжымдық іс – әрекет нақтылық, ынтымақтастық, бір біріне көмектесуге құштарлық, бірлестік негізінде құрылады. Бұл қағида жұмыс жасау кезінде, ұжымдық және топтық қатынас дербестік әрекеттестікпен тікелей байланысты, өз психологиялық және педагогикалық мәдениетін үнемі көтеру, жеке және

жалпы пікірлер мен сұраныстарды ескеру, ұжымдық міндеттерді жалпы танымдық белсенділікті арттыру арқылы шешу, жарыстық сезім болуы, өзара бағалауға үйрену, өзара көмек пен жарыс жүйесін тиімді қолдану, әр білім алушының зияткерлік, рухани адамгершілік, педагогикалық, әлеуметтік, психологиялық, дене ерекшеліктерін ескеріп оқу үдерісін ұйымдастыру, сәтсіздік жағдайларын бағалау, жеке тапсырмаларды беру және тексеру орын алады.

Дене мәдениеті және спорт мамандарының акмеологиялық әлеуетін дамытудың *ізгілік, тәрбиелік және дамытушылық сипаттағы қағидасы*, білім беру үдерісінің объективті заңдылығын сипаттайды. Даму мен тәрбие үдерісінсіз білім беру орын алмайтыны белгілі. Оқу материалының мазмұны ізгілік, тәрбиелік, дамытушылық сипатқа ие болады. Сондай ақ таным әдістері жеке тұлғаның сапаларын дамытуға бағытталған. Бұл қағида жұмыс жасау кезінде, сабақ мазмұнын толықтай ойластырып, нақты білім беру және тәрбиелік міндеттерді шешуге бағытталады, шығармашылық әлеуетті, сын тұрғысынан ойлауды, тұлғаның рухани адамгершілік мәдениетін дамыту, материалды саналы түрде ойлап, оқыту әдістерін талдау; теория мен тәжірибені байланыстыру, ізгілікті қарым қатынастың болуы, қиындықтарды шешуге бейінділікті дамыту, талап қою, сыйластық негізіндегі қарым қатынасты құру, рухани құндылықтарды қалыптастыру орындалады.

1.4 Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың моделі

Бұл тармақта болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасауға тырысамыз.

Акмеологиялық тұғыр негізінде құрылған білім беру ортасы тұлғаның өзіндік саналы даму үрдісіне, ілгері дамуға қажетті маңызды сипаттамаларды қалыптастыруға, өзіндік даму траекториясын құра алуға, өзіндік даму үлгісін құруға мүмкіндік береді. Осы негізде тек репродуктивті тәсілдерді қолдану арқылы сапалы қасиеттерді түрлендіріп, ішкі психологиялық кедергілермен күресіп, өмірлік мәнді сапаларды қайта қарап, кәсіби және өмірлік сипатта акмеологиялық маңызды қасиеттерді түрлендіріп, өзінің даму жолын нақты таңдайды.

Әр білім алушыны субъектілік қатынасқа бейімдеп, өз іс-әрекетін басқаруға үйретіп, кәсіби даярлық кезінде жинақталған теориялық білімін, тиімді түрде тәжірибеде қолдануға бейімдейді. Акмеологиялық орта негізінде білім алған студент өз өмірінің субъектісі ретінде, кәсіби маңызды сапаларды игеруге қажетті әдіс тәсілдерді игереді. Тұлғаның қалыптасуына үнемі орта әсер ететіндігі белгілі, нақты – идеалды орта құрылған жағдайда тұлғаның субъектілік қызметін белсендіріп, өзінің өмірлік объективті жағдайларын, жауапкершілікпен күрделі жағдайларды шешу үдерісінде көрініс табады.

Қазіргі заман талаптарына сай мектеп ортасы В.Н. Максимова ойынша, мектеп мұғалімінің жаңа үлгісін талап етеді: өз бойында дарындылық, шығармашылық қабілетті дамыту, акмеологиялық бағытқа ұмтылысы бар

болуы, өз саласы бойынша бала тәрбиесін тиімді технологияларды бейімдеп, инновациялық технологияларды қолдана алатын маман болу керек. Өз бойына заманауи әдістемелік дағдыларды игеріп, дәстүрлі әдістерді түрлендіріп инновацияға бейімдей алатын, білім беру мәдениеті мен кәсіби құзыреттілікті игерген, интернет желісі арқылы ақпарат ағынын игеріп, сын тұрғысынан қажетті әдістемелік бағытты таңдап және тиімді қолдану, Н.Д. Никандров пікірінше, маман санасын жаңарту аса өзекті, тек пән сипаттамаларын ғана игеріп қоймай, білім беру мазмұнының рухани құндылығы негізінде мотивациялық бағдарларын қамтамасыз етуі керек.

Заманауи мектеп талаптарына жауап беретін маманның ғылыми – педагогикалық құзыреттілігі кәсіби іс-әрекетке қажетті маңызды сапаларды қамтамасыз етеді, әдістемелік сауаттылық, экономикалық сауаттылық, өз пәні бойынша сауаттылық, психологиялық сауаттылық, денсаулық сақтау сауаттылығы, акмеологиялық сауаттылық арқылы көрінеді. Осы кәсіби маңызды сапалардың болуы шығармашылық әрекетті қамтиды:

- рухани - адамгершілік дамудың ең жоғары сатысы кемелдік деңгейі, кемелдік деңгейіне жеткен тұлға жауапкершілік, қайсарлық, адамгершілік, еңбек ету, мейірімділік таныту, барлық адамдарға деген сүйіспеншілік көрсетумен сипатталады;

- өзінің өмірінде және кәсіби іс – әрекетінде дұрыс шешім қабылдау, өз өмірін жоспарлы негізде құрып, өз тұлғалық дамуына жауапкершілікпен қарап, дербестік таныту арқылы сипатталады;

- болашақ кәсіби педагогикалық іс-әрекетіне дайындық ретінде инновацияны игеру, кәсіби маңызды сапалар ретінде: акмеологиялық бағдар, педагогикалық шеберлік, кәсіби құзыреттілікті игеру арқылы үнемі кәсіби жетілуге ұмтылу;

- болашақ маманның кәсіби, тұлғалық, рухани дамуының жоғары деңгейі акмеологиялық ұстанымды құрайды, сондай ақ ізгілікті бағдар әр білім алушының табысты әрекеті мен денсаулығын қамтамасыз етіп, бірлескен іс – әрекеті арқылы шығармашылыққа бейімдейді [215].

Болашақ педагог маман акмеологиялық ұстанымының негізгі тетіктерін Е.П. Бочарева өз зерттеулерінде мейлінше кең қарастырған [216]:

1. Акмеологиялық ұстаным өзіндік жетілу мен өзіндік даму нәтижелі өнімдері арқылы көрінетін болашақ маманның интегралды сапасы. Бұл сапаның қалыптасуы білім сапасын жоғарылатып, педагогикалық үдеріс сипаттамаларын арттырады.

2. Әр білім деңгейінде (бакалавр, магистратура, докторантура) білім сапасын арттыру үшін болашақ педагог маманның акмеологиялық үлгісін құру маңызды;

3. Кемелдік деңгейіне ұмтылыс жолында сапалы маңызды қабілеттерді дамыту, тұлғалық даму, рухани даму, кәсіби даму, кәсіби маңызды сапалар ретінде рефлексия, өзіндік сана, мінез - құлық ерекшеліктерін арттыру, болашақ маманның акмеологиялық дамуын құрайды.

Өз зерттеулерінде М.М. Қашапов [217] кәсіби іс-әрекетте акмеологиялық әлеуетін арттырудың негізгі факторларын атап көрсетті:

- акмеологиялық деңгейге жету мотивациясы;
- өз кәсіби іс-әрекетінің жоғары шыңына жетудегі нәтижелі өнім беретін тұлғаның қызметі;

- ерік - жігер таныту, кәсіби мақсат қою, өзінің кәсіби даму жолын іргелі қозғалуға бағыттау; тұлғаның кәсіби іс-әрекетінде ең жоғары сапалы деңгейіне ұмтылысының болуы;

- өзіңе деген талапшылдықтың жоғары деңгейі;
- мақсаттылық, кәсіби маңызды сапаларын тиімді пайдалану;
- өзіндік психологиялық қорды толықтыра алу мүмкіндіктері;
- жетістікке жетуден кейінгі ілгерілеу.

А.А. Бодалев адам акмесінің негізгі көріністері соңғысының өмір жолынан өтіп, белгілі бір кезеңде тірі ағза (жеке тұлға), күрделі құрылым немесе қарым-қатынастар жүйесі (тұлға) ретінде дамуының шыңына жетуін білдіреді, және ең күрделі қатынастарда және динамикада көрінетін оның бір немесе бірнеше қызметтің ең өнімді субъектісі болуына мүмкіндік беретін оның барлық формацияларының жиынтығы ретінде деп атап көрсетеді (А.А. Бодалев, 1998).

Өз зерттеулерінде И.Е. Балықова болашақ педагог мамандардың акмеологиялық әлеуетін дамыту мәселесін зерттеу кезінде, негізгі құрылымдық төрт компонентін анықтаған (танымдық, құндылық-мотивациялық, шығармашылық-белсенділік және рефлексивтілікті) [218].

А.И. Беспалов өз зерттеуінде жалпы акмеологиялық әлеуетті екі негізгі бағыт бойынша анықтаған: бірі, жеке тұлғаның арнайы ұйымдастырылған ішкі акмеологиялық қорларының жеке жүйесі; тұлғаның ішкі қорларын ашу арқылы оның ілгері қозғалысын қамтамасыз етеді, өз кәсіби бағыты бойынша жеке дамуының ілгерілеуі төменнен жоғары қозғалу, қарапайымнан күрделіге өзгеру сипатында жүреді; екіншісі, жеке тұлғаның акмеологиялық мәдениеті мен акмеологиялық көшбасшылық және акмеологиялық ықпал түрінде жүзеге асырылатын кәсіби акмеологиялық құзыреттер негізінде қалыптасқан акмеологиялық кәсіби маңызды қасиеттердің жиынтығы [167, б. 61].

Сондай ақ ғалым өз зерттеулерінде акмеология мотивациясына аса жоғары назар бөлген, мотивацияны қамтамасыз ететін арнайы психикалық құрылымдарға сипаттама береді (мотивтер, қажеттіліктер, мүдделер, мақсаттар, еріктер, мотивациялық көзқарастар, идеалдар, әдеттер, еліктеулер және т. б.), олар тұлғаның өзіндік дамуына тікелей әсер ететін факторлар болып табылады. Мотивацияның ең бастысы, үнемі жетістікке жету мотивациясы. Кәсіби даярлық іс-әрекетінде акмеологиялық әлеуетті дамыту мүмкіндіктерін зерттеу кезінде мотивация мен оның негізгі ерекшеліктеріне назар аудару жөн.

Тұлғаның акмеологиялық мәдениеті қоғамдық ортаның мәдениетін ескеріп, субъектінің жеке міндеттемелерін шешу мен өзіндік даму үдерісін өз жеке мүмкіндіктерін, негізгі сапаларының тиімділігін арттыру арқылы ұйымдастыру болып табылады [150, б. 65].

Сапалы кәсіби білімді негіздеу үшін ең басты негізде тұлғалық – кәсіби қалыптасуға басты назар бөлген жөн, кәсіби негіздегі қалыптасу тұлғаның ішкі және сыртқы сапаларының артуы негізінде орындалады. Тұлғаның белгілі бір тәжірибелік әрекетті меңгеруі, өз типіне сай негізгі қасиеттерді дамытуы қажет


[219, 220].

Тұлғаның дербестігі дене, психикалық және әлеуметтік деңгейде адам шығармашылығы әлеуетінің жоғарылауы арқылы көрініс табады, оның барлық деңгейі жүйелі түрде рухани дамуға бағытталады. Шығармашылық әлеует таным, қарым - қатынас, әрекеттестік кезінде көрінетін адамның ішкі мүмкіндіктері мен сыртқы әсерлерді өзіндік пайдалы сапаға аудару қабілеті [221].

Тұлғаның ішкі мүмкіндіктерін белсендіру арқылы акмеологиялық деңгейге жету акмеологиялық бағыт ретінде сипатталады.

Акмеологиялық тәжірибе - бұл акмеге қол жеткізу үдерісінде жеке тұлға өзімен, қоғаммен, әлеммен тікелей тәжірибелік өзара әрекеттесу негізінде және білім алу негізінде алған акмеологиялық білім, білік, дағдылардың жиынтығы.

Акмеологиялық қабілеттер - өмірлік жағдаяттарға сай негізгі психикалық қызметтерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жоғары жүйке қызметі мен психика құбылыстары, адам ағзасының басқа да қызметтік жүйелерінің қасиеттері (сурет 11).



Сурет 11 - И.А. Беспалов бойынша акмеологиялық әлеует құрылымы

Жеке тұлғаның акмеологиялық кәсіби маңызды қасиеттері - бұл кәсіби шеберліктің шыңына жетуді және кәсіби қызметті дамытудың өсіп келе жатқан бағдарын, жеке тұлғаның үйлесімді өзін-өзі дамытуын және осы негізде тұрақты өзін-өзі жетілдіруге саналы түрде тұрақты ұмтылысты қалыптастыруды қамтамасыз ететін жеке тұлғаның жалпы қабілеттерін дамыту деңгейі.

Акмеологиялық құзыреттілік-жүйелік-құрылымдық көп деңгейлі интегралдық жеке-қызмет сапасы келесі компоненттерден тұрады:

- мотивациялық - жеке (акме-мотивация, акмеологиялық қабілеттер және өзін-өзі дамытуға дайындық);

- когнитивтік (акмеологиялық білім және акмеологиялық білімді үздіксіз жаңартуға және байытуға ықпал ететін интеллектуалды және эмоционалды дағдылар жүйесі); операциялық (өзін-өзі тану және өзін-өзі реттеу біліктері мен дағдылары).

Акмеологиялық көшбасшылық - тұлғаның әр ортада өз дербестігін таныта алу, ерекшеліктерін арттыру мүмкіндігі, өзгелерді ынталандыру арқылы өмірлік ұстанымдарын нығайтуға әсер ету, өзгелердің ерекшеліктерін танып оны тиімді түрде бағыттап, қолдана алу қабілеті.

Акмеологиялық әсер - кәсіби іс-әрекет және жалпы өмірде жеке даму барысында басшы мен қызметкер арасындағы қарым - қатынас дамытушылық сипатта болуы. Көшбасшы өз тобын ынталандыратын қатынаста болуы, өз команда мүшелерінің жағдайын түсіну, үнемі нәтижеге жету үшін демеу көрсетіп, ынталандыру.

Б.Ж. Бекжанова педагогикалық акмеология адамды тұлға, іс-әрекет субъектісі, индивид ретінде зерттеп, жалпы алғанда ақыл-ой әлеуеті қалыптасқан көпқырлы біртұтас адам ретінде оның жеке ерекшеліктерін анықтайды, адамның қол жеткізген нәтижелерін зерттеу негізінде оның әлеуетінің заңдылықтарын және жолдарын қарастырады. Осы педагогикалық акмеология білім сапасын арттыруда өте үлкен маңызға ие, болашақ педагогтардың кәсіптік даярлығын жаңа моделін құруға жол ашады және адам капиталын дамыту мәселерін шешуге бағытталады [222].

Акмеологиялық әлеует тұлғаның ішкі және сыртқы әсерлері негізінде қоршаған орта инновациялық өзгерісі әсерінен маманның табысты болуы, үнемі үздіксіз жетілуі, құндылық бағдары мен мотивациялық тұрақтылығын қамтамасыз ететін рефлексиялық, бағалаушылық, танымдық, операциялық компоненттерден тұратын даму жүйесі (А.Г. Кузнецов, С.М. Селезнева).

А.Г. Кузнецов, С.М. Селезнева маманның акмеологиялық әлеуетінің құрылымына былай анықтаған [112, б. 47]:

1. Құндылықты-мотивациялық (жетістікке мотивация, белсенді өмірлік ұстаным, өзін-өзі дамыту құндылықтары);

2. Танымдық-операциялық (кәсіби білім, басқарушылық қабілеттер, стратегиялық ойлау, тұлғалық қасиеттер, шығармашылық қабілеттер, өзін-өзі дамыту қабілеті);

3. Рефлексиялық-бағалау (рефлексия, басқарушылық тәжірибе, мамандықтың жеке мағынасы).


Қазақстандық ғалымдар өз еңбектерінде кәсіби құзыреттілікке әбден қалыптасқан кәсіби позицияда қол жеткізілетінін атап өтті. Дәл осы позицияда адамның бизнеске деген көзқарасы және өзінің шығармашылық әлеуетін тарту бойынша белсенділік деңгейі көрінеді. Акмеологиялық инварианттар сияқты сипаттамаларды дамыту кезінде қатаң кәсіби позицияны дамыту кезінде кәсіпқойлықтың түбегейлі жаңа деңгейіне қол жеткізіледі. Олар адамға жоғары инновациялық және шығармашылық деңгейде белсенділік функцияларын орындауға мүмкіндік беретін ішкі резервтерін табуға мүмкіндік береді. Бұл адамды қосымша сыныптың кәсібилігіне итермелейтін және қозғайтын акмеологиялық инварианттар [223].

«Педагогтың акмеологиялық әлеуеті» ұғымын А.А. Жигулин үш негізгі құрамдас бөлік туралы сипатталады, олар мотивация, білім, қабілет. Осы үш құрылымның негізгі сипаттамалары арқылы тұлғаның кәсіби және өмірлік жағдайында өзіндік жеке дамуын қамтамасыз етіп, негізгі сапаларды біріктіруге әсер етеді. «Акме» ұғымының мазмұнына жеке ұстаным болуы және оның белсенділігі, өзіндік талап болуы, жинақталған теориялық білімді тәжірибеге тиімді түрде шығармашылық негізде пайдалану, акмеологиялық сауаттылық, өмірлік негізгі құндылықтар мен мәнділік, өзіндік дамуға бағдар, өзіндік іс – әрекетін басқару, бақылау, тәрбиелеу, кәсіби өсу [169, б. 33].

«Педагогтың акмеологиялық әлеуеті» негізгі үш компоненттен құралады: мотивациялық, танымдық және операциялық сипаттамаларының жиынтығы. А.А. Жигулин «тұлғаның акмеологиялық бағыты», «мұғалімнің акмеологиялық сауаттылығы» сияқты терминдерді қолданады және «акмеологиялық мәдениет» ұғымының орнына «акмеологиялық дағдылар» терминін ұсынады. Бұл терминдер біршама толықтырылған мазмұнда «мұғалімнің акмеологиялық әлеуеті» ұғымының блоктары болып табылады, деп тұжырымдаған [169, б. 41].

Берілген компоненттердің мазмұндық сипаттамасы педагогтың акмеологиялық бағыты (құндылық-мотивациялық блок) педагогикалық іс-әрекеттің шығармашылық сипатын анықтайтын мотивтер мен құндылықтардың жиынтығына, кәсіби шеберліктің шыңына жетуге деген ұмтылысқа, шығармашылық іс-әрекеттің тәжірибесін жетілдіруге және байытуға, білім беру тәжірибесіндегі инновациялық үдерістердің маңыздылығын түсінуге негізделген жеке тұлғаның сапасы ретінде сипатталады.

Педагогтың акмеологиялық сауаттылығы (танымдық блок) тұрғысында педагогика, психология, акмеология және әдістеме негіздерін білудің интегративті жүйесі, білім берудің тұжырымдамалық негіздерін құруға және іске асыруға қатысу, мұғалімнің жеке қасиеттерін, оның танымдық және шығармашылық қабілеттері мен танымдық құндылықтарын кешенді диагностикалау туралы хабардар болу, «акме», «адам өмірінің мәні», «өзін-өзі тану» және т.б. сияқты ұғымдарды түсіну, бастама және қызығушылық ретінде сипатталады (сурет 12).



Сурет 12 - Акмеологиялық әлеуеттің құрамдас бөліктері

Педагогтың акмеологиялық дағдылары (операциялық блок) деп өз білім жүйесін тәжірибеде қызметтік және шығармашыл тұрғыда қолдана алу, жеке даму бағдарламасын таңдау және оған қол жеткізу, рефлексия, интроспекция және оның нәтижелері негізінде өз қызметін түзету.

Қазақстандық ғалым Б.А. Тургунбаева барлық оқыту әрбір магистранттың жеке позициясын саналы және тұрақты өзгертуге, жаңа дағдыларды, құзыреттерді дамытуға, оларды нақты өмірде ұтымды пайдалануға дайындықты қалыптастыруға бағытталуы тиіс екенін атап өтті. Оқытудың барлық сатыларында адамды жоғары адами құндылықтар шеңберінде тәрбиелеу қамтамасыз етілуге, әрбір магистранттың өзін-өзі көрсетуі, оның рухани дамуы үшін жағдайлар жасалуға, сонымен бірге адамның «Мендік» жасырын мүмкіндіктерін іске асыруға мүмкіндік беруге тиіс.

Білім алушыларды оқыту және тәрбие үдерісінде қалыптастыруға керек негізгі дағды - бұл үнемі және тиімді үйрену дағдысы. Осы тұрғыдан алғанда, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру өмірлік тиімділікті арттыру, жеке тұлғаны толық іске асыру факторлары ретінде қарастырылады [172, б. 74].

Модельдеу - күрделі заттар мен құбылыстарды білудің теориялық әдісі. Модельдеудің мәні-нақты объектілерді, үдерістерді, құбылыстарды олардың белгілік баламасын бейнелеу немесе ауыстыру.

Модельдеу нәтижесі - мақсатқа сәйкес объект туралы жаңа ақпарат, ол туралы жаңа білім алынатын модель;

Құрылымдық жағынан, модель күрделі құрылым болып табылады және оны модульдер жүйесі ұсына алады, олардың әрқайсысы модель мазмұнының маңызды жағын білдіреді. Модель таным объектісі және түпнұсқа объектіні теориялық түрлендіру құралы ретінде әрекет етеді.

Таным әдісі ретінде модельдеу таным үдерісінің жүйелілігімен, құрылған модельдің тұтастығымен, дерексіз логикалық процедураларды қолдану мүмкіндігімен, әмбебаптығымен, модельденген объектінің болжамды материалымен, танымдық және қалыптастырылатын функцияларды бірлікте орындау қабілетімен сипатталады.

Тұлғаның еркін дамуы үшін ізгілікті орта маңызы зор, тұлға өзіндік және өзгемен өзара әрекеттестікке сай дамуы үшін ізгілік психологиясының негізгі ұстанымдарына жүгіну, әр тұлғаның өзіндік құндылығын, тұтастығын және өзге адамдардың мүмкіндіктерін ескеріп дұрыс қабылдау, бағалау, қолдау мен қауіпсіздігін қамту.

Үдеріске деген акмеологиялық бағдар өзіндік және өзгенің қызығушылықтарын ескеріп оны арттыруға, өзін және өзге тұлғаларды өздерінің табиғи әлеуетін дамыту үшін өзін-өзі белсенді ету субъектілері ретінде қабылдауда (және, тиісінше, жетістікке деген қажеттілікті арттыруда), қоршаған әлемге деген сенімді арттыруда (және, сәйкесінше, алаңдаушылықты төмендетуде), сондай-ақ өмір сүру, хабардарлық, рефлексиялық, оған сәйкес әрбір болашақ маман өзінің жеке белсенділігін көрсетіп, жаңа психикалық жағдайларды құру, түсіну, коммуникациялық дағды мүмкіндігі [93, б. 11].

Қазіргі жоғары кәсіптік білім беруде акмеологиялық тәсілді қолдану

мүмкіндіктері мен бағыттары келесідей анықталады: жалпы, кәсіптік және үздіксіз білім беру жүйесінде білім мен дағдыларды дамытуға бағытталған білім беру аспектісі; кәсіптік жарамдылығын, осы еңбек түріне психологиялық дайындығын және оның үдерісі мен нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілік дәрежесін анықтау арқылы еңбек қызметін жүзеге асырудың мүмкіндіктері мен нәтижелерін анықтауға байланысты кәсіби аспект; кәсіби деңгейін, рефлексивті-инновациялық әлеуетті анықтау, оны шеберлік деңгейіне дейін жетілдіру және шығармашылық үдерісінде алынған инновациялардың әлеуметтік маңыздылығын бағалау арқылы күш-жігермен және жетістікпен анықталған шығармашылық аспект; жеке тұлғаның өзін-өзі тануымен байланысты рефлексивті аспект «мен» дамып келе жатқан және жұмыс үдерісіне байланыс серіктестерін түсіну және адамның кәсібиленуінің таңдалған акмеологиялық аспектілерінің оңтайлы өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін жүйелік фактор [224].

Біздің ойымызша, болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуеті өзінің құрылымына табысқа деген мотивация, белсенді тұлғалық ұстаным, өзін өзіне сыни талдау жасай алу дағдысын кіріктіреді [225]. Акмеологиялық көзқарас жоғары білім беруде педагогикалық бағытты көздейді, бұл дене тәрбиесі мұғалімінің жеке тұлғасының және оның кәсіби дамуы (өзін-өзі дамыту) кіріктірілген сипаттамаларының бірі болып табылады. Педагогикалық бағыт дене тәрбиесі мұғалімінің жеке педагогикалық жағдайы барлық кәсіби қызметінде көрініс табады, оның қабылдауы мен әрекет ету логикасын, мұғалімнің тұлғалық бейнесін анықтайды [226].

Сонымен, төменде 13-суретте біз болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың моделін ұсынамыз.

Дене мәдениеті мен спорт бойынша білікті және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау жүйесіндегі акмеологиялық көзқарастың білім беру мүмкіндіктері:


- болашақ мамандарды кәсіби даярлау мазмұнын акмеологиялық біліммен байытуда [227];

- акмеологиялық әдістер мен технологияларды қолдану мүмкіндігінде;

- тұлғаның кәсібилігі мен болашақ педагогтың іс-әрекетінің сипаттамалары арасындағы тәуелділікті талдауда, бұл қазіргі заманғы болашақ маман әлемінің «кәсіби» бейнесін жетілу деңгейінде құруға мүмкіндік береді;

- кәсібилікке қол жеткізуге ықпал ететін немесе оған кедергі келтіретін заңдылықтарды, тетіктерді, жағдайлар мен факторларды іздеуді қамтитын акмеологиялық талдауды қолдануда және оның негізінде болжамдар жасалады және жеке тұлға мен оның кәсібилігін дамыту жолдары мен әдістері таңдалады [228];

- жоғары кәсіптік білім беру жағдайында тұлғаның жеке және кәсіби қалыптасуының қол жеткізілген деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін ұйымдастырушылық және әдістемелік қамтамасыз етуге негізделген жалпы белгілерді құрылымдауда;



Сурет 13 - Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың моделі

– педагогикалық кәсібиліктің шыңына жетуге бағытталған өнімді жеке және кәсіби дамуды жобалауға және жүзеге асыруға дайындық пен қабілеттілікті қалыптастыруда;

– дене мәдениеті және спорт бойынша болашақ мамандардың акмеологиялық білім деңгейін арттыруда, бұл оларға дербес кәсіби педагогикалық қызметте тұрақты акмеологиялық дамуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді (акмеологиялық сауаттылықтан акмеологиялық құзыреттілікке және рефлексивті басқару типіндегі акмеологиялық мәдениетке қол жеткізуге) мүмкіндік береді.

Кәсіби дене мәдениеті білімін акмеологияландырудың осы стратегиялық бағыттарын іске асыру психологиялық-педагогикалық жағдайлардың қажетті және жеткілікті жиынтығын құруды талап етеді, олар акмеологиялық тәсілдің мәнімен (оның негізгі ережелерімен, негізгі ұстанымдарымен және т.б.), білім беру ортасының ерекшелігімен, ұйымдастырушылық жағдайларымен және акмеологиялық тәсіл жүзеге асырылатын мекемелердің қызмет субъектілерімен анықталады.

Дене мәдениеті және спорт жөніндегі мамандарды даярлау жүйесіне акмеологиялық тәсілді енгізу: элеуметтік-гуманитарлық, жалпы ғылыми және жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді акмеологияландыру; болашақ мамандарды тұлғалық-кәсіптік дамытуға даярлауға арналған арнайы курстарды енгізу; педагогикалық және диплом алдындағы өндірістік тәжірибені акмеологияландыру; ғылыми-зерттеу, инновациялық және жобалау-технологиялық қызметті, сондай-ақ тьютордың тәрбие жұмысын акмеологияландыру арқылы мүмкін болады деп көрінеді.

Болашақ маманның кәсіби дамуының өнімділігі оның өзін-өзі жетілдіруге және шеберлікке, сондай-ақ мамандықта шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылысына байланысты. Болашақ маманның кәсіби қызметінде жоғары нәтижеге, өнімділікке және шығармашылық өзін-өзі жүзеге асырудың әлеуетті мүмкіндіктеріне қол жеткізу жағдайларын зерттеу акмеологиялық мағынаға ие және акмеологиялық теория тұрғысынан негіздеуді қамтиды.

Акме бағытталған мұғалім өзінің шығармашылық әлеуетін өмірде және кәсіпте оңтайлы жүзеге асырып қана қоймай, сонымен қатар оқушылардың өміріне, оқуына, мінез-құлқына саналы көзқарасты қамтамасыз етуге тырысады. Рухани мәдениет адамның қоршаған ортаны және олардағы өзін түсінудің негізі ретінде акмеге бағдарланған педагог пен оның студенттері үшін өзін-өзі жетілдірудің қозғаушы күші, өмірде, кәсіби және оқу іс-әрекетінде акменің даму шыңына көтерілуге түрткі болады.

Ж.К. Холодов дене мәдениеті педагог қызметін жүзеге асырудың тиімділік деңгейлерін келтіреді:

1. Минималды (репродуктивті) – мұғалім студенттерге өздері жасай алатын және өзі жасай алатын нәрсені ғана бере алады.

2. Төмен (бейімделгіш) – мұғалім өзі білетін білім мен дағдыларды бере алады, игерілетін материалдың нақты мазмұнын қатысушылардың жасына және жеке ерекшеліктеріне, олардың дене мәдениеті деңгейіне бейімдей алады.

3. Орта (жергілікті модельдеу) - педагог қатысушыларда өз пәнінің жеке бөлімдері мен бөліктері бойынша басқа білім, білік және дағдыларды қалыптастыра алады.

4. Жоғары (жүйелік модельдеу) - педагог қатысушыларда олардың қозғалыс қызметтеріне сай барлық негізгі аспектілері бойынша басқа да білім мен дағдыларды қалыптастыра алады.

5. Жоғары (оқушылардың қозғалыс белсенділігі мен мінез-құлқын жүйелі түрде модельдеу) – мұғалім өзінің оқу пәнін оқушылардың жеке басын қалыптастыру құралы ретінде қолдана алады, яғни саналы түрде олардың шығармашылық ойлауын қалыптастыра алады, өздігінен жаңа білім ала алады, оларды жалпылайды және моторикасын жаңа, өзгертін жағдайларда қайта құра алады (Холодов Ж.К. 2001).

Бірқатар авторлар спорт педагогы қызметінің ерекшеліктерін көрсетеді.

Ильин Е.П. оларды үш топқа бөледі:

1. Психикалық шиеленістің шарттары қатысушылардың айқайынан туындаған шуылмен байланысты (әсіресе жас оқушылармен сабақтарда). Спорт залындағы шу үзіліссіз және жоғары реңктермен ерекшеленетіні, мұғалімнің психикалық шаршауын тудыратыны анықталды; бұл өз кезегінде бір қайтару тобынан екіншісіне ауысу қажеттілігімен байланысты; сөйлеу аппараты мен дауысқа айтарлықтай жүктеме. Еңбек шиеленісі сонымен қатар оқушылардың өмірі мен денсаулығына үнемі жауапкершілікпен байланысты, өйткені жаттығулар жарақат алу қаупімен ерекшеленеді.

2. Дене жаттығуларды көрсету қажеттілігімен байланысты дене белсенділік шарттары; оқушылармен бірге дене белсенділікті орындау (әсіресе серуендеу кезінде); дене жаттығуларды орындайтын оқушыларды сақтандыру қажеттілігі.

3. Сыртқы орта факторларына байланысты жағдайлар: ашық ауада сабақ өткізу кезіндегі климаттық және ауа-райы жағдайлары; спорт сыныптарының, залдардың санитариялық-гигиеналық жай-күйі.

Төменде біз болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетінің даму компоненттері мен көрсеткіштерін ұсынамыз (кесте 4).

Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың деңгейлерін: жоғары, орташа, төмен деп анықтадық.

Жоғары деңгей - болашақ маманның акме-әлеуетті болуға бағытталуының жоғары деңгейі, акмеологиялық әлеует туралы білімдер жүйесін толық негізде меңгеруі, акмеологиялық әлеуетті дамытудың тиімді жолдарын шынайы әрекетте тиімді қолдана білу қабілеті. Ол табысты, бәсекеге қабілетті болу қажеттілігінің жоғары деңгейі, акмесі жоғары қабілеттер жүйесін меңгеруге ұмтылыс тұрақтылығы, үздіксіз білім алуға, кәсіби және тұлғалық өсуге әрдайым ұмтылуының тұрақтылығы, еңбек нарығында акме әлеуеті жоғары деңгейде дамыған педагог-маманның сұранысқа ие болғандығын білу және түсіну, «акме», «акмеологиялық әлеует» ұғымдарының мәнін және оның теорияларын толық білу және түсініктің қалыптасуы, акмеологиялық әлеуетті дамытуға бағытталған өзін-өзі тану, өзін-өзі тәрбилеу, өзін-өзі жетілдіру

әдістерін білу және меңгерудің жоғары сатысы, іс-әрекетіндегі бірізділік (мақсат, мотив және құралдардың

Кесте 4 - Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың компоненттері мен көрсеткіштері

Компоненттер	Өлшемдер	Көрсеткіштері	Диагностикалық әдістемелер
Мотивациялық компонент	Студенттердің акме-әлеуетті болуға бағытталуы	- табысты, бәсекеге қабілетті болу қажеттілігі - акмесі жоғары қабілеттер жүйесін меңгеруге ұмтылыс - үздіксіз білім алуға, кәсіби және тұлғалық өсуге әрдайым ұмтылуы	Мақсатқа жетуге қажеттілік Ю.М.Орлов
Танымдық компонент	Студенттердің акмеологиялық қалауы туралы білімдер жүйесін меңгеруі	- еңбек нарығында акме әлеуеті жоғары деңгейде дамыған педагог-маманның сұранысқа ие болғандығын білу және түсіну - «акме», «акмеологиялық әлеует» ұғымдарының мәнін және оның теорияларын білу және түсіну. - акмеологиялық әлеуетті дамытуға бағытталған өзін-өзі тану, өзін-өзі тәрбилеу, өзін-өзі жетілдіру әдістерін білу және меңгеру	Мансап зәкірі, Э. Шейн Импульстік деңгейін бағалау, В.А. Лосенков
Іс – әрекеттік компонент	Студенттердің акмеологиялық қалауы дамытудың тиімді жолдарын шынайы әрекетте қолдануы.	- іс-әрекетіндегі бірізділік (мақсат, мотив және құралдардың бір- бірімен ұштасуы) - ізбасарларына үлгі боларлықтай болашақ маман ретінде өзін көрсетуге жағдай жасау дағдысы - топтық ұйымдастырушылық қызметтерді атқаруы	Жауапкершіліктің экспресс-диагностикасы тесті, В.П. Прядин Тәуекелге дайындық тесті, Шуберт

бірімен ұштасуы), ізбасарларына үлгі боларлықтай болашақ маман ретінде өзін көрсетуге жағдай жасау дағдысы, топтық ұйымдастырушылық қызметтерді атқаруы нақтылығы.

Орташа деңгей - болашақ маманның акме-әлеуетті болуға бағыттылығының тұрақсыздығы, акмеологиялық әлеует туралы білімдер жүйесі туралы ақпарат болуы, акмеологиялық әлеуетті дамытудың тиімді жолдарын шынайы әрекеттер қалыптасуы. Ол табысты, бәсекеге қабілетті болу қажеттілігінің орташа деңгейі, акмесі орта қабілеттер жүйесін меңгеруге ұмтылыс бар болуы, білім алуға, кәсіби және тұлғалық өсуге ұмтылуының орта деңгейі, еңбек нарығында акме әлеуеті дамыған педагог-маманның сұранысқа ие болғандығын білу және түсіну, «акме», «акмеологиялық әлеует» ұғымдарының мәнін және оның теориялары туралы ақпарат болуы, акмеологиялық әлеуетті дамытуға бағытталған өзін-өзі тану, өзін-өзі тәрбилеу, өзін-өзі жетілдіру әдістері туралы ұғым болуы, іс-әрекетіндегі бірізділік

(мақсат, мотив және құралдардың бір-бірімен ұштасуы), ізбасарларына үлгі боларлықтай болашақ маман ретінде өзін көрсетуге талпынысы, топтық ұйымдастырушылық қызметтерді атқаруы туралы ақпарат.

Төмен деңгей болашақ маманның акме-әлеуетті болуға бағыттылығының болмауы, акмеологиялық әлеует туралы білімдер жүйесі туралы ақпарат болуы, акмеологиялық әлеуетті дамытудың тиімді жолдарын шынайы әрекеттер ретінде қабылдау. Ол табысты, бәсекеге қабілетті болу қажеттілігінің әлсіз деңгейі, акмесі төмен қабілеттер жүйесін меңгеруге ұмтылыс әлсіздігі, білім алуға, кәсіби және тұлғалық өсуге ұмтылуының әлсіз деңгейі, еңбек нарығында акме әлеуеті дамыған педагог-маманның сұранысқа ие болғандығын білу және түсіну, «акме», «акмеологиялық әлеует» ұғымдарының мәнін және оның теориялары туралы, акмеологиялық әлеуетті дамытуға бағытталған өзін-өзі тану, өзін-өзі тәрбилеу, өзін-өзі жетілдіру әдістері туралы ақпарат болуы, іс-әрекетіндегі бірізділік (мақсат, мотив және құралдардың бір-бірімен ұштасуы), ізбасарларына үлгі боларлықтай болашақ маман ретінде өзін көрсетуге талпынысының болмауы, топтық ұйымдастырушылық қызметтерді атқаруы әлсіздігі.

Бірінші тарау бойынша тұжырым

Заманауи даму деңгейіне сәйкес бүгінгі күні білім беру мекемелеріндегі кәсіби даярлық үдерісі барысында қалыптасушы болашақ маманның тұлғасына, кәсіби даярлық сапасына қоғам сұранысы артуда. Осы орайда, ең басты сапа ретінде өмір бойына үздіксіз білім алу мүмкіндігі мен сол білім беру үдерісінің қолжетімділігі. Қолжетімді білім алу қамтамасыз ету үшін, басты фактор тұлғаның үздіксіз өзіндік білім алуын ынталандыру маңызды. Мотивациялық мүмкіндікті тұрақтандыруға тұлғаның акмеологиялық әлеуетін қалыптастыру тиімді әсер етеді. Акме тар мағынада, субъект ретінде өзіндік кәсіби деңгейінде рухани және материалдық құндылықтардың үйлесімділігіне жету мүмкіндігі, ал кең мағынада акме – адамның дене, тұлғалық және субъективтік жетілуімен сипатталатын ересек өмірінің бүкіл кезеңі.

Акмеология ғылым ретінде үш негізгі бағытқа бөлінеді: классикалық, іргелі және қолданбалы. Тұлға бойында акме деңгейге ұмтылыс тек өзіндік ерекшеліктеріне тән, ол тұлғаның ілгері даму жолының шыңы, өз өмірлік жолында тұлғалық дамуының жоғары деңгейлі жетістіктері, кәсіби іс-әрекетіндегі жетістікке жеткен нәтижелер, жеке тұлға ретінде даму жолында жоғары шыңдарға жету болуы мүмкін. Сондай ақ, акмеология шынайы, формалды және жалған болуы мүмкін. Акмеологиялық әлеуеті қалыптасқан тұлға, өз мақсатына ие, өз әрекеттеріне рефлексия бере алатын, қоршаған ортада белсенді қарым - қатынасқа түсетін, дербес, креативті бастамаға ие, әр іс - әрекетіне жауапкершілікпен қарайды.

Акме ұғымын анықтаудан соң, келесі ұғым әлеует. Әлеует мазмұны: кәсіби әлеуеттен, еңбек қабілеттілігінен, білім алу мүмкіндігінен, шығармашылықтан, рухани құндылықтан тұрады.

Зерттеулерді талдай келе, тұлға құрылымында бес әлеует ерекшеленгенін көрдік: адамның гносеологиялық әлеуеті, тұлғаның аксиологиялық әлеуеті,

жеке тұлғаның шығармашылық әлеуеті, тұлғаның коммуникативтік әлеуеті, тұлғаның көркемдік әлеуеті.

Осыған сай, зерттеулерде әлеуеттің бірнеше түрі ерекшеленді: кәсіби, шығармашылық, психологиялық, акмеологиялық, инновациялық, тұлғалық, әлеуметтік.

Контент талдау негізінде «Акмеология, акмеологиялық әлеует, акмеологиялық құзыреттілік, акмеологиялық көзқарас» ұғымдарының мазмұндық талдауы жүргізілді.

Зерттеу кезінде болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың әдіснамалық тұғырлары мен қағидалары анықталды: жүйелік тұғыр, мәдени танымдық тұғыр, синергетикалық тұғыр, аксиологиялық тұғыр, құзыреттік тұғыр және жүйелік – іс-әрекеттік қағидасы, белсенділік және дербестік қағидасы, әлеуметтік сәйкестік және ғылымилық қағидасы, ұжымдық және дербестік қағидасы, тәрбиелік және дамытушылық сипаттағы қағидасы.

Зерттеу кезінде болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетінің құрылымы анықталды.

Нәтижесінде құрылымдық – мазмұндық модель ұсынылды, оның мазмұны жоғарыда талданған негізгі әдіснамалық және теориялық тұжырымдар, ал құрылымдық қолданбалы бөлігі, негізгі компоненттер (мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік), өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері беріліп, нақты мақсаты мен алынатын нәтижесі берілді.

2 БОЛАШАҚ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАНЫНЫҢ АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТЕНДЕНЦИЯЛАР

2.1 Дене мәдениеті және спорт саласындағы цифрландыру

Аталмыш бөлімшеде біз болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудағы цифрландыру мәселесінің орнын ашуға тырысамыз.

Дүние жүзінде, қоғамда, Қазақстанның кәсіби ортасында және шет елдерде болып жатқан тұрақты өзгерістер, құзыреттіліктер немесе дағдыларды дамыту мен сақтау мәселелерін жаңаша белгілеп, олардың бірқатары қазіргі уақытта қажетсіз болып қалуда, алайда олардың болашақта сұранысқа ие болуы мүмкін.

Сондықтан, білім беру мәдениетінің тарихы үшін маңызды дағдылар (сипаттау деңгейінде болса да) мәселесі туындайды, алайда бұрын қолданыста болмаған «жаңа» дағдыларды қалыптастыру қажеттілігі өткір мәселеге айналды. Бұл білім беру ортасында АКТ-ды ендірумен ғана байланысты емес, сонымен бірге білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың басқа тәсілдерін қамтитын дәстүрлі емес зерттеу технологияларын қолдану арқылы желілік өзара әрекеттесуді барынша ендірумен байланысты.

Болашақ дене мәдениеті және спорт маманын даярлау процесі жоғары оқу орнында жүзеге асырылғандықтан, ең алдымен, педагогтар үшін цифрлық құзыреттіліктің аса кең тараған модельдерінің бірі ретінде DigCompEdu еуропалық моделі алынады [229]. Сонымен қатар, Ю.Парктың цифрлық интеллект құзыреттілік моделі белгілі қызығушылық тудырады, себебі ол педагогтар мен білім алушылардың мүдделерін біріктіреді [230].

Сонымен қатар, негізгі салаларды дамыту трендтерін ауқымды зерттеу нәтижесінде «Сколково» Мәскеулік басқару мектебінің мамандары мен стратегиялық бастамалар агенттігінің мамандары «Жаңа кәсіптер атласын» әзірледі [231], ол қызметкерлерді және жұмыс берушілерді жаңа жағдайларға бейімдеудің қажеттілігін растайды. Атластың алғашқы нұсқасы 2500 ресейлік және халықаралық сарапшылардың жұмысының нәтижесінде 2014 жылы пайда болды. 2019 жылдың соңында Атластың үшінші нұсқасы шықты. Мысалы, «Жаңа кәсіптер Атласын» құрастырушылардың пікірлері бойынша, 2030 жылға дейін еңбек нарығында 180-нен астам жаңа кәсіптер пайда болады, ал 50-ден астам қолданыстағы кәсіптер жоғалады. Ұсынылған құжат болашақ мамандардың қандай құзырлылықтары мен біліктіліктерінің нарықта сұранысқа ие болатынын түсінуге көмек береді.

Осы тұста әрине болашақтың кәсібінің негізгі айырмашылықтары ретінде тар мамандандырылған білімдер емес, дағдылардың кең «палитрасы» алынады (бұл ретте, hard және soft skills дағдылар). Soft skills («икемді» дағдылар) бұл жағдайда жеткілікті маңызды мәні болады, себебі жақын болашақта нақты белгілі мамандық бойынша емес, құзыреттіліктердің белгілі жиынтығы (білім, білік, дағдылар) бойынша оқыту жүзеге асырылатын болады, оларды сұранысқа ие мамандар меңгеруі керек. Бұл ретте қазіргі заманауи әлемде құзыреттіліктердің ескіруі қарқынды жүруде, бір кәсіпті өмір бойы меңгеру

немесе алып жүру мүмкін емес, сол уақытта өмір сүру барысында білім алуда «нон-стоп» қажеттілігі пайда болады.

Қолданыста бар білім беру мүмкіндіктерінің алуан түрлілігін ескере отырып, барынша пайда келтіретін және талап етілетін құзыреттіліктерді алуға мүмкіндік беретін нәрсені анықтауда қиындықтар туындайды. Әрбір қызметкердің өзіндік кәсіпқойлығын арттыру үшін нені зерттеудің қажет екендігін анықтауға қабілетті болмауы немесе табысты болатын болашақ іс-әрекетінің түрін анықтауға қабілетті болмауы жағдайды одан әрі қиындатады.

Осылайша, индивидтің алдында қажетті кәсіби құзыреттіліктерді алу бойынша оның талаптарын толыққанды дәрежеде қанағаттандыратын ресурсты таңдауда және тұлғалық дамудың өзіндік траекториясын құруда өте күрделі мәселе туындайды.

Осы тұста айта кететін жәйт, технологияның дамуы ақпараттық технологиялар арқылы жүзеге асырылатын бағдарламаларды дамытуға әкелді, сурет-14:



Сурет 14 - Ақпараттық технологиялар негізінде оқыту бағдарламалары

- *қашықтықтан оқыту* (ақпараттық технологиялар арқылы оқытушы-білім алушының өзара әрекеттесуіне құрылған);

- *электрондық оқыту* (e-learning және m-learning – дербес компьютерде немесе мобильді құрылғыда, оның ішінде қосымшалар түрінде қолжетімді арнайы құрастырылған электрондық білім беру курстарын қолдануды көздейді);

- *смарт-оқыту* (кәсіби қауымдастық өкілдермен бірге курстың аясында міндеттерді орындауда интерактивті оқытуды өзара әрекеттесу мүмкіндіктерімен интеграциялау негізінде).


Дамушы қазіргі ЖОО-да құзыреттілік тұғырдың студенттердің өзіндік

білім алуы үшін саналы түрде жауапкершілік алудың қажеттілігін көрсетеді, ал білімді қарапайым қайта таратудан бас тартуды білім алушылардың ақпаратты іздеу, өңдеу және қолдану процестерін меңгеру механизмдерін құрудың қажеттілігін талап ететінін атап өту қажет.

Құзыреттілік тұғырға сәйкес, білімнің жиынтығын қамтитын базалық білім түйінді құзыреттіліктердің және кәсіби дағдылардың жиынтығымен толықтырылады. Мысалы, студент ақпаратты өз бетімен іздеу және өңдеу, цифрлық ортада бағдарлау, зейінін және жинақылығын дамыту қабілетіне ие болып қана қоймауы керек, сонымен бірге бағдарламалық жасақтаманы, топпен бірлесіп онлайн-жұмыстың инструменттерін қолдануы қажет. Осылайша, өзіндік оқыту қабілетінің, жаңаша бағдарламалық жасақтамамен жұмыс істеу қабілетінің, командада жұмыс істеу және тайм-менеджмент өнерін меңгеру қабілетінің үлкен маңызы болады. Қашықтықтан оқитын және гибридік сыныптар-курстардың білімалушылары пәндік салалардағы білімнен басқа, сандық талдауға болмайтын дағдыларды меңгереді.

Әдебиеттер талдауы көрсеткендей, Марий мемлекеттік университетінің (МарМУ) педагогтарының цифрлық құзыреттілік моделін құрастыруда «Ресей Федерациясының цифрлық экономикасы» ұлттық бағдарламасының талаптары есепке алынып [232], онда цифрлық ортадағы коммуникацияның маңыздылығы мен цифрлық контентті басқарудың маңыздылығы атап көрсетіледі. МарМУ-де қабылданған модельдің құрылымы үш деңгейден құралады [233]:

- 1 деңгей: цифрлық өзара әрекеттесу құзыреттіліктері;
- 2 деңгей: цифрлық контентті құру құзыреттіліктері;
- 3 деңгей: цифрлық трансформация құзыреттіліктері, сурет -15



Сурет 15 - Марий мемлекеттік университеті (МарМУ) педагогтарының цифрлық құзыреттілік моделі (Ресей)

Енді осы деңгейлерге нақтырақ тоқталсақ. Құзыреттіліктердің бірінші тобы – *цифрлық өзара әрекеттесу құзыреттіліктері* – кәсіби сфераның ішінде (білім берудің барлық стейкхолдерлерімен өзара әрекетті орнату, ғылыми коммуникацияны жүргізу) және кәсіби сферадан тыс (атап айтқанда, кез келген жағдайда цифрлық этикеттің ережелерін ұстану) коммуникацияның орнату қабілетімен байланысты барлығын біріктіреді. Аталған құзыреттіліктерді меңгеру педагогтың цифрлық бірдейлігін қалыптастыру сапасында көрінеді.

Цифрлық контентті құру құзыреттіліктері интерактивті жаттығуларды құру үшін сервистерді қолдану қабілетін ғана қамтымайды. Оған цифрлық ортадағы авторлық құқықтармен байланысты ақпарат және педагогикалық дизайн принциптерін білу енеді. Педагогикалық дизайн принциптері онлайн-курстардың және цифрлық материалдардың сапасын таңдау және бағалау, білім алушылардың қажеттіліктерін анықтау, білім беру мақсаттарын қою және қажетті нәтижелерді анықтау қабілетінде, сонымен бірге сәйкес білім беру контентін іріктеу, мотивацияны қолдау және білім алушылардың білім алу тәжірибесін жобалау қабілетінде көрінеді.

Цифрлық трансформация құзыреттілігі- деп, цифрлық ортада күрделі кәсіби міндеттерді шешуде әдістер мен инструменттерді функционалды қолдануды, сонымен бірге білім беру аналитикасы және білім беру процесін дараландыру үшін жанама цифрлық технологиялармен байланысты құзыреттіліктерді атайды [234].

Сонымен қатар, назар аударатын жәйт, ғалым О.Ю. Мосалованың пікірі бойынша, акмеологиялық тұғыр білім алушылардың өзін-өзі танытуын, өзін-өзі көрсетуін қамтамасыз ететін білім беру процесіндегі оңтайлы жағдайларды құру, оның қабілеттерінің көрінуі болып табылады [235]. Мұндай тұғыр білім алушылардың белсенді өзін-өзі дамытуын және өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз ететін принциптердің, тәсілдер мен әдістердің жиынтығын қамтитын адамның тәнін, адамгершілігін және ерікті сапаларын жетілдіру ретіндегі кең мағынасындағы дене мәдениетін дамытуды білдіреді. Акмеологиялық тұғырға сәйкес дене тәрбиесіндегі тұлғаның өзін-өзі танытуы білім алушылардың мүмкіндіктерін, мақсатқа жетудегі қабілеттерін аса толыққанды көрсететін спорттағы биік жетістіктерге, дене күшін жетілдіруге ұмтылысында көрініс табады. Осы тұста білім алушылардың, яғни болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының акмеологиялық әлеуетін дамытуда ең бастысы өзін - өзі тануға, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға қажеттілік пен мүмкіндіктер жасауға назар аудару керек. Себебі болашақ маманның цифрлық ортада қалыптасуы тұлғаның тікелей өзіне байланысты.

Ғылыми әдебиеттерге шолу, ғалымдардың дене мәдениеті және спорт саласын цифрлық трансформациялаудың келесі бағыттарын ажырататынын көрсетті [236], сурет -16:



Сурет 16 - Дене мәдениеті және спорт саласын цифрлық трансформациялаудың бағыттары

Нақтыласақ:

1. Саланы басқару жүйесін цифрлық трансформациялау: саладағы субъектілердің іс-әрекетінің барысын және нәтижелерін талдауға арналған жасанды интеллект негізінде нейрондық желілерді және технологияларды ендіру, сала субъектілерінің мәліметтерін автоматтандырылған тұрғыда өңдеу (мәліметтерді барынша жылдам алу, өңдеу және талдау, оларды қауіпсіз сақтау), спорт жетістіктерін болжау және оларға дайындық процестерін модельдеу, жаттықтырушы кадрларға деген саладағы қажеттіліктерді есептеу (спорт түрлерінің және спорттық ЖОО-да даярлау бағыттарының аясында), дене шынықтыру -спорт ұйымдарының желілік ресурстарын біріктіру, цифрлық өнімдерді және олардың бағдарламалық жасақтамасын жетілдіру, оларды бірыңғай жүйеге интеграциялау, оның ішінде атқарушы биліктің органдарының, атқарушы билік органдарының және муниципалитеттің ақпараттық жүйелерімен интеграциялау, қағаз түрінде құжаттық айналымды электрондық түрге біртіндеп алмастыру, оның ішінде мемлекеттік және муниципалды қызмет (функция) ұсынуда (атқару) алмастыру.

2. Жаттықтыру процесін цифрлық трансформациялау: сала субъектілерінің мәліметтердің ашық базаларын белсенді қолдануы, VR немесе AR-технологияларды, цифрлық өнімдерді, сервистерді және платформалық шешімдерді қолдану, спортпен шұғылданушыларды даярлаудың әртүрлі мәселелері бойынша оқытушы электрондық құралдарды әзірлеу, жаттығу барысында және оған даярлау процесінде тиісті бағдарламалық жасақтамасы бар портативті техниканы белсенді қолдану [237].

3. Саланың маркетингтік цифрлық трансформациялау: саланың субъектілерінің қажеттіліктерін анықтау бойынша сервисті қалыптастыру, сала субъектілерінің қызметін дамыту үшін коммуникация құралдары және

ақпараттық технологиялар спектрін барынша кеңейту, спорттық ақпараттық ресурстарды және сервистерді дамыту, сала субъектілерін ақпараттық технологияларды және ақпараттық өнімдерді қолдануға ынталандыру.

4. Саладағы барлық субъектілердің АКТ-құзыреттілігін арттыру, оның ішінде жаттықтырушы-оқытушылар құрамының, спортшылардың және олардың ата-аналарының, сонымен бірге дене мәдениеті және спорт саласындағы саясатты жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органдары мамандарының АКТ-құзыреттілігін арттыру, сала субъектілерінің кеңес беруші, әдістемелік және сарапталық қолдау механизмдерін құру.

Зерттеуші И.В. Роберттің пікірі бойынша [238], «цифрлық ақпараттық технологиялар: гипермәтіндік, гипермедиялық форматта оқу материалын ұсынудың құрылымын өзгертуге; білім беру процесінің субъектілері арасында (білім алушы, білім беруші және интерактивті ақпараттық ресурс) ақпараттық өзара әрекеттесу парадигмасын өзгертуге; оқыту нәтижелерін бақылауды автоматтандыру жүйесінің пайда болуына және білім беру процесін ұйымдастырушылық басқаруға; алуан түрлі цифрлық білім беру ресурстарының пайда болуына» мүмкіндік береді. Соған байланысты даярлаудың өзгешелігін және бағыттарын есепке ала отырып, цифрлық білім беру ресурстарын құру әдістемесімен байланысты, сонымен бірге дене мәдениеті және спорт саласы, кәсіби іс-әрекет саласы үшін болашақ кадрларды даярлау жүйесінде оларды қолдану әдістемесімен байланысты мәселелер белгілі қызығушылық туындататынын атап өту қажет.

Дене мәдениеті және спорт саласындағы цифрлық трансформациялаудың басқа бағыттарына келетін болсақ, бұл ең алдымен, дене шынықтыру-спорттық іс-әрекетті (спорттық жаттықтыру, спорт жарыстарын ұйымдастыру және өткізу, дене шынықтыру-сауықтырушы жұмыс) ұйымдастырумен байланысты бағыттар болып саналады. Қазіргі уақытта оқу-жаттықтыру процесін бақылауды және түзетуді жүзеге асыру үшін іс-әрекеттің бұл бағыттарында спортпен шұғылданушылардың жай-күйін зертханалық жағдайларда және тікелей «далалық» жағдайларда да бағалауға мүмкіндік беретін алуан түрлі бағдарламалық-аппараттық кешендер белсенді қолданылады, бұл өз кезегінде осы процестерді басқарудың сапасын арттыруға мүмкіндік береді, ал спорт жарыстарын ұйымдастыруда - спортшылардың нәтижелерін бағалаудың объективтілігін көтеруге мүмкіндік береді [239].

Бұл бағытта қазіргі уақытта спортпен шұғылданушылардың алуан түрлі параметрлерін тіркеуге мүмкіндік беретін мобильдік қосымшалармен бірлескен «ақылды» хабаршылар (датчик) белсенді қолданылады (Strava, NTC, Watch, 8 fit, Runtastic және т.б.). Аса қызықты және көпфункционалды қосымша ретінде DexBee болып саналады. Қазіргі уақытта дене мәдениеті мен спорттың жекеленген ұйымдары, аймақтары мен салалары аясында және тұтас алғанда цифрлық трансформациялау негізінде бірыңғай әдістемелік кеңістікті құру маңызды болып саналады [240].

Ресей ғалымдары аталған бағыт бойынша өздерінің зерттеулерінде дене мәдениеті және спорт саласындағы келесі цифрлық технологияларды және платформалық шешімдерді анықтады, кесте – 5 [241].

Кесте 5 – Дене мәдениеті және спорт саласындағы цифрлық технологиялар мен платформалық шешімдер

Цифрлық технологиялар	Сипаттамасы
«LSPORT» (АИС LSPORT)	Дене мәдениеті мен спорт саласын басқарудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді
«Цифрлық спорт» бірыңғай платформасы	Дене мәдениеті мен спорт саласын басқарудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді
Спорт мектептері мен Roboseller оқу орталықтарына арналған CRM-жүйесі	Бұлтты цифрлық платформа болып табылады, спорт мектептері мен оқу орталықтарын басқарудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді
SmartSport спорт резервінде спорттық даярлаудың ақпараттық-аналитикалық жүйесі	аймақтық мемлекеттік ақпараттық-аналитикалық жүйе болып табылады, дене мәдениеті мен спорт саласын басқарудың тиімділігін және бақылауды арттыруға мүмкіндік береді
S10.run онлайн-жаттығулар платформасы, жаппай жүгіруді ұйымдастыру және басқару	бұлтты цифрлық платформа болып табылады, халықты дене мәдениеті және спортпен шұғылдануға баулуға мүмкіндік береді (атап айтқанда, жүгірумен), жүгіру бойынша жеке жаттығулардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді
E-Champs жарыстарды басқарудың цифрлық платформасы	цифрлық бұлтты платформа болып табылады, цифрлық сервистерді ұсынады: спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және басқару, барлық субъектілері арасындағы өзара әрекеттесу.

Бұдан басқа, интернет-кеңістікте көптеген алуан түрлі сайттар, білім беру порталдары мен платформалар ұсынылған, оларда барлық мүмкін болар курстар (оның ішінде Instagram желісінде), коуч-семинарлар, дағдыларды дамыту бойынша бизнес-тренингтер (көшбасшылық, командалық жұмыс, уақытты басқару саласында, презентациялар өткізу, дебат өткізу және т.б.), репетиторларды, симуляторларды (игрофикация және киберспорт), электрондық кітапханаларды, жана әлеуметтік медиаларды (әлеуметтік желілер), Youtube және Telegram каналдарын, 2.0. веб-сервистерін, ашық жаппай онлайн-курстарды (MOOK) іріктеу бойынша сервистер ұсынылған.

Сонымен бірге, коммуникация арқылы даму саласындағы (білімді меңгеру) әртүрлі форматтар (білімнің кәсіби желілерін құру) ұсынылған: конференцияларға, презентацияларға, форумдарға, онлайн-пікірталастарға, вебинарларға, мессенджер және әлеуметтік желілер топтарында, блогтарда, ғылым кеңестерге және бірлескен жарияланымдарға қатысу.

Алайда жоғарыда қарастырылған дене шынықтыру және спорт

саласындағы цифрлық технологияларды қолдану, жүзеге асыру әлі де болса ізденісті қажет етеді, сол себепті осы саланы дамуға назар аударсақ.

Білім беру саласында және кәсіби іс-әрекетте цифрлық дағдыларды құру және дамыту бойынша ұсыныстарға пандемия сияқты форс-мажорлық (күтпеген) жағдайларға қарамастан келесі ұсыныстарды енгізуге болады:

– цифрлық дағдыларды талап ететін қашықтықтан оқыту мен жұмыс істеу үшін қолайлы жағдайларды құру;

– мемлекеттік биліктің салалық органдары немесе мемлекеттік қызмет базасында кәсіби цифрлық дағдыларды дамыту үшін бөлімшелерді құру;

– озат тәжірибені зерттеуге және жұмыспен қамтуға байланысты мәселелерді шешуге үкіметтік емес ұйымдарды барынша белсенді ендіру;

– цифрлық технологиялар бойынша оқу курстарын жеке сектордағы кәсіпорындармен және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп құру;

– мүмкіндігі шектеулі адамдарға және қарт адамдарға арналған ерекше бағыттылығы бар оқу мекемелерінің базасында арнайы курстарды құру [242].

Осы тұста цифрлық білім беруді ендірудің негізгі артықшылықтарына әртүрлі авторлардың атап көрсеткен психологиялық эффектілерін жатқызуға болады:

1) білім алу саласындағы кеңістіктік және уақыттық шектеулерді жою. Шалғайда тұратын халықтың білім алуын жеңілдетудегі білім берудің қолжетімділігі;

2) білімнің жинақталуы, ақпараттық желілердің жаһандық жүйесінен әлеуметтік шығарудың жиілігін төмендету, соның нәтижесінде ақпараттық және білім берудегі теңсіздік мәселесін шешу, әлеуметтік немесе мүліктік жағдайына, тұрғылықты мекенжайына және т.б. қарамастан өзін-өзі жүзеге асырудың жеткілікті мүмкіндіктерін ұсыну;

3) оқытуды дербестендіру, таңдалған білім беру жолын дараландыру – әрбір білімалушы пәнді оқытудың жылдамдығын және оны дамытудың реттілігін анықтай алады. Мұғалім мен білімалушының асинхронды өзара әрекеттесу мүмкіндігі білімалушыға материалды зерттеуге және тапсырмаларды орындауға аса қолайлы уақытты таңдауға мүмкіндік береді [243].

Осы тұста Қазақстандық ғалымдардың дене шынықтыру және спорт саласын цифрландыруына назар аударсақ, зерттеуші А.Б. Дошыбековтың жетекшілігімен Қазақ спорт және туризм академиясының сайтында Олимпиадалық білім беру виртуалды форсайт зертханасының әзірленгенін анықтадық [244]. Виртуалды форсайт лабораторияның түрлі функциялары бар, нақтыласақ: диагностикалық, теориялық, психологиялық және әдістемелік. Әр атқару қызметіне сәйкес сайтта электронды материалдар көруге болады, кесте - 6:

Кесте 6 - ҚазАСТ Олимпиадалық білім беру виртуалды форсайт зертханасының цифрлық технологиялары

Цифрлық технология	Сипаттамасы
Google.forms тағы онлайн тесттер	Мектеп оқушыларына, ата-аналарға, мұғалімдерге арналған диагностикалық тесттер
Антропометриялық және дене көрсеткіштердің онлайн статистикалық жүйесі	Дене ұзындығы (см), дене салмағы (кг), кеуде шеңбері (см), өкпенің тіршілік сыйымдылығы (мл), сол қолдың қол күші (кг), оң қолдың қол күші (кг), Арқа бұлшық ет күші (кг) көрсеткіштерінің жиынтығы
«Олимпиада жолсерігі» электронды жұмыс дәптері	Бастауыш сынып оқушыларына арналған электронды жұмыс дәптері
Форсайт сессия	«Олимпиадалық білім беру» курсының бейне дәрістер кешені
Шеберлік сыныптар	Жетекші мамандардың өткізген шеберлік сыныптарының бейнежазбалары

Сонымен, жоғарыдағыны түйіндей келе, жалпы Қазақстанда Республикасында да ЖОО тәжірибесінде дене шынықтыру және спорт саласында цифрлық технологиялардың заман талабына сай жүзеге асыру өз деігейінде екенін байқауға болады.

Түйіндей келе, цифрлық трансформация стратегиядан басталатыны баса айтқымыз келеді. Нақты анықталған стратегия жаңа технология ұсынатын мүмкіндіктерді қолданады және қызығушылық танытатын тараптардың мақсаттарын қанағаттандырады.

Жоғары айтылғандарды түйіндей келек, біздің ойымызша, келесі төрт кадам білім беруді цифрлық трансформациялау стратегиясын жобалаудың негізгі міндеттерін көрсетеді:

1. қауіпсіз және интеллектуалды коммуникациялық желіні құру;
2. білім беру процесіне қатысушылардың қажеттіліктерін және мүмкіндіктерін мониторингілеу;
3. білім алушылардың дара-психологиялық ерекшеліктеріне байланысты оқытудың икемді траекторияларын әзірлеу;
4. білім беру процесіне қатысушыларды педагогикалық қамтамасыз ету және қолдау үшін бірыңғай платформаны қолдану.

Осылайша, білім беруде цифрлық стратегияны жобалау және жүзеге асыру қызығушылық танытатын мүдделі тараптардың қатысуының жоғары деңгейін, дер кезінде дұрыс шешімдерді көрудің айқындығын және оларды қабыдау қабілетін, оқытудың тиімді технологиялары мен әдістерін анықтауды талап етеді.

Демек, оқытуда цифрлық трансформацияның басты көрсеткіші ретінде білім беру процесінің жаңартылған моделі, оның субъектілерінің рөлінің өзгеруі, олардың өзара әрекеттесуінің мазмұны мен механизмдері, білім беру ұйымдарының қызметін әртүрлі құрамдастармен басқару технологиялары алынады: базалық (оқу-тәрбие қызметі) және қосалқы (ұйымдастырушылық-әкімшілік жұмыс). Жоғарыда көрсетілген процестер білім беру мекемелерінің деңгейіне және өзгешелігіне қарай құрылады және бейімделеді.

Осылайша, дене мәдениеті және спорт саласында қарқынды цифрлық трансформация жүзеге асады. Цифрлық технологияларды ендіру жаңа технологиялық құрылымның қалыптасуына, озат технологиялар мен инновацияларды ендіретін озық, жетекші елдермен қатар жүруге ықпал етеді. Келесі 3.2 тараушада біз болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытуда пайдаланатын цифрлық ресурстарға тоқталамыз.

2.2 Дене мәдениеті және спорт саласындағы инновациялық даму

Аталмыш тараушада біз болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудағы инновациялық бағыттың рөлін айқындауға тырысамыз.

Белгілі болғандай, дене белсенділігі халықтың өмір сүруінің жоғары сапасының маңызды аспектісі болып табылады, себебі ол ағзаның жүйесінің функционалды мүмкіндіктерін арттыруға және созылмалы аурулардың дамуын тежеуге ықпал етеді [245].

Дене тәрбиесі ол салауатты және белсенді өмір сүру салтын ұстануға қажетті дағдыларды дамытуға бағытталған, салауатты дене мүсініне жетуге көмек береді және жеке, қоғамдық әл-ауқатты қамтамасыз етеді. Қоғамның қазіргі даму сатысында дене тәрбиесінің тиімділігін арттырудың ажырамас элементі ретінде прогрессивті әлеуметтік-экономикалық эффект алуға және халықтың өмір сүру деңгейін көтеруге мүмкіндік беретін дене мәдениеті және спорт саласындағы инновациялық іс-әрекет алынады [246].

Дене мәдениеті және спорт саласындағы инновациялардың жоғары маңыздылығы олардың ерекшеліктерін зерттеуді өзекті етеді.

Ресей ғалымдары Полянский С.Н., Лапшин В. аталған категориядағы бірнеше тұғырларды ажыратып көрсетеді:

1) инновациялар шығармашылық процестің нәтижесі ретінде қарастырылады;

2) инновациялар жаңалықтарды ендіру процесі ретінде беріледі.

Бірінші жағдайда, инновация шығармашылық іс-әрекеттің нәтижесі болып және жаңа өнім немесе технологиялық процес түрінде іске асырылып, интеллектуалды тауар болып табылады, бұл көп жағдайда инновациялық процестерді басқару мәселелерінің сипатын анықтайды. Басқаша айтқанда, инновациялық іс-әрекет инновацияларды құру және тарату бойынша жұмыс түрлерінің өзара байланысқан жиынтығы болып табылады.

Екінші жағдайда, жаңалықтарды ендіру процесі ретінде болып, «инновация» ұғымы «инновациялық іс-әрекет» ұғымымен үйлесімді болады

және уақыттық сипатқа ие болады [247].

Қазіргі экономикалық жағдайда өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі факторларының бірі ретінде инновациялық іс-әрекетті белсенді өткізу болатынын атап өту қажет. Инновациялық іс-әрекетке ғылыми зерттеулерді және ғылыми-техникалық жетістіктерді практикалық іс-әрекетте іске асырылған түбегейлі жаңа немесе жетілдірілген өнімге трансформациялауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін іс-әрекеттің түрі жатады. Инновациялық іс-әрекеттің мазмұны, оның сипаттамалық белгілері мен ерекшеліктері инновациялар сияқты іргелі ұғымда көрініс табады.

Инновациялық экономиканы қалыптастырудың маңызды факторы ретінде адамзат капиталы алынады. Инновациялық экономика дамыған ғылымсыз және білімсіз тіршілік ете алмайды. Бұл инновацияларды түрлендіру қабілетімен ғана емес, сонымен бірге басқа салалардан енген кірме білімдер мен технологияларды бейімдеу қабілетімен байланысты. Соңғысы экономиканың құрылымдық параметрлерінде көрініс табады: жұмыспен қамтуда, осы саладағы кадрлар жүйесінде [248].

У.С. Алимбетов., Г.З. Зайнелова., Н.В. Краузе., З.М. Турдиева., сияқты қазақстандық ғалымдар инновациялық іс-әрекетті кез келген экономикалық жүйені дамытудың инновациялық әлеуетінің маңызды құрамдасы ретінде атап көрсетеді. Нарықтық экономика жағдайында инновациялық іс-әрекет өнімі тауар болып табылады және технологиялық бизнестің барлық қатысушылары үшін коммерциялық эффектiге ие болуға міндетті. Мұндай өнімді құруда алуан түрлі ресурстар, соның ішінде инвестициялар талап етіледі. Қазақстанда инновациялық іс-әрекеттік нәтижесінің көрсеткіштерінің қатарына кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін, инновациялық өнімнің көлемін, сатып алынған және таратылған жаңа технологиялардың санын жатқызады [249].

Ғылыми әдебиеттерді талдау, инновацияның – «өзінің» білім беру ұйымының аясында және білім беру ұйымынан «тыс» туындайтын өзгеріс екендігін көрсетеді. Қазіргі заманауи технологиялар дәуірінде ақпарат әртүрлі көздерден келуі мүмкін - іс-әрекет саласынан бастап, басқа елмен аяқталуы мүмкін.

Қазіргі таңда біздің елімізде ұлттық білім беру саясатында маңызды түбегейлі өзгерістер болып жатыр. Бұл тұлғалық-бағдарланған педагогика позициясына өтумен байланысты. Қазіргі мектептің міндеттерінің бірі ретінде педагогикалық процестің барлық қатысушыларының әлеуетін ашу, оларға шығармашылық қабілеттерін көрсету мүмкіндіктерін ұсыну алынады. Бұл міндеттерді шешу білім беру процестерінің вариативтілігін жүзеге асырмайынша мүмкін емес, соған байланысты терең ғылыми және практикалық саналы ұғынуды талап ететін білім беру мекемелерінің алуан түрлі инновациялық типтері мен түрлері пайда болды.

Білім берудің сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін келесі жағдайларды белгілеуге болады [250]:

1. Профессор-оқытушылар құрамының жоғары кәсіби деңгейі.
2. Ұтымды үйлескен оқытудың классикалық қалыптасқан әдістемелері мен

инновациялық әдістемелер, қолданылатын білім беретін технологиялар.

3. Жоғары оқу орнындағы ғылыми зерттеулер, олардың білім беру сапасына әсері.


4. Жоғары оқу орнын ресурстық қамтамасыз ету немесе ресурстық жасақтамасы.

5. Білім беру сапасын басқаратын автономиялық құрылымның болуы.

Қазақстанда жоғары білім беруді дамытудағы жаңа тұғырларды жүзеге асыру дәстүрлі университеттерді инновациялық типтегі университеттерге трансформациялау аясында жүреді. Оларды дамыту стратегиясы жоғары оқу орнының концепциясын оқу-ғылыми-инновациялық кешен ретінде жүзеге асыруға негізделген. Бұл жағдайда, олар бір жағынан интеллектуалды еңбек нарығы үшін жаңа буындағы мамандарды даярлайды, ал басқа жағынан, интеллектуалды меншік нысандарын, тұтынушылардың тарапынан сұранысқа ие, жаңа сапасы бар өнімдер мен қызметті әзірлеушілер, жеткізушілер ретінде нарықтық экономиканың тең құқылы субъектілеріне айналады [251].

Білім беру жүйесінің инновациялық дамуында отандық инженерлік-техникалық және ғылыми кадрларды даярлауда және заманауи ғылыми-зерттеу инфрақұрылымын қалыптастыруда сапалы өзгерісті қамтамасыз еткен Астана қаласында әлемдік деңгейдегі беделді жоғары оқу орнын – «Назарбаев Университетін» құру үлкен өзгеріс болды [252].

Білім беру сапасын мониторингілеу Орталығының ғылыми жетекшісі В.Болотов қазіргі заманауи білім берудегі 5 негізгі трендті ажыратып көрсетеді [253], сурет -17:



Сурет 17- Қазіргі заманауи білім берудің негізгі трендтері (В. Болотов)

Аталмыш трендтерге тоқталсақ:

1) ақпараттық ашықтық - кез келген білім беру мекемесінің қазіргі уақытта сайты бар, онда мекеме туралы ақпаратпен танысуға болады,

курстарға жазылуға болады, оқу материалын алу үшін логин және пароль түріндегі қолжетімділікке ие болу мүмкіндігі бар және т.б. Белгілі бір мәселені зерттеу немесе оқу үшін, бұрынғыдай кітапханаға барудың қажеті жоқ;

2) бағалаудың рейтингілік жүйесіне емес, тәуелсіз сарапшылардың пікірлеріне бағытталған білім беру жүйесін сырттай бағалауды дамыту;

3) педагогика саласындағы жаңғырту - пилоттық жобаларға қатысу, мектептермен желілік өзара әрекеттесу негізінде мұғалімдерді даярлау, «мектеп-институт» байланысын нығайту және т.б.;

4) «бифуркация» нүктесі. Басқаша айтқанда, ескі, қолданыстағы әдістемелерден бас тарту, оның орнына жаңа буын оқулықтарына, жаңа заманауи білім беру стратегияларына көшу, жаңа деңгейге шығу, білім беру стандарттарына сәйкес болу және т.б.;

5) Емтихан ұйымдастырудағы өзгерістер. Емтихандарды өткізудің жаңа механизмдерін құру және жетілдіру – бейнеқадағалаудан бастап емтихан билеттерін орындаудың көп вариативтілігіне дейін.

Инновациялар жүзеге асырылатын жағдайларға ерекше назар аудару қажет:

1) ақпаратты алу инструменттерінің медиақолжетімділігі. Қазіргі уақытта кез келген ақпаратты интернет-кеңістікте кез келген гаджеттен – смартфоннан бастап ноутбукке дейін жылдам алуға болады. Бұрынғы кезде ақпараттың бір бөлігін іздеуге сағаттар мен күндер кететін. Оқу материалдары, ғылыми еңбектер, әдістемелер және басқа құралдар – бұлардың барлығы тәуелділік кез келген уақытында және географиялық орналасқан жеріне қарамастан қолжетімді және жеңіл болды [254];

2) жеке кәсіби байланыстарға деген қажеттіліктің жоғары деңгейі. Мессенджерлер арқылы бейне-қоңыраулар, скайп-сессиялар, яғни интерактивті технологиялар барынша танымалдыққа ие болып келеді;

3) өзгерістерге деген жоғары дайындық. Адамдардың бұрынғымен салыстырғанда өзгеруге деген дайындығы жылдам. Бұл ретте жаңа инновацияларға деген қажеттілік қысқа уақыт аралығында пайда болады;

4) ақпараттың жаһандық ағынында жылдам бағдарлану;

5) білім алушылардың кез келген орында (дәрісхана, үй, жұмыс орны) өмір бойы оқуға дайындығы;

6) білім санының орнынан қажетті ақпаратты жылдам табу қабілеті. Түйінді құзыреттіліктердің өсуі;


7) тьюторлық (оқытуды қолдау) – педагогикалық процестің негізі ретінде. Көп жағдайда білімді оқушыларға «бермейді», оларды білімді табуға, өңдеуге және тәжірибеде қолдануға оқытады.

Себебі, жақын және алыс болашақта жүзеге асатын білім берудегі көптеген өзгерістер белгілі дәрежеде қазірдің өзінде байқалып келеді, білім берудің (жағдайлар, білім алушылар контингенті және т.б.) біздің елімізде және дүние жүзінде өзгеретінін болжауға болады [255].

Дене мәдениеті және спортты оқытуға инновациялық технологияларды ендіру білім беруді жаңғыртудың басым бағыттарының бірі болып табылады, себебі кешенді тұғырды сақтау жағдайында ол білім алушыларды дене,

адамгершілік, интеллектуалды және эстетикалық дамытудың тиімді құралы болып табылады [256].

Әдебиеттер талдауы көрсеткендей, инновациялар дене мәдениеті тәрбиесінің келесі бағыттары бойынша ендірілуі қажет, сурет -18:



Сурет 18 - Дене мәдениеті тәрбиесіне инновацияларды ендірудің бағыттары


1. Әлеуметтік-психологиялық. Білім алушылардың дене мәдениеті және спорттың құндылықтарын меңгеруге әрекеттік қатынасына және өмірлік философиясын қалыптастыруға әкеледі.

2. Интеллектуалды. Білім алушылардың дене мәдениеті білімімен тығыз байланысты психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-мәдени, медико-биологиялық және басқа аспектілерін қамтитын теориялық білімдерінің кешенін қалыптастыруды көздейді.

3. Қозғалыс (дене). Қимыл-қозғалыстарды басқару дағдылары мен қабілеттерін, дене сапаларын қалыптастыруды көздейді. Инновациялық технологиялар мен әдістерді әзірлеуде оқу-тәрбие процесінің барлық компоненттерін қамтудағы кешенділік маңызды [257, б.89].

Сонымен бірге, зерттеу пәндерінің көпшілігіне барынша бағдарлану үлкен рөл атқарады, олардың қатарына дене мәдениеті -валеологиялық білім деңгейі, дене дамуы, психикалық және дене саулығы, жұмысқа қабілеттілік, дайындық, дене мәдениеті мотивтері, қажеттіліктер және қызығушылықтардың, өмір сүру салтының тұтас мазмұны енеді.

Степанов И.Э. дене мәдениеті және спорт саласындағы қазіргі практикалық іс-әрекетте келесі инновациялық технологияларды ерекше атап көрсетеді, сурет -19:



Сурет 19 - Дене мәдениеті және спорт саласындағы инновациялық технологиялар (Степанов И.Э.)

1. Спорттық-түрлік тұғыр. Спорт мәдениетін қалыптастыруға және дарақозғалыс қажеттіліктерін жүзеге асыруға ықпал ететін, оқу процесіне ендірілген спорттық даярлау технологиялары мен ғылыми-әдістемелік құралдарды қолдану арқылы спорттың бір немесе бірнеше түрлері бойынша сабақтарға негізделген.

2. Рейтингілік тұғыр. Оның жүйесі білім алушыларды жылдам, қарқынды бейімдеуге ықпал етеді, оларды бақылау жаттығуларын орындауда жоғары балл алуға ынталандырады, артта қалушы дене қасиеттерін жақсартуға және ДМЖС бойынша сабақтарға тұрақты қатысуға, жарыстарға және спорттық-көпшілік жұмыстарға белсенді қатысуға ықпал етеді.

3. Дене тәрбиесін парасаттандыру (интеллектуализация). Интеллектуалды функцияларды өзектілеуді талап ететін ДМЖС бойынша сабақтарға ендіруді көздейді.

4. Денсаулықты үнемдеуші технологиялар. Оқыту кезеңінде денсаулықты сақтау мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге, салауатты өмір сүру салты бойынша қажетті білім, біліктер мен дағдыларды қалыптастыруға, меңгерген білімді күнделікті өмірде қолдануға үйретуге бағдарланған [258].

5. Тұлғалық бағдарланған дене тәрбиесі. Білім алушылардың қажеттіліктеріне және қызығушылықтарына барынша бағдарланған дене мәдениеті -білім беру процесінің мақсаттарын, міндеттерін, формалары мен әдістерін қамтиды. Мұндай тұғырда оқытушы білім алушылардың дене бітімінің типін, денсаулық күйін, дене дайындығын және психикалық даму ерекшеліктерін есепке алатын білім беру ортасын құрады, бұл білім алушылардың өз бетімен қолайлы дамуына мүмкіндік береді және дене тәрбиесіне деген қызығушылығын арттырады. Білімалушылардың қозғалыс және танымдық белсенділігін дамытудың тәсілдерінің бірі ретінде

бейнефильмдерді, мультимедиялық технологияларды көрсету және компьютердің функцияларының барлық спектрін қолдану алынады.

Дене мәдениеті бойынша оқыту процесінде ақпараттық (интерактивті) технологияларды қолдануда бірқатар бағыттарды ажыратып көрсетуге болады [259]:

1. Адамның ағзасына дене белсенділіктің әсері, белгілі жаттығуды орындаудың дұрыс техникасы және т.б. туралы фильмдерді, бейнефильмдерді визуалды әдістің көмегімен ұсыну.

Мысалы, сапалы бейне қозғалыс тыныс алу жаттығуларын көрсету білімалушыларға жаттығуларды орындау процесін жақсы түсінуге және одан үлкен рахат сезімін алуға көмек береді.

Қарапайым, әдеттегі спорт залында дене мәдениеті сабақтарын өткізіп, білім алушылар стресс деңгейін біршама төмендету үшін және спорт сабақтарынан жаңа жағымды әсерлерді алу үшін теңіз жағалауына оңай, жеңіл ауысуларына болады. Бұл жағдайда компьютерлік материалдар ретінде жағаға соққан толқынның дыбыстарының жазбасы, соған сәйкес бейнероликтер алынуы мүмкін;

2. Ойын жағдаяттарын, онлайн квесттерді және басқа формаларды модельдеу;

3. Онлайн тестілеудің көмегімен (ойын түрінде де болады) алынған білімді бақылау жүйесі.

4. Денсаулықтың электрондық күнделігін құру арқылы хал-жағдайды бағалау. Қазір көптеген оқу орындарында, арнайы сайттарда немесе оқушылардың жеке кабинеттерінде хал-жағдайдың электрондық күнделіктері бар, онда балалар күн сайын немесе мерзімінде өзінің денсаулығы туралы мәліметтерді енгізіп отырады (жүрек соғысы, қан қысымы, өзінің дене жүктемелерінің сипаттамасы және т.б.).

Анимацияларды, компьютерді қолдану арқылы модельдің көмегімен сабақтарды аса қызыты, көрнекі өткізуге болады. Графикалық бейнелер білімалушылар үшін аса түсінікті және көрнекі болады.

Презентацияның көмегімен спорт ойындарының ережелерін түсіндіруге, тарихи оқиғаларды әдемі көрсетуге, спортшылардың өмірбаянын көрсетуге болады. Ақпараттың көру қатарының болуы оны есте жылдам сақтауға мүмкіндік береді.

Мұғалімнің көмекшілері ретінде жалпы дамытушы жаттығулар кешені бар презентациялар мен бейнероликтерді құруды атауға болады. Бұдан басқа, дене тәрбиесі мұғалімдерінен басқа, мұндай презентацияларды басқа оқытушылар балалармен таңғы жаттығуларды орындауда қолдануына болады.

Дене мәдениеті және спорт саласындағы инновациялардың ерекшеліктері аталған саланың өзгешелігімен сипатталады, оның екі түбегейлі алуан түрлі екі компоненттері болады: бір жағынан – бұл адамды рухани және дене дамытуға, үйлесімді етуге негізделген дене мәдениеті -сауықтырушы бағыт; басқа жағынан - жарыстар, күрес және ойын-сауықтар – бұл категориялар біршама дәрежеде материалдық және тұтынушылық сипатта болады [260].

Бұл ретте олардың бір-бірімен өзара әрекеттесудің нақты жүйесін

кұрайтынын түсіну маңызды. Денсаулық және жалпы дене даярлық әрдайым қарсылықта және жарыстарда тиімділік тұрғысында тәжірибеде тұрақты тексеріледі, бұл жағдайда стресттік жағдаяттар, жекпе-жек (ойын-сауықтарды біздің ойымызша аталған аспектіде тек жанама, қосымша элемент ретінде қарастыру керек), белгілі дәрежеде тұлғаның күйіне, оны даярлауға деген талаптарды өзгертеді, адамдардың одақтары мен бірлестіктері үшін бірінші бағыт бойынша алға қарай дамуға және жетілдіруге стимул болып саналады. Осыдан келесі тұжырым жасауға болады: дене мәдениеті және спорт саласының өздігінен үлкен инновациялық әлеуеті болады, оның мәнінде жаңа өзгерістерге деген қажеттіліктің негізі қаланған [261].

Инновациялық жүйе инфрақұрылымның болуын, инновацияларды ынталандыруды, ғылыми зерттеулерді дамытуды, оқу-жаттығу процесіне инновацияларды ендіретін кадрлардың құзыреттілігін көздейді [262].

Қазіргі кезеңдегі негізгі міндет ретінде ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру алынады. Бұл ғылыми білімдерді бәсекеге қабілетті өнімнің және қызметтің жаңа түрлеріне қалыптастырумен айналысатын институттардың жиынтығы [263].

Жүйені дамытудың инновациялық бағыты қамтиды:

- экономикалық дамудың ерекше факторы ретінде адамзат капиталын қалыптастыру, ол қоғамдағы халықтың құрылымын өзгертеді және еңбек өнімділігін арттыруға ықпал етеді;

- халықтың өмірінің қолайлылығын, комфортты қамтамасыз ететін жаңа қасиеттері бар өнімді ендіру.

Дене мәдениеті және спорт адамның еңбекке қабілетті жасын ұзартады, оның өмірінің ұзақтығын көбейтеді. Қазіргі жағдайда көптеген елдердің халқының санының үздіксіз қартаюы жағдайында, баланың туылуының үнемі төмендеуге деген тенденциясы байқалады, еңбекке қабілетті жасты ұзарту мәселесі азаматтардың зейнеткерлікпен қамтамасыз етумен тікелей байланысты, оның бірінші кезектегі мәні болады. Осылайша, экономика және дене мәдениеті өзінің дамуында өзара тәуелді және өзара қайтымды [264, 265]:

- жаңа немесе жақсартылған техниканы, жаңа технологиялық процестерді қолдану;

- сатудың жаңа нарықтарының пайда болуы;

- шикізаттың жаңа түрлерін қолдану;

- өндірісті басқару ұйымындағы және оның материалдық-техникалық базасындағы өзгерістер.

Мұның барлығы инновациялық процестің қоғамдық қайта жаңғыртудың жаңа жүйесін қалыптастыруға әкеледі, ал экономика дамудың инновациялық жолына ашық болады. «Дене мәдениеті және спорт» саласының экономикасы елдің ұлттық экономикасының компоненттерінің бірі болып табылады [266].

Дене мәдениеті және спорт саласының үлкен инновациялық әлеуеті бар. Кәсіби спорттағы және классикалық жаттықтыру бағдарламаларындағы жаңашылдықтар мен өзгерістер халықтың барлық топтарын жаттықтыру жағдайларына қолайлы әсер етіп, оның жоғары тиімділігін көрсетеді.

Дене тәрбиесі бойынша сабақтарда инновациялық құралдарды қолдану

оқытушылардың және білім беру жүйесінің жұмысын біршама ықшамдауға, жеңілдетуге мүмкіндік береді, бұл жағдайда білім алушылардың өзіндік денсаулығына деген қызығушылығы біршама артады, олардың дене қасиеттерін және функционалды дайындық деңгейін арттыруға және дамытуға деген қызығушылықтары артады, бұл әрине қойылған мақсатқа жетуге мүмкіндік арттырады. Оқытудың инновациялық құралдарын қолдану білім алушылардың тұлғасының дене мәдениетін қалыптастыруға және сабақтарды нәтижелілігін жақсартуға ықпал етеді, бұл дене мәдениеті және спорт саласына инновацияларды белсенді ендірудің маңыздылығын арттырады. Келесі 3.2 тараушада біз болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың инновациялық әдістеріне тоқталатын боламыз.

Екінші тарау бойынша тұжырым

Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудағы басым бағыттарға тоқталсақ: цифрландыру және инновациялық процестер.

Ақпараттық технологиялар арқылы жүзеге асырылатын бағдарламаларды анықтасақ: қашықтықтан оқыту, электрондық оқыту, смарт-оқыту.

Дене мәдениеті және спорт саласындағы цифрлық технологиялар мен платформалық шешімдер анықталды: «LSPORT» (АИС LSPORT), «Цифрлық спорт» бірыңғай платформасы, спорт мектептері мен Roboseller оқу орталықтарына арналған CRM-жүйесі, SmartSport спорт резервинде спорттық даярлаудың ақпараттық-аналитикалық жүйесі, S10.run онлайн-жаттығулар платформасы, жаппай жүгіруді ұйымдастыру және басқару, E-Champs жарыстарды басқарудың цифрлық платформасы, Олимпиадалық білім беру виртуалды форсайт зертханасы. Цифрлық технологияларды ендіру жаңа технологиялық құрылымның қалыптасуына, озат технологиялар мен инновацияларды ендіретін озық, жетекші елдермен қатар жүруге ықпал етеді.

Қазіргі таңда біздің елімізде ұлттық білім беру саясатында маңызды түбегейлі өзгерістер болып жатыр. Бұл тұлғалық-бағдарланған педагогика позициясына өтумен байланысты, ал ол тұғыр инновациялық оқытуды талап етеді.

Инновациялар дене тәрбиесінің даму бағыттары бойынша әлеуметтік-психологиялық, интеллектуалды, қозғалыс (дене) болып ажыратылады.

Дене мәдениеті және спорт саласындағы инновациялық технологияларға: спорттық-түрлік тұғыр, рейтингілік тұғыр, дене тәрбиесін парасаттандыру, денсаулықты үнемдеуші технологиялар, тұлғалық-бағдарланған дене тәрбиесі жатқызамыз.

Дене тәрбиесі бойынша сабақтарда инновациялық құралдарды қолдану оқытушылардың және білім беру жүйесінің жұмысын біршама ықшамдауға, жеңілдетуге мүмкіндік береді, бұл жағдайда білім алушылардың өзіндік денсаулығына деген қызығушылығы біршама артады, олардың дене қасиеттерін және функционалды дайындық деңгейін арттыруға және дамытуға деген қызығушылықтары артады, бұл әрине қойылған мақсатқа жету үшін жүзеге асырылады.

3 БОЛАШАҚ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАНЫНЫҢ АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАРЫ

3.1 Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың диагностикасын ұйымдастыру

Болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының акмеологиялық әлеуетін дамыту мәселесінің алғашқы деңгейін анықтау үшін, бақылау және эксперимент топтарында арнайы таңдап алынған диагностикалық зерттеуге арналған әдістемелер топтамасы арқылы зерттеу жүргіздік. Негізгі жүргізілген эксперименттік жұмыстың мақсаты мен міндеттерін нақтылап алу маңызды.

Эксперимент барысында диагностикалық зерттеу жүргізудің негізгі міндеті, теориялық талдау негізінде құрылған модел тиімділігін анықтау, білім беру үдерісіндегі алғашқы және қалыптастырушы әрекеттерден кейінгі нәтижелерге салыстырмалы талдау жасауға мүмкіндік беретін, арнайы ұйымдастырылған формадан, әдістер мен тәсілдермен қамтылған үдеріс.

Анықтау эксперименті кезінде берілген екі жоғары оқу орны студенттерінің бақылау тобы мен эксперименттік тобы толық қатысты. Зерттеу жүргізу кезінде әдістемелік құралдар жүргізіліп, олардан алынған нәтижелерге сандық және сапалық талдау жүргізілді. Берілген топтармен жұмыс үш кезенді қамтыды, алдымен анықтау эксперименті, білім алушылар бойынан акмеологиялық әлеуеттің бастапқы деңгейі анықталынды, екінші кезең, қалыптастыру кезеңі, ол кезеңде арнайы құрастырылған әдістеме жүргізілді, үшінші кезеңде жүргізілген қалыптастыру әдістемесінің және құрастырылған модельдің тиімділігі анықталынды, алынған нәтижелерге сандық және сапалық талдау жүргізілді.

Диагностика кезінде қолданылған әдістер мақсаты төменде кестеде көрсетілді (7 кесте), [267].

Кесте 7 - Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың диагностикалық құралдары

Әдістемелер	Әдістеме Авторлары	Әдістеме мақсаты
1	2	3
«Жауапкершіліктің экспресс-диагностикасы» тесті	В.П. Прядеин	Болашақ маманның жауапкершілігін анықтау
Тәуекелге дайындық тесті	Шуберт	Болашақ мамандардың тәуекелге дайындық деңгейін анықтайды.
Импульстілік деңгейін бағалауға арналған тесті	В.А. Лосенкова	Болашақ мамандардың жағдайға байланысты өзін ұстай білуін анықтайды
Мапсап зәкірі	(Э.Шейн, аударылған және бейімделген В.А.Чикер,	Болашақ мамандардың өзін қосымша қандай салаларда көрсете алатындығын анықтайды

7 – кестенің жалғасы

1	2	3
	В.Э.Винокурова)	
Мақсатқа жетуге қажеттілік	Ю.М.Орлов	Тұлғаның жетістікке жету мотивациясын анықтайды.
Студенттердің зерттеу қызметіне теориялық-әдіснамалық дайындығын өзіндік бағалау әдістемесі	Ю.В.Рындина	Студенттердің кәсіби іс-әрекетке теориялық-әдіснамалық даярлығын анықтайды.
Ескерту - Дереккөз [268-271, 272 б. 5]		

АӨМУ-мен қатар біз Қазақ спорт және туризм академиясының (Алматы) студенттері арасында зерттеу жүргіздік, жалпы саны –240 студент, 120 эксперименттік топ, 120 – бақылау тобы.

Болашақ дене мәдениеті мамандарының акмеологиялық әлеуетінің құрамдас бөліктері ретінде жауапкершілік сияқты сапаны бөліп көрсеттік. Бұл сапаның көріну деңгейін анықтау үшін біз «*Жауапкершіліктің экспресс диагностикасы*» тесті әдістемесін (ЭДО, В.П. Прядин, 1998) қолдандық (қосымша В).

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде респонденттердің бақылау тобы мен эксперименттік топ арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ (кесте 8).


Кесте 8 – Экспериментке дейін бақылау және эксперименттік топтарында АӨМУ респонденттерінің жауапкершілік деңгейі көрсеткіші

Ұпай саны және деңгейі	ЭТ	БТ
60-84 ұпай аралығы – жауапкершілік бар	2	6
37-59 ұпай аралығы – жағдайға байланысты жауапкершілік	26	23
12-36 ұпай аралығы – жауапкершіліксіздікке жақын	22	21
ЭТ– эксперименттік топ; БТ– бақылау тобы		

Кесте 9 – Экспериментке дейін ҚазСТА респонденттерінің жауапкершілік деңгейі көрсеткіші


Ұпай саны және деңгейі	ЭТ	БТ
60- 84 ұпай аралығы – жауапкершілігі бар	6	7
37-59 ұпай аралығы – жағдайға байланысты жауапкершілік болады	28	30
12- 36 ұпай аралығы – жауапкершіліксіздікке жақын	36	33
ЭТ– эксперименттік топ; БТ– бақылау тобы		

Біз Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің респонденттерінің көрсеткіштерін диаграмма түрінде сипаттадық (сурет 20).



Сурет 20 - Экспериментке дейін АӨМУ респонденттерінің жауапкершілік деңгей көрінісі

Қазақ спорт және туризм академиясы респонденттерінің көрсеткіштерін диаграмма түрінде көрсетуге тырыстық (сурет 21).



Сурет 21 - Экспериментке дейін бақылау тобы мен эксперимент тобында КазСТА респонденттерінің жауапкершілік деңгей көрінісі

Сонымен, жауапкершілік деңгейі болашақ маманның негізгі қажетті кәсіби сапасы ретінде, екі топта да аса өзгешелік деңгейімен ерекшелінбейді

Біз пайдаланған келесі сауалнама – Шуберттің тәуекелге дайындығын диагностикалау әдісі (қосымша Г).

Кестедегі экспериментке дейін Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің респонденттері арасында эксперимент тобында 24 студент өте мұқият екендігін, 24 студент орташа мәнді көрсетті, тек 2 оқушы ғана тәуекелге бейім болды, бақылау тобында 22 студент өте мұқият екендігін, 24 студент орташа мәнді көрсетті, тек 4 оқушы ғана тәуекелге бейім болды (кесте 10).


Кесте 10 - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің зерттеуге дейінгі респонденттер жауабы, Шуберт бойынша тәуекелге дайындық тесті (бақылау тобы және эксперименттік топ)

Ұпайы	ЭТ	БТ
- 30 баллдан төмен, өте мұқият	24	22
- 10 мен + 10 арасы, орта мән	24	24
20 дан жоғары, тәуекел етуге бейім	2	4
ЭТ– эксперименттік топ; БТ– бақылау тобы		

Қазақ спорт және туризм академиясының респонденттері арасында зерттеуге дейін эксперимент тобында 32 студент өте мұқияттылық деңгейін көрсетті, 35 студент орташа мәнді көрсетті және тек 3 студент ғана тәуекелге бейімділік танытты, бақылау тобында 30 студент өте мұқияттылық деңгейін көрсетті, 34 студент орташа мәнді көрсетті және тек 6 студент ғана тәуекелге бейімділік танытты (кесте 11).


Кесте 11 - Қазақ спорт және туризм академиясының респонденттерінің зерттеуге дейінгі жауабы, Шуберт бойынша тәуекелге дайындық тесті.

Ұпай, деңгейі	ЭТ	БТ
-30 ұпайдан төмен, өте мұқият	32	30
-10 мен + 10 арасы, орта мән	35	34
20 дан жоғары, тәуекел етуге бейім	3	6
ЭТ– эксперименттік топ; БТ– бақылау тобы		



Сурет 22 - АӨМУ респонденттерінің Шуберт бойынша тәуекелге дайындық деңгейінің көрінісі (экспериментке дейін бақылау және эксперименттік топ)

ҚазСТА респонденттерінің тәуекелге дайындығы бойынша экспериментке дейін және кейінгі көрсеткіштерін диаграмма түрінде көрсетуге тырыстық (сурет 23).



Сурет 23 - ҚазСТА респонденттерінің тәуекелге дайындық деңгейінің көрінісі (экспериментке дейін бақылау тобы мен эксперименттік топ)

Импульсивтілік деңгейін бағалау В.А. Лосенков. Импульсивтілік – мақсаттылық пен табандылықтың ерікті қасиеттеріне қарама-қарсы қасиет. Импульсивтіліктің жоғары деңгейі қарым-қатынас пен белсенділікте өзін-өзі


бақылаудың жеткіліксіздігімен сипатталады. Импульсивті адамдар көбінесе өмірлік жоспарлары белгісіз, тұрақты қызығушылықтары жоқ және олар бір немесе басқа нәрсеге тәуелді болады (қосымша F).

Білім алушылардың импульсивтілік деңгей көрсеткіші (кесте 12).

Кесте 12 - Экспериментке дейінгі АӨМУ респонденттерінің импульсивтілік деңгей көрсеткіштері

Ұпайы	ЭТ	БТ
35 дан аз нәтиже көрсеткен студенттер саны	25	23
35-65 аралығында нәтиже көрсеткен студенттер саны	23	23
66 дан жоғары нәтиже көрсеткен студенттер саны	2	4
ЭТ– эксперименттік топ; БТ– бақылау тобы		

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті респонденттерінің импульсивтілік бойынша көрсеткіштерін диаграмма түрінде көрсетуге тырыстық (сурет 24).




Сурет 24 - Экспериментке дейінгі АӨМУ респонденттерінің импульсивтілік деңгейі (бақылау тобы мен эксперименттік топ)

Кесте 13 - Экспериментке дейінгі ҚазСТА респонденттерінің импульсивтілік деңгей көрсеткіштері

Ұпай	ЭТ	БТ
35 дан аз нәтиже көрсеткен студенттер саны	35	32
35-65 аралығында нәтиже көрсеткен студенттер саны	32	33
66 дан жоғары нәтиже көрсеткен студенттер саны	3	5
ЭТ– эксперименттік топ; БТ– бақылау тобы		

ҚазСТА респонденттерінің экспериментке дейінгі импульсивтілік деңгей көрсеткітерін диаграмма түрінде көрсетуге тырыстық (сурет 25).



Сурет 25 - Экспериментке дейінгі ҚазСТА респонденттерінің импульсивтілік деңгейі

«Мансап зәкірлері» тесті келесі мансаптық бағдарларды анықтауға мүмкіндік берді: Кәсіби құзыреттілік, менеджмент, автономия, тұрақтылық, қызмет көрсету, қиындық, өмір салтын біріктіру, кәсіпкерлік (қосымша Д)


Келесі сауалнама - Мақсатқа жету қажеттілігін бағалау шкаласы (Ю.М.Орлов), (қосымша Е).

Шкала: мақсатқа жету мотивациясының деңгейі.

Кесте 14 - Экспериментке дейінгі АӨМУ респонденттерінің мақсатқа жету мотивация деңгейінің көрсеткіштері

Деңгейлер	ЭТ	БТ
12-ден аз нәтиже көрсеткен студенттер	45	40
12-15 аралығында нәтиже көрсеткен студенттер	3	5
15-тен жоғары нәтиже көрсеткен студенттер	2	5
ЭТ – эксперименттік топ; БТ – бақылау тобы		

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің респонденттерінің экспериментке дейінгі мақсатқа жету мотивация деңгейін біз диаграмма түрінде көрсетуге тырыстық (сурет 26).




Сурет 26 - Экспериментке дейінгі АӨМУ респонденттерінің мақсатқа жету қажетілігі мотивация деңгейі көрсеткішінің көрінісі (бақылау тобы мен эксперименттік топ)

Кесте 15 - Экспериментке дейінгі ҚазСТА респонденттерінің мақсатқа жету мотивация деңгей көрсеткіштері

Деңгейлер	ЭТ	БТ
12-ден аз нәтиже көрсеткен студенттер	56	53
12-15 аралығында нәтиже көрсеткен студенттер	9	12
15-тен жоғары нәтиже көрсеткен студенттер	5	5
ЭТ – эксперименттік топ; БТ – бақылау тобы		

Экспериментке дейінгі ҚазСТА респонденттерінің мақсатқа жету мотивация деңгейі көрсеткішін біз диаграмма түрінде көрсетуге тырыстық (сурет 27).



Сурет 27 - Экспериментке дейінгі ҚазСТА респонденттерінің мақсатқа жету мотивация деңгейі көрсеткіштерінің көрінісі (бақылау тобы мен эксперименттік топ)

3.2 Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту әдістемесі

Осы бөлімде болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту әдістемесін қарастырып, негізгі мазмұны, мақсатын, міндетін, дамыту ерекшеліктерін қарастырамыз. Білім берудегі әлеуметтік - мәдени ортаның маманның субъектілік дамуына әсер етуі арқылы қолданбалы негізде сипатталады. Ол келесі негізде көрініс табады:

1. Дамыту моделі аясында зерттеуіміздің негізгі мәселелерін субъект бойына арнайы технология арқылы дамыту. Оның барысында тұлғаның негізгі қажеттіліктері мен мүдделерін ескеру, сәйкестілігі мен негізгі өзгешеліктерін анықтау, болжамды тексеру, арнайы уақыт аралығын белгілеу, тұлғаға бағдарланған және іс-әрекеттік сипаттағы орта құру.

2. Негізгі іс-әрекеттер жоспарын құру. Модель негізіндегі таңдап алынған заманауи технологиялар мен әдістер сипаттамаларын зерттеу мәселесіне сай құру, соған сәйкес даму ортасы өзгешеліктерін ескеру, нәтижені бақылау.

3. Модельдің негізгі мазмұнының жұмыс жасауы, болашақ маманның өзін-өзі тану, өзін-өзі түсіну, өзін-өзі басқару үдерістерінің жүруі, нәтижесін бақылау және түзету әрекеттерін ұйымдастыру.

Зерттеу мәселесіне сәйкес әдістеме барысында таңдалған және қолданылатын технологиялардың сипаттамалық негіздері анықталынды:

- болашақ маманның өзіндік көзқарасының өзгеруіне әсер етуші технологиялар, олар өзіндік бағалау, өз мүмкіндіктерін анықтау, өзіндік қабылдау, өзіндік қызығушылықты арттыру, өзіндік даму, жаңа білімге деген құштарлықты арттыру арқылы сипатталады;

- болашақ маман өзіндік қоршаған ортасы және орта субъектілеріне көзқарасын өзгертуші технологиялар, олар білім беру үдерісіне құндылық бағдары, өзге субъектілерге құндылық қатынасы, субъект - субъект қатынастың тиімді құрылуы, эмпатияның болуы, бірлескен іс-әрекет қалыптастыру арқылы сипатталады;

- болашақ маман өз мүмкіндіктерін, өзіндік ойлау жүйесі, денсаулық құндылығы, өзіндік іс-әрекетін реттеуге дағдыландырушы технологиялар, олар субъектінің қабылдау мүмкіндіктерін, өзіндік дене және психологиялық денсаулығын арттырушы, өз өмірлік құндылығын арттырып жауапкершілікпен қарау, тәрбие деңгейі, сенімділік, эмпатия, өзгелерді сыйластықпен қатынас құру арқылы сипатталады [93, б. 46].

Болашақ маманның кәсіби деңгейінің акмеологиялық шыңына шығу үшін қажетті сапалар, қасиеттер мен қабілеттерді қалыптастыру үшін арнайы әдістер мен акмеологиялық технологиялар таңдап алу маңызын өз зерттеуінде В.Г. Зазыкин атап өтеді. Акмеологиялық технологиялар көп жағдайда ізгілік мазмұнмен ерекшеленіп, тұлғаның ілгері дамуына, өзіндік аса құнды сапаларын қалыптастыруға қолайлы орта құруға әсер етеді. Акмеологиялық технологиялардың негізгі мақсаты субъект бойындағы негізгі сапаларды белсендіру, негізгі қасиеттерін дамыту, өзіндік әлеуетін бағалауға бағдарлайды [34, б. 50].

Тұлғаның жеке дамуы мен кәсіби іс-әрекетіне сай ілгері дамуындағы акмеологиялық технология мақсаты қолайлы орта ұстанымдарын анықтап, даму ортасын ұйымдастыру. Білім беру ортасының әлеуметтік мәдени ортасын ескеріп, тұлғаның ішкі мүмкіндіктерін ескеріп, тұлғаның ішкі қорларын ояту, негізгі тиімді тетіктерін анықтау, мақсатты әрекеттерін объективті ету [164, б. 77].

Төменде біз болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту әдістемесін сипаттаймыз (кесте 16).

Кесте 16 - Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту әдістемесі

Болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының акмеологиялық әлеуетін дамыту әдістемесі		
«Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының кәсіби АКМЕ негіздері» атты элективті курсы	«Кәсіби жетістік акмеологиясы» семинар - практикумы	Инновациялық әдістер, цифрлық ресурстар

Біз бұл әдістерді толығырақ көрсетуге тырысамыз.

«Дене мәдениеті және спорт» ОБ арналған «Болашақ дене мәдениеті маманының кәсіби АКМЕ негіздері» атты элективті курс жасалынды. Оқыту нысаны: күндізгі, Кредит саны: 4 [273].

Пәннің мақсаты – кәсіби шеберлікті дамыту жолдарын, педагогикалық шеберлік пен кәсіби және тұлғалық шеберлікті қалыптастырудың негізгі бағыттарын түсінуге ықпал ету.

Курстың міндеттері білім жүйесін қалыптастыру болып табылады: олардың қарым-қатынасындағы адамның жеке, тұлғалық және субъектілік-әрекеттік ерекшеліктерін дамыту туралы; шығармашылық қызмет үдерісінде кәсіби шеберлік шыңына жету туралы; дене мәдениеті және спорт маманының кәсіби-педагогикалық қызметі туралы.

- болашақ маман акмеология саласындағы ғылыми - тәжірибелік білім, білік және дағдылар жүйесін дамыту және оларды кәсіби қызметінде жүзеге асыру.

Оқыту нәтижелері: Курсты меңгеру студенттерге мыналарды түсінуге көмектесуі керек:

- акмеологияның іргелі, интегративті ғылым ретіндегі жалпы идеясы және оның қазіргі заманғы адам білімінің жүйесіндегі орны;

-тұлғаның жас, жеке, тұлғалық және кәсіби даму шыңдарына жетуінің критерийлері мен көрсеткіштері;

-жас, жеке, тұлғалық және кәсіби дамуды талдау, ынталандыру және жетілдірудің акмеологиялық технологиялары.

Білім алушының болу керек қабілеттілігі:

– ауызша және жазбаша сөйлеуді логикалық тұрғыдан дұрыс, дәлелді және анық құра алуды;

- үнемі өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге және біліктілігі мендағдыларын арттыруға ұмтылуы;
- өзінің күшті және әлсіз жақтарын сыни тұрғыдан бағалай алуы, күшті және әлсіз жақтарын жою жолдарын белгілейді және әдістерін таңдай алуы.

Білім алушының болуы керек құзыреттіліктері:

- жоғары педагогикалық білім беру мәселелерін шешуде және оның оданәрі даму алғышарттары;
- тиімді оқыту технологияларын қолдануда;
- кәсіби қызметте өзін-өзі дамыту ретінде тұлғаның қалыптасу процесіндиагностикалау, жобалау, жобалау мәселелерінде

Кесте 17 - Таңдау пәнінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары

№	Тақырыптар	Дәріс	Семинар	СОӨЖ	СӨЖ
1	Дене мәдениеті және спорт акмеологиясы оқыту пәні ретінде	2	1	1	4
2	Акмеология әдіснамасы	2	1	1	4
3	Өзіндік тұлға: негізгі сипаттамалары	2	1	1	4
4	Дене мәдениеті маманының педагогикалық іс-әрекетінің ерекшелігі	2	1	1	4
5,6	Дене мәдениеті маманының кәсіби-педагогикалық қызметі.	4	1	2	8
7	Педагогикалық техника негіздері	2	1	1	4
8	Педагогикалық икемділік	2	1	1	4
9	Маманның коммуникативтік құзыреттілігі	2	1	1	4
10	Педагогикалық шеберліктің мәні	2	1	1	4
11	Өзін-өзі жетілдіру шығармашылық әлеуеттібарынша жүзеге асырудың негізгі тәсілдерінің бірі ретінде	2	1	1	4
12	Спорт мұғалімінің кәсіби-педагогикалық этикасы.	2	1	1	4
13	Спорт мұғалімінің кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуі	2	1	1	4
14	Педагогикалық қабілеттер менкәсіби мотивацияның диагностикасы	2	1	1	4
15	Білім беру субъектілерінің тұлғалық және кәсіби дамуының акмеологиялық технологиялары	2	1	1	4
Барлығы		30	15	15	60

Кесте 18 - Пәннің мазмұны

№	Тақырып атауы	Мазмұны
1	2	3
1	Денемә дениеті және спорт акмеологиясы оқыту пәні ретінде	Акмеология пәні, негізгі ұғымдары, объектісімен әдістері. Акмеологияның даму кезеңдері.
2	Акмеология әдіснамасы	Әдістемелік тәсілдер. Акмеологияның принциптері. Акмеологиялық зерттеу әдістері
3	Өзіндік тұлға: негізгі сипаттамалары	Өзін-өзі таныту. А.Маслоу бойынша өзін-өзі танытатын тұлғаның сипаттамалары.
4	Дене мәдениеті маманының педагогикалық іс-әрекетінің ерекшелігі	Жалпы сипаттамасы. Мұғалім, жаттықтырушы тұлғасына қойылатын негізгі талаптар.
5-6	Дене мәдениеті маманының кәсіби-педагогикалық қызметі.	Дене мәдениеті және спорт бойынша мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің ерекшеліктері. Дене мәдениеті және спорттағы педагогикалық іс-әрекеттің мәні. Педагогикалық іс-әрекеттің негізгі түрлері мен құрылымы.
7	Педагогикалық техника негіздері	Жаңадан бастаған мұғалім жұмысындағы негізгі қателіктер. «Педагогикалық техника» түсінігі. Мұғалімнің сыртқы келбеті.
8	Педагогикалық икемділік	Икемділік және ригидтілік түсініктері. Эмоциялық икемділік. Интеллектуалдық икемділік. Мінез-құлықтық икемділік.
9	Маманның коммуникативтік құзыреттілігі	Дене мәдениеті және спорт маманының кәсіби құзыреттілігі туралы түсінік. Дене мәдениеті және спорт мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің құрылымы.
10	Педагогикалық шеберліктің мәні	«Педагогикалық шеберлік» ұғымының анықтамасы. Педагогикалық шеберлік негіздері (ПШ): білім, педагогикалық тәжірибе, мұғалім тұлғасы. Мұғалім шеберлігінің мәнін көрсететін жалпылама дағдылар. Педагогикалық шеберліктің құрамдас бөліктері.
11	Өзін-өзі жетілдіру шығармашылық әлеуетті барынша жүзеге асырудың негізгі тәсілдерінің бірі ретінде	«Өзін-өзі жетілдіру» туралы түсінік. Өзін-өзі жетілдіру мақсаттары.

18 – кестенің жалғасы

1	2	3
12	Спорт мұғалімінің кәсіби-педагогикалық этикасы.	Этиканың кәсіби-педагогикалық негіздері. Педагогикалық этиканың міндеттерімен негізгі категориялары. Спорттық этика.
13	Спорт мұғалімінің кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуі	Спорт мұғалімінің кәсіби іс-әрекетіндегі өзін-өзі тәрбиелеудің рөлі мен маңызы. Педагогикалық теория мен практикадағы «өзін-өзі тәрбиелеу» ұғымының сипаттамасы. Болашақ спорт мұғалімінің кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу мазмұны
14	Педагогикалық қабілеттер мен кәсіби мотивацияның диагностикасы	Болашақ дене мәдениеті мамандарының кәсіптік-педагогикалық мәдениетін қалыптастырудың өзін-өзі бағалауы. Педагогикалық қабілеттерді диагностикалау әдістері.
15	Білім беру субъектілерінің тұлғалық және кәсіби дамуының акмеологиялық технологиялары	Акмеологиялық технологиялардың ерекшелігі мен мәні және олардың білім сапасын арттырудағы рөлі. Акмеологиялық технологиялардың құрылымы. Акмеологияларының негізгі міндеті – білім беру субъектісінің өзіндік санасын қалыптастыру және тұрақтандыру, оның өзін-өзі анықтауы, өзін-өзі ұйымдастыруы, өзін-өзі жүзеге асыруы. Жоба әдістері, ойын, тренинг, ойынды модельдеу.

Кесте 19 - Тәжірибелік сабақтар (теориялық пәндер бойынша семинарлар үшін)

№	Сабақ тақырыптарының атауы	Тақырыптардың мазмұны (теориялық пәндер үшін, сұрақтар жоспары)	Сағат көлем	Семестр аптасы
1	2	3	4	5
1	Адам туралы ғылымдар жүйесіндегі акмеология	Адам туралы ғылымдар жүйесіндегі акмеология орнын анықтау. Акмеологияның пайда болуының ғылыми-тарихи алғы шарттары. Акмеологияның ғылым ретінде қалыптасу кезеңдері. Акмеологияның міндеттері	1	1
2	Акмеология қағидалары мен әдістері	Акмеология қағидалары. Акмеологиялық зерттеу әдістері	1	2

19 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
3	Оқу үдерісін ұйымдастыру дағы акмеологиялық көзқарас	Білім беру, оқыту және тәрбиелеудегі акмеологиялық көзқарас ғылыми зерттеудің ұстанымдары, амалдары мен әдістерінің жиынтығы ретінде. Тәрбие акмеологиясының негізгі негізі ретінде әдістемеліктәсілдер жүйесіндегі орны: жүйелік, тұлғалық-бағдарлық, тұлғалық- субъектілік-әрекеттік, ізгілік	1	3
4	Дене мәдениеті мұғалімінің кәсіби іс-әрекетінің ерекшеліктері	Жалпы сипаттама. Мұғалім, жаттықтырушы тұлғасына қойылатын негізгі талаптар	1	4
5-6	Педагогикалық іс-әрекеттің негізгі түрлері мен құрылымы	Дене мәдениеті және спорттағы педагогикалық іс-әрекеттің мәні. Педагогикалық іс-әрекеттің негізгі түрлері мен құрылымы	2	5 - 6
7	Педагогикалық техниканың құрамдас бөліктері	Жаңадан бастаған мұғалім жұмысындағы негізгі қателіктер. «Педагогикалық техника» түсінігі. Мұғалімнің сыртқы келбеті.	1	7
8	Педагогикалық икемділіктің сипаттамасы	Икемділік туралы түсінік. Эмоциялық икемділік. Интеллектуалдық икемділік. Мінез-құлық икемділігі	1	8
9	Коммуникативті құзыреттілік құрылымы	Коммуникация туралы түсінік. Дене мәдениеті және спорт мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің құрылымы	1	9
10	Педагогикалық шеберліктің құрамдас бөліктері	«Педагогикалық шеберлік» ұғымының анықтамасы. Педагогикалық шеберлік негіздері (ПШ): білім, педагогикалық тәжірибе, мұғалім тұлғасы	1	1 0

19 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
11	Бәсекеге қабілетті тұлғаның ерекшеліктері	Өзін-өзі жетілдіру туралы түсінік. Өзін-өзі жетілдіру мақсаттары	1	11
12	Педагогикалық этиканың мәні	Педагогикалық этиканың міндеттері мен негізгі категориялары. Спорттық этика.	1	12
13	Болашақ спорт мұғалімінің кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу мазмұны	Педагогикалық теория мен практикадағы «өзін-өзі тәрбиелеу» ұғымының сипаттамасы.	1	13
14	Кәсіби- педагогикалық мәдениетті қалыптастырудың диагностикалық құралдары	Педагогикалық қабілеттерді диагностикалаудың психологиялық-педагогикалық әдістері.	1	14
15	Акмеологиялық білім беру технологияларының ерекшеліктері.	Акмеологиялық және психологиялық технологиялардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандарын даярлаудағы акмеологиялық білім беру Технологияларының мәні, түрлері және ерекшеліктері	1	15

Кесте 20 – Студенттің оқытушымен өзіндік жұмысы (СОӨЖ)

№	СОӨЖ-ге арналған тақырыптар атауы және тапсырма мазмұны	Өткізілу формасы	Сағат көлемі	Семестр аптасы
1	2	3	4	5
1	Акмеологияның ғылым ретіндегі сипаттамасы	Конспекттер	1	1
2	Өзін-өзі тәрбиелеудің өзін-өзі сендіру, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі есеп беру әдістеріне сипаттама беріңіз.	Сипаттама	1	2
3	Өзіндік акмеологиялық дамуерекшеліктерін талдаңыз	Тұлғаның салыстырмалы сипаттамасы	1	3

20 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
4	Көрнекті, жаңашыл педагогтардың В.А. Сухомлинский, А. С. Макаренко, Ш. А. Амонашвили, В. Ф. Шаталов, С. Л. Соловейчик және т.б.). өмірі мен қызметімен танысыңыз. Кәсіби акмеге (жоғары деңгейге) жету факторларын сипаттаңыз	Презентация дайындау	1	4
5-6	Өзіңіздің кәсіби өміріңізді жобалаңыз. Мансап жолын сызыңыз	Пікірталас, талқылау	2	5-6
7-8	Кәсіби даму дағдарыстары.	Пікірталас, әңгімелесу	2	7-8
9	Әлеуметтік және объективті маңызды кәсіби акме және жеке, субъективті маңызды кәсіби акмеге мысалдар келтіріңіз	Талқылау	1	9
10	Авторитарлық, тұлғаға бағытталған, тұлғаны дамытатын оқыту парадигмасының мәнін диаграмма (сызба) түрінде көрсетіңіз	Кесте құру, талқылау	1	10
11	Кәсіби АКМЕ спорт мұғалімінің мәнін көрсететін анықтамалық сөздікті құрастыру	Сөздік- анықтама	1	11
12	Субъектінің біліктілігін арттыруда акметектониканы қолдану	Талқылау, Сауалнама	1	12
13-14	Маман тұлғасының қалыптасуындағы. Мен-тұжырымдамасы мен өзін-өзі басқарудың рөлі	ауызша сұрау, пікірталас	1	13-14
15	Мамандарды акмеологиялық қамтамасыз етудегі белсенді оқыту әдістерінің рөлі	Тізбекті (схеманы) талдау, талқылау	2	15

Кесте 21 - Студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ)

№	СӨЖ-ге арналған тақырыптары атауы және тапсырмалар мазмұны	Бақылау формасы	Сағат көлемі	Семестр аптасы
1	Модельдік схема: «акмеология» ұғымының анықтамасы	Тізбек (схема) құру	4	1
2	Әртүрлі акмеолог ғалымдардың акмеологиялық көзқарасты түсіндіруін зерттеу және өзіндік операциялық анықтаманы тұжырымдау	Глоссарий	4	2
3	«Спорт мұғалімінің кәсіби педагогикалық іс-әрекетіндегі жаңашыл идеялар». («Мектептегі дене мәдениеті» журналдарының жарияланымдары бойынша)	Шығарылымдарды талдау	4	3
4	«Идеал» спорт мұғалімінің портрет-сипатын жасау;	портрет-сипаттама	4	4
5	Білім берудің акмеология ғылымының негізін салушы ретінде Н.В. Кузьминаның негізгі идеялары.	Идеяны талдау	4	5
6	Эссе: «Мұғалімнің оқыту пәні мен тұлғасы арқылы оқу-тәрбие үдерісі субъектілерінің руханилығын арттырудың жолдары мен тәсілдері.»	Эссе	4	6
7	Спорт мұғалімінің мансап жолы	Эссе	4	7
8	«Акмеологиялық өзіндік сана» және «акме-мотивация» ұғымдарына анықтама беріңіз.	Глоссарий	4	8
9	Акмикалық тұлғаның қасиеттеріне сипаттама жаз	Тізбекті сипаттау	4	9
10	«Кәсіби шеберлік» және «кәсібилік» ұғымдарының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетіңіз.	Салыстырмалы кесте	4	10
11	Тұлғаның кәсіби дамуының акме-бағдарлы процесін сипаттаңыз	Сипаттама кесте	4	11
13-14	Оқу үрдісіндегі акмеологиялық әдістер	Презентация дайындау	4	13-14
15	Педагогика шеберінің акмеологиялық портреті	Портрет сипаттама	4	15

Аталмыш элективті курс бойынша дәрістер ұйымдастырылды (қосымша И).

Біз студенттің акмеологиялық әлеуетін дамытуға бағытталған және оқытудың белсенді түрлерін (іскерлік ойындар, конференциялар, проблемалық топтардың жұмысын ұйымдастыру, коучинг технологияларының элементтерін пайдалану, студенттің кәсіби жетістіктерінің портфолиосы және т. б.) қамтитын "Кәсіби жетістік акмеологиясы" семинар-практикумын әзірледік, түпкілікті мақсатта ол өзін өзі жүзеге асыру барысында студенттің белсенділігін арттыруға бағытталған, (кесте 22).

Кесте 22 - «Кәсіби жетістік акмеологиясы» семинар-практикумның тақырыптықжоспары

Тақырып атаулары	Нысаны, ресурстар
Маманның кәсібилігі мен құзыреттілігі	Тренингтер
Адам денсаулығы - жетістіктің дамуының құндылығы және шарты ретінде	Мәселелік оқыту
Рефлексивті мәдениет	Кейс - технологиялар
Рефлексивті технологиялар ерекшеліктері	Жаттығулар
Цифрлық оқыту жағдайындағы кәсібилілік	Интерактивті онлайн тақтайлар, ментальды карталар, интерактивті жаттығулар

Педагогикалық іс - әрекеттің құндылығы мен өзекті мәндері. Бұл әдістеменің жүргізілуі болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының жалпы педагогикалық іс - әрекет құндылығын түсіну үшін бағытталған.

Рефлексиялық жаттығу - теориялық бөлімде талданған рефлексиялық ұғымның психологиялық мәні мен мазмұны қарастырылған. Оның педагогикалық үдерістегі рөлі, тетіктері, әдістері мен көрсеткіштері көрсетіледі. Рефлексиялық жаттығу мақсаты: болашақ мамандардың рефлексиялық мүмкіндіктерін дамыту. Ол негізгі міндеттемелерді орындау арқылы іске асады: педагогикалық мамандықты таңдаудың негізгі мотивтерін анықтау, өз кәсібінен күтілетін нәтижелерді сезіну мен рефлексиялық қатынасын анықтау; өз кәсіби бейнесін көру рефлексиясы, нақты педагог пікірі тұрғысынан оқыту міндеттері мен оқушы мен мұғалімнің негізгі рөлін анықтау; күрделі кәсіби жағдаяттарды, ата ана, оқушы, мұғалім, басшылық қарым – қатынасының рефлексиясы. Бұл міндеттемелер негізгі инновациялық әдістер, формалар мен тәсілдер арқылы шешіледі.

Өзін - өзі басқару және тайм менеджмент. Екі деңгейден тұрады, бірі өзіндік басқару, ол кезде әр білім алушы өз ішкі күштерін тиімді басқару арқылы, өз әлеуетін бағалап, өзіндік іс - әрекетін басқарады. Екіншісі, өз уақытын тиімді пайдалану әдістерін игеру.

Тренинг. Тренинг-интерактивті оқытудың бір түрі, оның мақсаты қарым-қатынаста тұлғааралық және кәсіби мінез-құлықтың құзыреттілігін дамыту

болып табылады. Тренингтің артықшылығы - ол барлық қатысушыларды оқу процесіне белсенді тартуды қамтамасыз етеді.

Мотивациялық тренинг - мотивацияны басқару, мотивация түрлерін, өзіндік мотивация түрлерін, мотивация тәсілдерін қолданады.

Акмеологиялық әлеуетті көтеру тренингі - бұл тренинг ойын әдістері арқылы ұйымдастырылады, іскерлік ойындар, педагогтың кәсіби іс - әрекеті үшін қажетті қарым - қатынастар моделін құру, өмірлік жағдаяттарды ойын мазмұнына ендіру. Ойын әдістерін жобалау, нақты жағдаяттарды талдау, дидактикалық ойындар, негізгі дамыту міндеттерін шешіп, көптеген мәселе шешімдерін өзіндік тараптан іздестіруге мүмкіндік беретін ойындар.

Өзіндік дамуға бағытталған психологиялық сұрақтар жиынтығы: Мен өзімді қалай өзгертуім керек? Өзіндік қамқорлық деген не? Өз мақсаттарыма қол жеткізу үшін, кәсіби әлеуетімді қалай дамыта аламын? Менің мамандығым өзгелерге қамқорлық болатын болса, өзіме деген қамқорлық қалай ұйымдастырылуы керек? Бұл сұрақтар пікірталас, рефлексиялық әдістер, тәжірибе алмасу арқылы іске асады.

Жеке акмеологиялық, даму жолын құру. Бұл әдістеме мақсаты негізгі акмеологиялық жолды жоспарлаумен сипатталады. Қатысушыларға өз кәсіби іс-әрекетінің құндылығы мен мәнін түсіну үшін арналған келесі сұрақтарды талдау ұсынылады: Менің кәсіби іс-әрекетім мәні неде? Бүгінгі кәсіби жетістіктерімнің көрсеткіштері қандай? Жылдар өте өз кәсіби өсу алғышарттары қандай? Менің өмірімдегі басты әрекеттер қандай? Кәсіби даму деңгейлері қандай? Кәсіби мақсаттарым қандай? Менің кәсіби мақсаттарым жеке өмірлік мақсаттарыммен қай деңгейде ұштасады? Менің жоспарларыма қандай сыртқы және ішкі әсерлер бар? Акме деңгейдің қай деңгейіне мен ұмтыламын? Кәсіби даму үшін қандай іс шаралар ұйымдастырамын? Бұл сұрақтар топ негізінде талқыланады. Өз кәсіби дамуының негізгі бағыты қандай екенін жалпы анықтайды. Кәсіби даму жоспары құрылады: оның барысында кәсіби мақсаттар, кәсіби даму мәні, оны іске асырудың тәжірибелік әрекеттері, уақыт аралығы мен жалпы нәтижесі көрсетіледі.

Бейнефильмдерді қарау және талқылау. Тиісті мазмұндағы бейне фильмдерді қосымша материал ретінде ғана емес, оның тақырыбы мен мақсатына сәйкес сабақтар мен тренингтердің кез-келген кезеңінде қолдануға болады. Фильмді көрсету алдында білім алушылардың алдына бірнеше (3-5) негізгі сұрақтар қою қажет. Бұл кейінгі талқылауға негіз болады. Сіз фильмді алдын-ала таңдалған кадрларға тоқтатып, пікірталас өткізе аласыз. Соңында оқушылармен бірлесіп қорытынды шығарып, алынған қорытындыларды айту қажет. Сабақтарда және өздік жұмыстарды орындау кезінде біз цифрлық ресурстарды пайдаландық:

Google Jamboard - компания ішінде брейнсторма, кездесулер немесе конференциялар өткізуге арналған көпфункционалды интерактив. Jamboard бизнес-идеяларды, жазбалар мен шешімдерді жедел тіркеуге мүмкіндік береді. Қызмет ұқсас атаумен интерактивті тақтада жұмыс істеу үшін арнайы жасалған, бірақ сонымен қатар қарапайым компьютерлер мен смартфондарда жұмыс істейді.

Jamboard мейлінше түсінікті жұмыс платформасының бірі болып табылады. Оны біз офлайн және онлайн сабақтарда кең түрде пайдалана аламыз. Ол қарапайым жұмыс тақтасы, қалам, өшіргіш, түрлі әсерлерді көрсетуге арналған стикерлерден, лазерлік нұсқаулықтан тұрады және түрлі бейнелер мен суреттерді көрсетуге болатын қызметі бар.

Бұл тақта бір бетті ғана емес, жұмыс барысында бірнеше бетті қолдану мүмкіндігіне ие, егер білім алушылар әр түрлі тапсырма орындау қажеттігі болса, немесе әр түрлі салыстырмалы талдау жасау керектігі болса оның мүмкіндігі зор. Бұл тақтаны сабақ барысында қолдану кезінде орындалған тапсырмалар жиынтығын сақтау және кейіннен пайдалану мүмкіндігі бар, жаңа стикерлер құру мен олардың орнын үнемі өзгерту, түрлі ойын түрлерін ұйымдастыруға қолайлы болады. Сонымен қатар тақтаға сырттан бейнелер мен суреттерді жүктеу, олардың орнын қозғау, мәтіндермен жұмыс мүмкіндіктері де бар, сонымен қатар Google Jamboard тақтасында студенттердің орындалған жұмысын көрсеттік (Қосымша К).

Google Jambord негізгі ерекшеліктері:

- жұптық және топтық жұмысқа ыңғайлы, ол сол сәттегі өзгерістерді бақылауға және кейінге сақтауға мүмкіндік береді;
- түрлі жасалған жобаларды бөлісуге ыңғайлы форматтарда сақтай алу (PDF, PNG);
- маркер көмегімен графикалық дизайн құру, оған керекті түрлі бейнелік фондарды қалыптастыру мүмкіндігі.

Білім алушыларға jamboard тақтасын құру және 2020-2025 жылдарға арналған ҚР Білім мен Ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын зерделей отырып, талқылау үшін сұрақтар әзірлеу тапсырмасы берілді.

Біз «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 3 курс студенттерінің өзіндік жұмыстарының нәтижелерін ұсындық (қосымша К).

Келесі құрал «Mindmeister». Ментальды карта (mind map) - бұл ағаш тәрізді схема: орталықта негізгі тақырып (идея, мәселе), ал оның айналасында құрамдас бөліктер (тапсырмалар, ресурстар) орналасқан. Нысандардың өзін де, олардың арасындағы байланыстарды да суреттейді. Синонимдер: интеллект-карта, байланыстар диаграммасы, ойлар картасы. Mindmap ақпаратты құрылымдауға, ойлау және идеяларды тудыру процесін визуализациялауға көмектеседі. Маркетингте сату шұңқырын жасау, электрондық пошта тізбегінің логикасын салу, дерекқорды сегменттеу туралы ойлану немесе жай ғана істер тізімін жасау пайдалы болуы мүмкін. (қосымша Л, М)

Сұлбаны қолмен қағазға және кәдімгі графикалық редакторларда салуға болады, бірақ арнайы құралдарда жұмыс істеу ыңғайлырақ. Оны екі категорияға бөлуге болады:

- Қатаң және қысқа дизайнмен. Оларда жұмыс істеу сурет салудан гөрі сызуға ұқсайды.
- Сызықтардың, блоктардың түрін өзгерте алуға және кейбіреулерінде суретті енгізе алуға мүмкіндік бар (қосымша Н).

Практикум барысында біз үйренген келесі цифрлық ресурс - *Learning apps*. Learning Apps интерактивті тапсырмалар құрастырушы интерактивті модульдер

(жаттығулар) көмегімен оқу процесін қолдауға арналған. Бұл ретте мұғалім де, оқушы да дайын шаблондар негізінде интерактивті модульдер құра алады. (қосымша H,O)

Learning Apps қызметі Web 2.0 қолданбасы болып табылады және Майнц университетімен және Циттау/Гөрлиц университетімен (Германия) бірлесіп РН Верн педагогикалық колледжінің білім беру информатикасы бойынша ғылыми жобасы ретінде әзірленуде. Бұл қызметтің арқасында жасалуы мүмкін интерактивті тапсырмалардың негізгі идеясы студенттердің белгілі бір оқу пәніне танымдық қызығушылығын қалыптастыруға ықпал ететін ойын түрінде алған білімдерін тексеріп, бекіте алады. Learningapps.org - әртүрлі пәндер бойынша интерактивті оқу құралдарын жасау қызметі және Learning Apps платформасындағы «Жаңашылдық» тақырыбындағы тапсырманың орындалуын ұсындық. (Қосымша Ө)

Келесі цифрлық құрал Miro - бұл кәдімгі тақтаға ұқсас онлайн командалық жұмыс платформасы, тек қазір ол шексіз және браузерде немесе мобильді қосымшада тікелей қолжетімді.

Miro-да бірлесіп мәтінді, дауыстық немесе бейне чатты, сондай-ақ мазмұнды бөлісуді қолдана отырып жұмыс істеуге және нақты уақытта тақтаны көруге мүмкіндік бар.

Онлайн тақтаны пайдалану үшін арнайы білім қажет емес. Көптеген құралдар мен үлгілер әдемі және түсінікті визуализация алуға көмектеседі. (қосымша П)

Miro ерекшеліктері:

- Көптеген медиа-файлдарды қолдану мүмкіндігі - YouTube және Vimeo сурет, видеолары, Google Drive-тан PDF-файлдар және құжаттар.

- Маңызды бөлшектерді түрлі-түсті маркерлер мен стикерлермен, сондай-ақ геометриялық фигуралар мен байланыстармен белгілеп өту.

- Түсініктемелерді қосу арқылы нақты уақыттағы тақтаны талқылау.

- Кез-келген жобаны командамен бірлесіп отырып жасау (100 қатысушыға дейін).

- Нақты уақытта бірлескен өңдеу.

- Мәтіндік чат, дауыстық және бейне чат.

- Экранды көрсету (қосымша Р).

Осылайша, біз бұл бөлімде болашақ мамандардың акмеологиялық әлеуетін дамыту үшін біз әзірлеген әдістеме мен оның жүзеге асырылуын көрсетуге тырыстық.

3.3 Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту әдістемесінің тиімділігін эксперименттік негіздеу

Бұл бөлімде біз болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту бойынша диагностикалық бөлімдердің нәтижелеріне талдау жүргіздік. Зерттеу әдістемелері арқылы АӨМУ және ҚазСТА респонденттерінің экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі берген нәтижелері IBM SPSS Statistics (25-нұсқа) бағдарламасымен өңделді. Мәліметтер жиынтығы таралушылығының қалыптығын Колмогоров-Смирнов критерийі арқылы тексерілді (кесте 23).

Кесте 23 - АӨМУ эксперименттік тобының экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі мәліметтер жиынтығының таралушылығын тексеру нәтижесі

Зерттеу әдістемесі	Колмогоров-Смирнов критерийі					
	Экспериментке дейін			Эксперименттен кейін		
	статистика	еркін деңгей	P	статистика	еркін деңгей	P
«Жауапкершіліктің экспресс диагностикасы» тест әдістемесі	0,101	50	>0,05	0,122	50	>0,05
«Шуберт бойынша тәуекелге дайындық» тесті	0,000	50	<0,05	0,000	50	<0,05
В.А.Лосенковтың импульсивтілік деңгейін зерттеуге арналған сауалнама	0,076	50	>0,05	0,200	50	>0,05
Мақсатқа жету қажеттілігін анықтау шкаласы (Ю.М.Орлов)	0,000	50	<0,05	0,000	50	<0,05
Студенттердің зерттеу қызметіне теориялық-әдіснамалық дайындығын өзіндік бағалау әдістемесі	0,116	50	>0,05	0,094	50	>0,05

Өңдеу нәтижесі бойынша «Мақсатқа жету қажеттілігін анықтау шкаласы» (Ю.М. Орлов) және «Шуберт бойынша тәуекелге дайындық» тесттері қалыпты емес таралушылық қасиеттеріне ие, ал «Жауапкершіліктің экспресс диагностикасы» тест әдістемесі, В.А. Лосенковтың импульсивтілік деңгейін зерттеуге арналған сауалнамасы және Студенттердің зерттеу қызметіне теориялық-әдіснамалық дайындығын өзіндік бағалау әдістемесі қалыпты таралушылық қасиеттеріне ие екендігі анықталды (қосымша К). Э.Шейн, В.А.Чикердің, В.Э. Винокуровтың аудармасы және бейімделуі «Мансап зәкірлер» әдістемесі жазбаша түрде берілді.

Кесте 24 - ҚазСТА эксперименттік тобының экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі мәліметтер жиынтығының таралушылығын тексеру нәтижесі

Зерттеу әдістемесі	Колмогоров-Смирнов критерийі					
	Экспериментке дейін			Эксперименттен кейін		
	статистика	еркін деңгей	P	статистика	еркін деңгей	P
«Жауапкершіліктің экспресс диагностикасы» тест әдістемесі	0,079	70	>0,05	0,200	70	>0,05
«Шуберт бойынша тәуекелге дайындық» тесті	0,000	70	<0,05	0,000	70	<0,05
В.А.Лосенковтың импульсивтілік деңгейін зерттеуге арналған сауалнама	0,200	70	>0,05	0,055	70	>0,05
«Мақсатқа жету»қажеттілігін анықтау шкаласы (Ю.М.Орлов)	0,040	70	<0,05	0,011	70	<0,05
Студенттердің зерттеу қызметіне теориялық-әдіснамалық дайындығын өзіндік бағалау әдістемесі	0,082	70	>0,05	0,082	70	>0,05

Эксперименттің тиімділігін тексеру мақсатында қалыпты таралушылығы бар әдістемелердің мәліметтер жиынтығына жұп таңдамаларға арналған Стьюденттің t-критерийі, ал қалыпты емес әдістемелердің мәліметтер жиынтығына Уилкоксонның t-критерийі қолданылды. Құрастырылған болжам:

$$H_0 = \bar{X}_1 = \bar{X}_2 \quad (1)$$

$$H_1 = \bar{X}_1 \neq \bar{X}_2 \quad (2)$$

Статистикалық өңдеуді өткізуге IBM SPSS Statistics 16 бағдарламасы қолданылды. Деректер базасы және диаграммалар Microsoft Excel бағдарламасында құрастырылып, өңделді.

Егер $p < 0,05$ болса H_0 бас тартамыз, ал $P > 0,05$ болса H_0 қабылданады.

Болашақ дене мәдениеті мамандарының акмеологиялық әлеуетінің құрамдас бөліктері ретінде жауапкершілік сияқты сапаны бөліп көрсеттік. Бұл

сапаның көріну деңгейін анықтау үшін біз «Жауапкершіліктің экспресс диагностикасы» тесті әдістемесін (ЭДО, В.П. Прядин, 1998) қолдандық.

Бақылау экспериментінде тек эксперименттік топ талдамалары берілген, «5В010800 - Дене мәдениеті және спорт» мамандығының 3 курс студенттері бойынша ақпараттар. Қазақ спорт және туризм академиясының (Алматы қ.), жалпы саны – 70 студенті және Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің, жалпы саны 50 студенті.


Көптеген зерттеушілер жауапкершіліктің басқа жоспарының жиынтығы ретінде емес, әртүрлі құрамдас бөліктер мен көріністердің жиынтығы ретінде емес, тұтас формация, принципті жаңа сапа ретінде көрсетеді. Бұл позициядан біз, әрине, оның даму деңгейін анықтауға тырыстық (кесте 25).

Кесте 25 - Экспериментке дейін және кейінгі АӨМУ респонденттерінің жауапкершілік деңгейі көрсеткіші


Ұпай саны және деңгейі	Дейін	Кейін
64-85 ұпай аралығы – жауапкершілік бар	2	9
37-63 ұпай аралығы – жағдайға байланысты жауапкершілік	26	30
12-36 ұпай аралығы – жауапкершіліксіздікке жақын	22	11

Біз Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің респонденттерінің көрсеткіштерін диаграмма түрінде сипаттадық (сурет 30).

Экспериментке дейінгі



Эксперименттен кейінгі



Сурет 30 - Экспериментке дейін және кейінгі АӨМУ респонденттерінің жауапкершілік деңгей көрініс

Талдау нәтижесі бойынша қорытындыға интерпретация жасай аламыз:

- $P \leq 0,05$ болғандықтан, респонденттердің экспериментке дейінгі және кейінгі жауапкершілік деңгейінде анықталған айырмашылық статистикалық мәнді;

- t-критерийдің мәні теріс (-3,651) болуы эксперименттен кейінгі жауапкершілік деңгейінің жоғарылауының статистикалық мәнді екендігін білдіреді, яғни енгізілген элективті курс өз тиімділігін көрсетті (кесте 26).

Кесте 26 - Стьюденттің t-критерийі бойынша АӨМУ эксперименттік тобының экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі зерттеу әдістемелерінен алынған қорытындыларының айырмашылығы

Зерттеу әдістемесі	Эксперименттік топ						t	P
	Экспериментке дейін			Эксперименттен кейін				
	\bar{X}_1	SD ₁	SE ₁	\bar{X}_2	SD ₂	SE ₂		
«Жауапкершіліктің экспресс диагностикасы» тест әдістемесі	38,24	15,830	2,239	46,14	17,59	2,413	-3,651	<0,05


АӨМУ-мен қатар біз ҚазСТА (Алматы) студенттері арасында зерттеу жүргіздік, студенттердің жалпы саны – 70 (кесте 27).

Кесте 27 - Экспериментке дейін ҚазСТА респонденттерінің жауапкершілік деңгейі көрсеткіші


Ұпай саны және деңгейі	Дейін	Кейін
64- 85 ұпай аралығы – жауапкершілігі бар	6	11
37-63 ұпай аралығы – жағдайға байланысты жауапкершілік болады	28	39
12- 36 ұпай аралығы – жауапкершіліксіздікке жақын	36	20

Біз Қазақ спорт және туризм академиясы респонденттерінің жауапкершілік деңгейі көрсеткіштерін диаграмма түрінде көрсетуге тырыстық (сурет 31).

Эксперименттен кейінгі



Экспериментке дейінгі



Сурет 31 - Экспериментке дейін және кейінгі ҚазСТА респонденттерінің жауапкершілік деңгей көрінісі

Талдау нәтижесі бойынша: - $P \leq 0,05$ болғандықтан, респонденттердің экспериментке дейінгі және кейінгі жауапкершілік деңгейінде анықталған айырмашылық статистикалық мәнді;

- t-критерийдің мәні теріс (-3,864) болуы эксперименттен кейінгі жауапкершілік деңгейінің жоғарылауының статистикалық мәнді екендігін білдіреді, яғни енгізілген әдістемеміз өз тиімділігін көрсетті (кесте 28).

Кесте 28 - Стьюденттің t-критерийі бойынша ҚазСТА эксперименттік тобының экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі зерттеу әдістемелерінен алынған қорытындыларының айырмашылығы

Зерттеу әдістемесі	Эксперименттік топ						t	P
	Экспериментке дейін			Эксперименттен кейін				
	\bar{X}_1	SD ₁	SE ₁	\bar{X}_2	SD ₂	SE ₂		
«Жауапкершіліктің экспресс диагностикасы» тест әдістемесі	38,31	17,234	2,060	44,90	15,751	1,883	-3,864	<0,05

Сонымен, жауапкершілік болашақ маманның негізгі қажетті кәсіби сапасы деп айта аламыз. Басқа адамдарға және сыртқы жағдайларға тәуелді болмай, өзіне жауапкершілікті ала білу кәсіби сенімділіктің көрсеткіші болып табылады.

Біз пайдаланған келесі сауалнама – *Шуберттің тәуекелге дайындығын диагностикалау әдісі*. Респонденттер сұралатын әрекеттерді орындауға дайындығын бағалауы керек. Барлығы 25 сұрақ. Оң жауаптар тәуекелге жақындығын көрсетеді. Сынақ мәндері: -50 ден +50 ұпайға дейін.


Нәтиже. –30 ұпайдан төмен: өте мұқият; - 10 мен + 10 ұпай арасы: орта мән; +20 ұпайдан жоғары: тәуекел етуге бейім.

Тәуекелге баруға жоғары дайындық сәтсіздіктен (қорғау) аулақ болу үшін төмен мотивациямен бірге жүреді. Тәуекелге баруға дайын болу қателер санына тікелей пропорционалды сенімді түрде байланысты (кесте 29).

Кесте 29 - К.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің зерттеуге дейінгі және кейінгі респонденттер жауабы, Шуберт бойынша тәуекелге дайындық тесті

Ұпайы	Дейін	Кейін
- 30 баллдан төмен, өте мұқият	24	33
- 10 мен + 10 арасы, орта мән	24	15
20 дан жоғары, тәуекел етуге бейім	2	2

Біз Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің респонденттерінің тәуекелге дайындығы бойынша көрсеткіштері диаграмма түрінде берілді (сурет 32).



Сурет 32 - АӨМУ респонденттерінің тәуекелге дайындық деңгейінің көрінісі (экспериментке дейін және кейін)

Айнымалылардың арасындағы айырмашылықтарға p көрсеткішінің мәніне қарай қорытынды жасалынады:

